

Мәкен УАҚТЕГІ

*Хантауы - қазақ
анқыттының десіні*



КЕРЕЙ • ЖӘНІБЕК

Мәкен ҰАҚТЕГІ

**ХАНТАУЫ - ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫНЫҢ БЕСІГІ**

Ψ
Алматы
2015
Жиан

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз 7-44

У 21

У 21 Уақтегі М

Хантауы - қазақ хандығының бесігі. Алматы: “Үш
Қиян”, 2015. - 128 б

ISBN 978-601-7194-29-1

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз 7-44

ISBN 978-601-7194-29-1

© Уақтегі М., 2015

*Осы еңбегімді әкем Уақов Жұмәділ Отарбайұлы
және аналарым Жамал мен Рәзипаның, нағашы
апам Қайшаның рухтарына арнаймын.*

**Ұрпағымызға аманат!
[Әлқисса орнына]**

Мен екінші жаһандық соғыс аяқталған соң көп үзамай 1948 жылы 16 қарашада Шу ауданы, Бәйдібек (бұрынғы Киров кеңшары) ауылында дүние есігін ашыптын. Сол ауылда сегіз жылдық мектепті тәмамдап, Шу ауданының орталығы Төле би ауылында 1966 жылы қазак орта мектебін бітіргенмін.

Бүгінде алпыстың "асуынан" асып, жетпістін "желкесіне" жақындаған шақта жүріп өткен өмір сокпактарымды сараптай, бағымдаумен боламын. А나мыз Жамал Төлепбекқызы ауыр науқастан тым ерте қайтыс болып үлкені мен үбірлі-шүбірлі 7 ұл-қыз жартылай жетімдіктің зардабын тартып ескендіктен жоғарғы оку орнын ойлауға да шамамыз жетпеді. Нағашы апамыз Қайша мен екінші жаһандық соғыс ардагері болған әкем Жұмәділ Отарбайұлының тәрбиесінде ержеттік. Соңғы кездерде небір тауқыметтерді басынан өткерген халқымызға, яғни тәуелсіз мемлекетімізге нендей пайда тигіздім деген ой мені жатсам да, тұрсам да мазалауда. Осы жағын тарқатып айтсам айыбы болмас...

Қоғамдық жұмыстармен Мойынқұм ауданының Бірлік ауылында жүргізуші жұмысында жүргенде-ақ айналыса бастағанмын. Атап айтсам, 1988 жылдың күзінде

Мойынқұм аудандық КПК-ның хатшысы мен Көктерек кеншары деректірінің арасындағы сыйбайлар жемқорлық әрекетті әшкерелеп, екеуінің де партия қатарынан шығарылып, қызметтерінен шеттетілүдеріне тікелей ықпал еттім.

1989 жылдың кыркүйегінде «Қазақ тілі» қоғамы құрылғанда Көктерек кеншарындағы бастауыш ұйымды басқарып, бірталай іс-шаралар атқаруға мұрындық болдым. Ең негізгісі, Жамбыл облысы қолемінде алғашқы болып 1990 жылдың кыркүйегінде б мынға жуық халқы бар Бірлік ауылында «Ақсақалдар кеңесін» құрдым. Жарты ай өтер-өтпестен 3 қазанда жергілікті ұлт өкілдері мен құрд ағайындардың арасында айтарлықтай жаңжал туындалап, аудан, облыс басшылары және сақадай-сай қаруланған ОМОН жасақшылары мен құқық корғау органдарының өкілдері екі-үш күн бойы тарқата алмаған наразы көпшілікті Ақсақалдар кеңесінің мүшелері: Т. Іңкәрбеков, Т. Сүйкімбеков, С. Қожаназаров пен осы жолдардың авторы (М.У.) іспеттес ауыл ағалары акылмен әрі сабырмен ың-шыңсыз екі халық өкілдерін татуластырып, оларды тарқатуға айтарлықтай енбектенді. Ата-бабаларымыздың осындай ізгі қасиеттерін мойындағы білген облыс басшылары кеңес төрағасы Тараболат Іңкәрбековты марапаттап, өзге аудандарда да «Ақсақалдар кеңесі» ұйымдарын құрғыза бастады.

1994 жыл көктем айында Алматыдағы «Мұрагер» гылыми-мәдени альманағының жауапты хатшысы Бақытжан Жиенғалиев:

- Мәкен, Мойынқұм ауданында «Ақсақалдар кеңесі» құрылып, айтарлықтай шаралар атқарғанынан хабардармыз, осы жайлар іс-тәжірибелерінді толықтай жазып, кешіктірмей тезірек жеткізсөң. Республика колемінде 2-3 ауылдаған «Ақсақалдар» ұйымы құрылған

екен. Жоғарыда республикалық деңгейде осы іспеттес қоғамдық ұйым құрылмақшы, сол үшін атқарылған тәжірибелер ауадай қажет болып тұр деген еді.

Бақытжан ағаның тілегін уақытысында орындан, жазғандарым көп (құзіретті орындардың назарына ілінген де шыгар) кешікпей «Мұрагер» ғылыми-мәдени альманағында 20 мың данамен жарық көрді. 1995 жылы сол кездегі астанамыз Алматыда Халықтар Ассамблеясы отау құрып, шаңырак көтергені ел-жүртқа белгілі. Бұкілхалықтық ұлағатты шарага «теніздін тамшысындай» болса да өз үлесімді қоса алғанымды зор мәртебе санаймын.

«Сын орынды айтылмай, мін түзелмес...» демекші, тұңғыш Президентіміздің кей ағатты істерін анық айттып, жазып жүргеніммен, Нұрсұлтан Әбішұлының 1990 жылдардың басында астананы Ақмолаға көңіру жөніндегі бастамасын алғашқылардың бірі болып қолданым да жалған емес. Геосаяси маңызы ете зор шарага әубаста ару қала Алматыдағы жылы орынданған айрылғысы келмеген шенеуніктердің де карасы көбейіп, жанын сала қарсыласқандары жетіп артылатын. Осыған орай, 1994 жылы 30 тамызда «Жас Аланта» «Сарыуайымшыл Солженицынның сандырағы жүзеге аспасын десек...» атпен Елбасының бастамасын қолданған мақалам жарық көрген еді.

Тағдырдың маған сыйлаған ерекше тартуы 1986 жылды Желтоқсан көтерілісінің Қанаарманы Қ.Рысқұлбековтың ата-анасымен жақын қызметтес болып, Қайратты жастайынан жете танып-білуім еді. Сонынтан да қыршын боздактың алғашқы корғаушы-устазы Сейткерім Кожаназаровпен 1990 жылдан бастап бірлесе оны жалған жалалардан актап, жастарымызды ұлтжанды - адамгершілікке тәрбиелеу үшін Қ. Рысқұлбеков

атындағы қор құрыш, ауқымды шаралар атқаруға тікелей атсалысуым.

Ең алдымен Бірлік ауылындағы «Киров» атындағы орта мектепке Қайраттың есімін бергізуге күш жұмсадық. Алдына белгітас орнатқызыдық. 1992 жылы 10 қыркүйекте Бірліктің орталығына Алматыдан ескерткіш жасаттырып, әкеліп қойғызыдық. Алматыдағы Обручев, Бірлік ауылындағы Гагарин көшелері К. Рысқұлбековтың есімімен аталуына ықпал еттік. Ақындар айтысы мен спорттық жарыстар, т.б. иғі шараларға да атсалыса алдық.

Айрықша атап өтерлік жайт, 1988 жылы 21 мамырда күпия жағдайда қайтыс болғандықтан, әуре-сарсанға түсін 1993 жылдың шілдесінің соңында ұлтжанды азаматтармен Семей түрмесіндегі №21 камерага кіріп, мәйітін танға жуық көрген дәрігер-сарапшы Болат Шалағановпен лікірлесе келе Қайраттың өміріне қастандық жасалғанын анықтадым. Нәтижесінде 1996 жылы 9 желтоқсанда К. Рысқұлбековке "Халық қаһарманы" атағы берілді. Сондай-ак, ең ұлтжанды да онегелі қасиеттерімен ерекшеленген Омбыдағы қазақтың "Мөлдір" мәдени орталығының төрайымы Алтынай Жұнісоваға, т.б. "Қайрат" атында сыйлық тапсырдық. Осы иғі шаралар туралы баспасөз беттерінде кеңінен жарияланып, кейінгі кезеңдерде Қайрат және Желтоқсан көтерілісін зерттеумен айналысып «Ер намысы-Ел намысы», «Қайрат және Желтоқсан көтерілісі», «Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік» кітаптарын жарыққа шығардым. Сонымен бірге 2000 жылдан 15 жыл тұрақты түрде Шу қалалық Таэквондо «WTF» федерациясының президенті Марат Тілеуқұловпен бірлесін шығыс жекпе-жегінен жастар мен жасөспірімдер арасында "Халық қаһарманы" Қайрат Рысқұлбеков атында республикалық турнирдің ойдағыдай өткізілуіне белсене атсалысып, келемін. Және

де жазықсыз жапа шеккен жандарға да шама-шарқымша көмектесіп келемін.

Сонымен бірге жастарымызға өздерінің туып-өсken ата-мекенінің тарихын жете білсін деген ниетпен кисіп Шу ауданының тарихын зерттеумен айналысыма тұра келді. Яғни, 2007 жылдың қантарында ауданың сол кездегі әкімі Б. Қарашолақовтың ерекше қызығушылықты тапсырmasымен Алматы қаласындағы мемлекеттік мұрагаттардан деректі құжаттар әкелуге аттанғанмын. Автакөлігіммен аязды көк-мұз-тайғаққа қарамастан кластас досым Төрекұл Әлханұлымен алтап жүріп, олжалы оралдық. Ақиқатты құжаттар болғанымен 1-2 жылдай зиялыш қауым өкілдерінің жан-жақты талқысынан өткізілді. Сөйтіп, 2010 жылы Шу ауданының құрылғанына 80 жыл мен Шудың қала мәртебесін иеленгенінің 50 жылдық мерейтойлары ойдагыдай өткізіліп, ауданымыздың бет-бейнесі жанарып, халқымыздың рухы айтарлықтай көтеріліп қалды. Бұл ретте сол қарсаңдағы аудан әкімі Қ. Жабагнеевтың еңбегінің елеулі екенін ескерген жөн шыгар. Ата-баба рухтарының ерекше шапағаты дең ойлаймын. 1980 жылдары Мойынқұм ауданы, Көктерек кеңшарында автокөлік жүргізуіші болып жүргенімде Хантау жайлауына жиілеп қатынағанымның өзіндік ықпалының болғаны айдан анық. Өйткені, сол Хантаудың баурайында «Хан қорасы», «Үлкен хантағы», «Кіші хантағы», «Керей қыстауы» деген қасиетті жерлердің бар екендігі мені бейжай қалдырмайтын.

Сондықтан көптен бері Керей-Жәнібек хандарға қасиетті Шу өңірінде ескерткіш орнатып, Шу өзені, Шу ауданы, Шу қаласы қатар-қатар аталатындықтан ауданды немесе қаланы алғашқы Қазақ ханының атымен атауды әр қылыш баспаса з құралдарынан жарияладап жүргенмін.

Сәтін салғаны сол емес пе, Жараткан иенің шарапаты шығар, Президентіміздің пәрменімен биылғы қой 2015 жыл Қазақ хандығының туы көтерілген, яғни Ұлттық мемлекеттігіміздің іргетасының қаланғандығының 550 жылдық мерейтойы кен көлемде атальш өтілетін болды. Оның жарқын айғағы ретінде ұлылығы зор осы ұлағатты іс-шаралардың аясында наурыз-сәуір айларында киелі Шу өнірінде облыстық деңгейде оқушылар арасында ақындар айттысы үйімдастырылып, термешілер мен күйшілер бәсекесі өнерінің байқауы өткізілді.

Аса қуанарлық жайт, сол кездегі аудан әкімі Б.Нұркеновтың бастамасымен 21 мамырда аудан орталығындағы «Нұр Отан» гимаратының алдындағы алаңкайларға Керей-Жәнібек хандар мен Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың ескерткіштері және карсы алдына Тәуелсіздік монументі орнатылатыны туралы салтанатты жиын өтіп, қазық [капсула тасталып] қалғылды. Осы жайлы жақында тағайындалған Шу ауданының әкімі Р. Дәүлеттің кабылдауында белгілі мүсінші Алтыбай Ормановпен болып, жастарымызды үлтжанды, отансүйгіштікке тәрбиелеуге ауадай қажет иті шараның аяқсыз қалмауын өтіндік.

Сондай-ақ, келешек үрпақты ата-жүртyn жан аямай корғауға баулу ниетімен Балуан Шолақ бабамыздың кей беймәлім кырларымен көпшіліктің танысусы үшін «Жас Алаш», «Ақ жол», «Ар-Ай», «Шу өнірі», т.б. да баспасөз беттерінде макалалар жарияладап, біршама еңбектендім дең айта аламын.

Мен мұның барлығын атымды шығару үшін макстанышпен жазып отырган жоқпын. Немесе өз-өзімді корсетіп жоғарыдан атак-дәреже дәмету ниетім де жоқ. Құдайға шүкір, алпыс жастың асуынан әлдекашан асып кеткен шакта өткенге салауат деп, көз жүгірткенімде

небәрі орта (11 кластик) біліммен ғана халық итілігі жолында өскелен ұрпағымызды елжандылық рухта тәрбиелеуде біршама істер атқарғаныма тәубе етемін.

Қосымша айтпағым, жоғарыдағы істелген шаралар, әртүрлі қыншылықтармен жоғары білім ала алмаган кейінгі буын өкілдеріне оң ықпал етіп, еңселері түсіп, ішімдік пен есірткіден бойларын аулақ ұстаң, ата-салт дәстүрімізге жат діндердің жетегінде кетпей, қоғамдық істермен айналысып, тәуелсіз еліміздің белсенді де ұлтжанды азаматтары болып қалыптасуладына әсер етсе екен.

22. 06. 2015 ж.



I. КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК ХАНДАР

Астанадан орын табылмаса Шуға орнатайық...

Халқымыздың төбе би атанған Төле би бабамыздың кіндік қаны тамған мекені, тоғыз жолдың торабы - Шу ауданының қай кезде құрылғаны туралы әртүрлі пікір айтылып, нақты мерзімі осы уақытқа дейін анықталмай келген тұғын...

Осы себептен аудан әкімі Б.Қарашибаевтың тапсырмасымен 2007 жылдың 16 қаңтарында кластас досым Төрекұл Әлханұлымен Алматы қаласындағы "Мемлекеттік мұрағатта болыш, дәлелді деректерге кол жеткізген едім. Мемлекеттік мұрағаттың №10-07-03 анықтамасында: «Бүкіл Ресейлік Орталық Атқару комитетінің 1930 жылдың 23 шілдесінде шыққан қаулысы негізінде округтер таратылып, оның орнына аудандық әкімшілік басқару ұйымдастырылады. Осы қаулымен жаңа құрылған 121 аудан қатарында Шу ауданы құрылады. Орталығы Шу селосы» деп тайға таңба басқандай етіп көрсетілген.

Осыған қарамастан кейбір бұрмалаушылардың салдарынан, біршама уақыт қызу пікірталас туындағанын несіне жасырайын. Алайда, Шу ауданының Құрметті азаматы Әбжапар Жакыбаев аксақал, карымды қаламгер Сәрсебай Қалиев, М.Дулати атындағы орта мектептің директоры Тұнғышбек Байқұлов сынды азаматтардың белсene араласуымен, сондай-ақ елімізге танымал қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы Мәмбет

Койгелдиевтің тұжырымды қорытындысымен тарихи деректің бүрмаланбай нактылауына қол жеткіздік.

Сен қозғалған соң, бірнеше мәрте басқосу жылдары өткізіліп, 2010 жылы Шу ауданының құрылғанына 80 жыл, Шу қаласының қала мәртебесін иеленгеніне 50 жыл толатынына орай, кең көлемде атап өтуге комиссия құрылды. Мемлекет тарарапынан, яғни аудан бюджетінен қаржы дағдарысына қатысты қаражат бөлінбейтіндіктен, демеушілердің комегіне сүйену максатымен кор ашылады. Комиссияның алғашкы отырысында: «Қазак хандығының киелі Шу өніріндегі Қозыбасыда құрылғанының 555 жылдығына орай (1456 ж.) Керей-Жәнібек сұлтандарға ескерткіш орнату керек» деген ұсынысым көпшіліктің қолдауына ие болып, аудан әкімі Б.Қарашолақов мырза бірнеше ескерткіштің авторы Алтыбай Ормановка болашақ ескерткіштің сұлбасын жасатты. Ұлттымыздың ұлылығын паш ететін ауқымды шараға қыруар қаржы керек екендігі мәлім.

Халыққа, қарапайым мұғалімдер мен дәрігерлер, т.б. қызметкерлерге ауырталық салмайтын дархан жанды, қалталы мырзалар бой көрсететін шығар деген үміттемін. Мангол еліндегі 230 тоннадай таза күмістен орнатылған Шыңғыс ханың ескерткішін бір ғана кәсіпкердің оз қаржысына жасатқанын қайберде Ұлттық арнадан айттылды да. Жатжұрттық «жұлдыздарға» миллиондаған қаржысын бей-берекет шашып жүрген қаракөз бауырларымыз елдігіміздің ерекшелігін айшықтайтын қазақтың мемлекет болып қалыптасуының іргесін қалаған Керей, Жәнібек хандарға ескерткіш жасаттыруға атсалысса.

Дейтұрганмен, бүгінде қалың жүртшылықтың назарын аударып қана қоймай, ұлттық намысымызды қоздатып, жүздеген миллион теңге қаржы жүмсағын,

Елордамыз Астанадан орын табылмай, қоқысқа тасталған хандарымыздың ескерткішін ел болып, жұрт болып, кециңен ақылдасып, Шу ауданындағы көрікті жерге орнатсақ, жараспайды ма?!

N43. 26. XI. 2009 ж. «Қазақстан».

***Қазақстан Республикасының Мәдениет және
акпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзага!***

Құрметті министр!

Тарихи деректерге сүйенсек, Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілхайыр билігінен бас тартады да, сонына ерген барлық жұртымен түп көтеріле көшіп, Қозыбасы дейтін байтақ коныс пен Шу өзенінің бойында дербес хандықтың туын көтереді. Содан бері 555 жылдан аса уақыт өтті. Еркіндік пен бостандықты аңсаған Керей мен Жәнібектін жаңа бір ұлыстың дербестігін жариялауы Жамбыл облысының, сондай-ақ Шу ауданының елжұртын әрдайым толғандырып келеді. Еліміз егемендік алғанинан кейін біз бұл тарихи оқиғага азаматтық арқындымызben, патриоттық парасатымызben шын ықылас білдіретінімізді ашық атап айтқанды жөн көрдік.

Соның жарқын бір айғағы, 2010 жылғы алдағы күзде Қазақ хандығының Шу өнірінде құрылғанына 555 жыл толуын атап өтуді жоспарлап отырмыз. Осы мәдени шараның аясында Керей мен Жәнібек хандардың еңселі ескерткішін тұрғызу да көзделген. Бірақ қаржы тапшылығынан ескерткішті пайдалануға беру мерзімі үзарып кете ме деген күдігіміз бар:

Сізге айтарақтілегіміз: Астана қаласындағы Керей мен Жәнібек хандардың жаңадан жасалынған ескерткішінің

киелі Шу топырағында бой көтеруіне, шын пейіліцізben жергілікті жұрттың талап-тілегін ескеруінізді сұранамыз. Керей мен Жәнібек хандарымыздың тарихи тұлғаларын қастерлең, құрметтей отырып, ел мерейін тасыта береміз.

Ізгі ниетпен, Қазақ хандығының құрылғанына 555 жыл толуын атап өту жөніндегі Жамбыл облысы, Шу аудандық қорының мүшелері:

Сәруархан Зәуірбеков, Шу ауданы соғыс және ардагерлер кеңесінің төрағасы. Шу ауданының Құрметті азаматы.

Куаныш Қарғабаев, Шу қалалық соғыс және ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ахметжан Қосақов, Шу аудандық «Шу өнірі» газетінің редакторы.

Мәкен Уақтегі, Қайрат және Желтоқсан көтерілісін зерттеуші.

Умельс Шоқалақов, зейнеткер, енбек ардагері.

Асхат Есеналиев, Шу ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы.

Тұңғышбек Байқұлов, М.Х.Дулати атындағы орта мектеп директоры.

Әлиев Ибрагим, курд ұлттық-мәдени орталығының төрағасы. Шу ауданының Құрметті азаматы.

* * *

Төмендегіше жауп алдық:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат Министрлігі, Мәдениет комитеті.

30. 01. 2010 жыл.

Құрметті ағалар!

Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті Сіздердің Жәнібек пен Керей хандарының ескерткіштеріне қатысты Министрлікке жолдаған хатынызды қарап, төмендегіні хабарлайды. Қойнауы тарихқа толы, Қазақ хандығының туы тігілген киелі Шу өніріне қазақ хандарының ескерткіштерін орнату туралы иғі бастама көтеріп, тарихымызға ерекше құрмет көрсетіп отырғандарынызға алғысымызды білдіреміз.

Алайда, тарихшы, этнограф және өзге де ғалымдарымыз жасаған жан-жақты сараптама корытындысы аталған ескерткіштердің көркемдік деңгейі, киім үлгілері, материалының сапасы сын көтермейтіндей, тәмен дәрежеде орындалғанын көрсетіп берді. Мұнымен коса, ескерткіштердің Астана қаласы әкімдігінің қаржысына салынуына байланысты бұл мәселені шешу әкімдіктің құзыретіне жататынын каперлеріңізге саламыз.

Аталғандарға орай, Сіздер көтеріп отырған мәселенің он шешім табуы екіталай.

Десе де, Жамбыл облысының әкімдігі Керей мен Жәнібек хандарға арналған ескерткіштерді орнататын жер мәселесі мен қаржыландыру көздерін шешіп, тиісті ұсыныс түсірген жағдайда, аталған мәселені Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссияда қарауға дайын екенімізді жеткіземіз.

Төрага орынбасары

I. Қозыбаев.

Алғашқы Қазақ хандарының атымен атасақ...

Тарихи дерек көздеріне үнілсек Батыс Түрік қағандығының бастапкы жері Іле, Шу және Талас өңірлерін қамтыған екен. Яғни Іле мен Шу өзендері аралығын Бес нүшбе елдері мекен етті. Сол мезгілге тән деректер бұл түрік елін «он оқ елі» атады. Батыс Түрік қағандығының саяси орталығы түрлі мезгілде Шу өңіріндегі Суябта, Баласағұнда және Меркіде орналасты. Бұл қалалар өз заманында кайнаған саяси өмірдің күесі болды. 840 жылы Қашқар аймағында өмірге келіп, ізін ала Іле мен Шу өзені аралығын, сонаң соң Талас бойын өзіне қаратып, осы өнірде Ислам дінін қабылдан. түрік мәдениетінің жаңа сапага көтерілуіне жол ашкан Қарахандар мемлекетінің саяси-экономикалық және мәдени орталығы Шу өзенінің орта ағысындағы Баласағұн қаласында орналасқаны белгілі.

Уақыт өте келе Шу өнірінің еліміздің шежіресінде аса зор маңызға ие болуы XV ғасырдың орта түсінде Қазақ хандығының, яғни Ұлттық мемлекеттігіміздің іргетасының қалану кезеңіне тұспа-тұс келеді. Осы туралы таркатып айтсам.

1428 жылы әкесі Барак хан өлтген соң Дешті Қыпшақтағы саяси билік Әбілхайыр ханга көшеді. 1457 жылы жаздың соңында Әбілхайыр хан Сығанак түбінде қалмақтардан жеңілгеннен кейін Керей мен Жәнібек сұлтандар қарамағындағы ұлысымен Моголстанға көшеді. Тарихи азыз бойынша көшуге Қобыланды батыр мен Ақжол би арасындағы дау-жанжал себеп болған деседі. Әбілхайыр хан тарапынан екі сұлтанға қауіп-кäterдің төнуі Орыс хан ұрпақтарын өз ұлыстарымен

бірге көшпелі өзбектер мемлекетінен кетуге мәжбүр етеді. 1457 жылы күз айының сонында көшіл келген екі сұлтан ұлыстары Шудың төменгі бойында қыстап шығып 1458 жылдың ерте көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлайды. (Б.Қойшыбаевтың дерегіне жүгінсек бұл ұлы оқиға 1456 жылы жүзеге асқан).

Шудың төменгі бойын қыстап шыққанын ескерсек, Керей ханның таққа отырған жері Мойынқұм ауданының Хантауы екендігі шүбесіз шындық. Өйткені, сол аймақта «Хан тагы», «Хан қорасы», «Керей» қыстауында жерлердің барлығымен коса, таудың Хантауы аталуының өзі растап тұрган жокпа!? Сондай-ақ, азыз мәліметі бойынша Қазақ хандығын 10 жыл билеген Керей хан Хантауында жерленген болу керек (М.У). Жамбыл облысының жартысына жуық жерін алғып жатқан Мойынқұм ауданы Шу өзенінің төменгі сағасына орналасқандықтан Шу өнірінен бөліп-жарып қарауга болмайды. Сондықтан бұрнағы жылдары Шу ауданы аймағында Керей мен Жәнібек хандарға ескерткіш орнату жайлыш бастама көтерілген-ді. Бұл туралы «Жас Алашта» (2009.12.09, 2010.04.02.) жарық көрді. Халқымыздың мәртебелі ұлылығын дәріптейтін ұлағатты шараға ауданының сол кездегі әкімі Б.Қаращолақов та қолдау көрсеткен еді. Қынжыларлығы, осы игі іске орнына кейіннен басшылықка келген шенеуніктер ықылас таныта алмады.

2010 жылы құрылғандығының 80 жылдығы жоғары ұйымшылдықпен аталып өткен Шу ауданын қақ жарып Шу өзені сылаң қаға ағып жатыр. Сондай-ақ, тоғыз жолдың торабында орналасқан Шу қаласын да өзіміз тұрмак, алыс-жақындағы шет елдер таниды. Жұртшылыққа мәлім, ауданының да, өзеннің де, қаланың да аттары үш мәрте қайталанып тұрганы сөкеттеу естіліп,

көңілге кірбің ұялататындаі. Осыған орай, Шу ауданына - Қазақ хандығы негізінің қаланғанына 555 жыл tolуы күрметіне Керей ханның есімі беріліп, өнірдегі көрікті жерге алғашқы хандарымыздың еңселі ескерткіш орнатылса екен деймін. Бұл игі шара жүзеге асса, Алты Алаштың ғана емес, бүкіл исі түркі жұртшылығының рухын асқақтатып, мәртебесін көтеретіні анық.

6. 08. 2012 ж

«Шу өнірінің тарихы» кітабы. Авторлары - Қ.Жабагиев, Г.Жұман, М.Қойгелдиеев. 2010 ж. Экономика бастасы. «Тараз. Жамбыл обл. энциклопедиясы», «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. Алматы қ. 2003 ж. деректері пайдаланылды.

Ауданымыз Қазақ хандарының атымен аталса екен

Біздің ауданымызды ұлыбабаларымыздың есімдерімен атауға болмас па екен деген ой қолға қалам алдырыды. Аудан тұрғындары сыртқа шыққан кезде «Шуданмын» десе, қара сора мекенинен екендігі өзілдесе де айтылып қалады. «Тараз. Жамбыл облысы энциклопедиясына» жүргісек, Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі, алғашқы Қазақ хандары Керей, Жәнібек Шу. Мойынқұм өнірімен тығыз байланыста болған. Оған мысал Хантауының бойында «Хан тағы», «Хан қорасы», «Керей қыстауы» деген атаулар және қорымдар кездеседі. Бұған қосымша Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и- Рашиди» еңбегінде де Шу бойымен Қозыбасыға келіп қоныстанғаны баяндалады...

Қызыл империя саясатының әсерімен әлі күнге

дейін хандарымыздың есімдерін айтуға тайсақтап келеміз. Бұлардан гөрі басқыншылықпен халқымызға ауыр зардантар әкелген Шыңғысхан үрпағы Жошы ханды көптең дәріптейтін сияқтымыз. Жошы хан Ұлытау маңында жерленген. «Жамбыл облысының 2003 жылы шыққан энциклопедиясындағы» мәліметке сүйенсек, Керей хан Хантауының етегіне жерленген. Археологтардың бұл мәселені мұқият зерттеулері қажеттік. "Базары аралас, қойы қоралас" Шу ауданы мен Мойынқұм ауданын Шу өзенің как жарып өтуде, тоғыз жолдың торабы Шу қаласы да бүкіл елімізге белгілі. Осыған орай, ұлттымыздың ұлылығын асқақтатып осыдан 555 жыл бұрын Қазақ хандығының іргесінің көтерілу құрметіне ауданымызға Керей, Жәнібек хандарының бірінің есімін беріп, Шу қаласының көрікті жеріне сәулетті ескерткіш қойылса еken. Бұл келешек үрпаққа бабаларымыз есімдерін мәңгі қалдыруға және отансүйгіштік пен ұлтжандылыққа баулуга айтарлықтай ізгі шара болар еді.

*Төреқұл Әлханұлы, ардагер-ұстаз, журналист.
Шу ауданы, Ақсу ауылы. «Ар-Ай» 27. 09. 2012 жыл.*



Шу ауданының әкімі Б.Б.Нұркеновке.

Әлі де кеш емес...

Аса құрметті Бақытжан Балтабекұлы, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген нақышты аталарымыз бекер айтпағандай, өзіңіз киелі Шу ауданына әкім болып тағайындалғаныңызға бір жылдың көлеміндей-ақ уақытта туып-өсken аймағымызды ұланғайыр істер тындырылып, атқарылуда. Атап айтсам. Толе би мен Шу шаһарының, Андасбай май құю бекеті мен Қонаев ауылы аралық жолдары асфальтталып, күрделі жөндеуден өтті. Сондай-ақ, аудан орталығының көнтеген көшелері де асфальтталып, жаяу жүргінші жолдары ретке келтіріле бастады. Және де аудан орталығы Төле би ауылының ажары күн өткен сайын көріктене түсүде. Жастар мен көшшілік демалатын "Даңқ" аллеясының Шу өзеніне дейін жалғасып, жаңарып, жақсара түскені неге тұрады.

Дейтүрганменен мына жайды қаперіңізге салғым келіп отыр. Есінізде болар, өзіңіздің аудан жүртшылығының алдында есеп беру жиыннанда белгілі мүсінші Қали Қораласбаев ініміз орталық саябақтағы сәбілер ойнайтын алаңқайға Қобыланды батыр, Қожанасыр, Алдар Көсе, т.б. ертегілер әлемі мүсіндерін орнатсақ деген бастама көтерген болатын. Мениң өзім де қолдан «Шу өнірінде» мақала жазғанмын. Эрине, бұл игі істер Қали үшін болмаса мен үшін ғана емес, болашак үрпағымыздың елін, жерін, Отанын сүйіп, ұлтжанды азамат болып қалыптасуына аудадай қажет шаралар еді ғой.

Әйтсе де менің таң қалғаным, орталық саябақтагы

сол сәбілдер алаңқайының жаңында «Ататүріктің» зәулім ескерткішінің тұрганы қаншалықты орынды. Мен бұл ретте Тәуелсіздігімізді алғаш мойындаған бауырлас түрік халқын да, оның даңқты көсемі Ататүрікті де кемсітіп отырған жоқыны. Дегенмен киелі Шу өнірінде осыдан 555 жылдай бұрын Қазак мемлекетінің іргесін қалаған алғашқы хандарымыз Керей мен Жәнібекке ескерткіш орнату жайы көптен бері көтеріліп келеді. Келесі 2015 жылы Шу ауданының құрылғанына 85 жыл толады. Осы атаулы күндерге орай алғашқы хандарымыз бер Тәуелсіздігіміздің туын тұңғыш көтерген Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке ескерткіш тұрғызысак жараспас па еді?! Өкініштісі оларға Шу өнірінен орын табылмауда.

Мына жайдан соң ертенгі күні күрд ұлтының өкілдері «Оджаланға» немесе славян қауымдастыры «II-Николай» патшаға ескерткіш орнатамыз деп шықса оларға да рұқсат бере бересіздер ме? Шындығына келсек осы «Ататүріктің» ескерткіші қандай құзырлы орындардың рұқсатымен орнатылды? Бақытжан Балтабекұлы, әлі де кеш емес, кеңінен ойластырыш, орны толмас ағаттықтарға бой алдырмасаңыздар екен деймін.

«Жас Алаи» 18. 09. 2014 ж.



Қазақ мемлекетінің шаңырағын Керей мен Жәнібек хандардың көтергенін Президентіміздің өзі мойындады...

Келесі жылы еліміз Қазақ мемлекеттігінің 550 жылдығын тойлайтын болады. Бұл туралы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласы активімен кездесуде атап өткенінен хабардар болып қазіргідей қынышылықты алмагайып кезеңде үміт ұшқыны жалт еткендегі көңілімді сәл болса да көтеріп тастады.

Өйткені, өзім де көптен Қазақ хандығының іргетасы қаланған киелі Шу өнірінің Қозыбасында (Хантау маңы) 555 жыл толуы құрметіне Керей және Жәнібек хандарға ауданымыздың көрікті жеріне ескерткіш орнату жайлы “Жас Алашта” біраздан бері жазып келемін. Бұл туралы облыстық “Ақ жол” мен “Ар-Ай” газеттерінде мақалаларым жарияланған болатын. Тіптен, бір гана Шу атауының өзенде де, қалада да, ауданда да қайталана атап тұрғандығынан Шу ауданына Керей ханның атын беру жайлы да жазған едім.

Ұлттымыздың ұлылығын ұлыктайтын аса манызды тарихи оқиғаны Н.Назарбаев жайдан-жай козғап отырған жоқ. Өйткені, осыдан он шақты жыл бүрүн өзі де ағаттыққа бой алдырып 1991 жылға дейін ұлан-ғайыр жерімізде ешқандай мемлекет болмаған десе. жуырда Ресей Президенті В.Путин де халқымыздың арын аяққа таптады. Әу бастан әпербақан Жириновский, Лимоновтардың ауыздарына келгендерін кокіп жүргендері анау. “Ештен кеш жаксы” ниетімен Нұрсұлтан Әбішұлының Украина дағыдай орын алған аласапыранның алдын алу мақсатымен келесі жылы мемлекеттігіміздің 550 жылдығын атап өтуді колға

алатындығы өте құптарлық жайт. Дейтүрғанменен 550 жыл деп белгілегеніміз жөн бе, осыны нақтылап алсақ. Өйткені, Жамбыл облысының Алматы қаласында 2003 жылы “Қазақ энциклопедиясының” Бас Редакциясынан шықкан энциклопедиясының 301 бетінде: “Керей хан мен Жәнібек хандар кол астында ру-тайпаларымен 1457 жылдың күздінде Шу өніріне көшіп келген. Ал, 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етіп көтерді” – дейді. Осы мерзімді назарға алсақ, келесі жылы Қазақ мемлекетіне 557 жыл толады.

Меніңше бұл деректерді де жан-жақты сараптап, бір тоқтамға келген жөн шыгар. Той тойлағаннан бұрын халықаралық ғылыми конференция үйімдастырып, Шу ауданына Керей ханның есімін беріп, ескерткіш орнатып, Павлодар қаласын да алғашқы ханымыздың атымен атап, Петропавлға Қызылжар ағауын қайтару жағын ойластырсак еліміздің тұтастығын қалыптастыруға нақты қадам жасарымыз айдан анық.

Халқымыздың ертеңгі болашағы жолындағы осы иғі шараларды жүзеге асыра алсақ, келешек үрпағымыздың алдында жүзіміздің жарқын болары шүбәсіз шындық.

27. 10. 2014 ж. «Жас Алаш»
6.11.2014 ж. қысқартып шыгарды.



**Керей мен Жәнібек сұлтандар
Шу өнірінің Хантауында
Қазақ хандығының туын тіккен!**

Киелі Шу өнірі табиғаты көркем, даласы дархан да шуақты шапағатымен ел жүртүна бақ-береке мен ырыс сыйлаған құтты мекен. Батысын облыстың тәң жартысына жуық жерін қамтыған Мойынқұм алқабының құмды-қырқалы төбелері, шығысын Кіндіктас сілемінің батыс бөлігі, орталық және солтүстік бөлігін Шу – Іле тауларының Айтау, Хантау, Аңырақай таулары мен Жусандала үстіртті даласы алып жатыр.

Жыл санауымыздың бас кезінде сактардың орнын Қаңды мен Үйсін тайпалық одактарының басқаны белгілі. Ал, бесінші ғасырдың орта тұсында Шу өнірінде де қалалық мәдениет бой көтереді. Орта ғасырда өмір сүрген арабтардың ұлы галымының бірі әл-Максиди өзінің бір еңбегінде Шу өзенінің канталына орналаскан Баласағұн қаласы жайлы көп маглұмат береді. Шу өнірінің есімі әлемге әйгілі Зұлқарнайының өзін айлакерлігімен бітімге келуге мәжбүр еткен атакты Шу батыр есімімен тығыз байланысты.

Тарихи дерек көздеріне жүгінсек, 840 жылы Қашқар аймағында өмірге келіп, ізін ала Іле мен Шу өзені аралығын, соナン соң Талас бойын өзіне қаратып, осы өнірде Ислам дінін үстемдік құрғызып, түрік мәдениетінің жаңа сапаға көтерілуіне жол ашкан Қарахандар мемлекетінің саяси-экономикалық және мәдени орталығы Шу өзенінің орта ағысындағы Баласағұн қаласында орналасқаны белгілі.

Шу-Іле таулары сілемінің бірегейі Хантауы қойнауының бүркемелі бет перделерінің ашылмай

жатқан тылсымды құпиялары қашама. Хантауы атауының қалай аталғаны жайлы да толық біле бермейміз. 1980 жылдары Мойынқұм ауданының Көктерек кеңшарында жүргізуші қызметтін аткарып жүргенімде Хантауының жайлауларында жайғасқан малишаларға жи қатынайтынын. Хантауының түстігіндегі мен мұндаған Сұңқар шыңы алыстан көз тартады. Сұңқардың баурайында ел-жүртyn отырықшылыққа үйистырып, Қоқан басқыншыларымен соғыста ерлігімен көзге түскен Биназар батырдың зираты мен кесенесі орналасқан. Екі ғасырдан астам тарихы зерделенген осы мекен-жайлардан өзге аса күнды да зерттеуді қажет ететін жерлердің көптеп ұшырасатындығы жасырын емес.

Мәселен жаз жайлауының түкпіріндегі Қарасу өзенінің бойында “Хан қорасы” деген шатқал бар. Ол неге олай аталған, ол жайлы да әр қылыш пікірлер бар. Сондай-ақ, 2-3 жерде “Хан тағы” деген тастакты төбешіктер орналасқан. Және де ескі корымдар көптен кездеседі. Сонымен қоса “Ахатай” мен “Байжан” қыстауларының маңындағы түкпірде “Керей” қыстауы орын тепкен.

Кезінде жоғарғы екі қыстаудың қалай аталғаны белгілі болғанмен Керей атауы жайлы анық мәлімет жоқтың қасы. Бұған бірден-бір себеп, жетпіс жылдан астам үстемдік күрған Қызыл империяның астарлы саясатының әсері. Меніңше, жүздеген мың, жер қайысқан қалың қолмен Шыңғыс ханның XIII ғасырда жарты әлемді жаулаганы белгілі. Шау тартқан шағында Шыңғыс хан келешекті ойлан жаулаған өлкелерінен айырылып қалmas үшін әрі билігін әлсіретпее мақсатымен жерлерді төрт ұлына рет-ретімен бөліп, белгілеп табыстағаны тарихтан мәшінүр.

Шу мен Мойынқұм аймағы үлкен ұлы Жошының құзырына тиесілі болғандығы рас. Жаугершілік заманда жаулаған жерлеріне көп тұрактамай алдыға жылжый

беретіні бесенеден белгілі. Сондыктан да Жошының бейітінің Ұлытау маңында жатуы, оған кесене орнатылуы анық дәлелді қажет етпейді десе де болады.

Уақыт өте келе Шу өнірінің еліміздің шежіресінде аса зор маңызға ие болуы XV ғасырдың орта шенінде Казак хандығының, яғни ұлттық мемлекетіміздің іргетасының қалану кезеңіне тұспа-тұс келеді. Осы туралы тарқағын айтсам.

1428 жылы әкесі Барак хан өлгеи соң Денгі Қыпшактағы саяси билік Әбілқайыр ханга көшеді. 1457 жылы жаздың сонында Әбілқайыр хан Сығанак түбінде қалмақтардан женілгеннен кейін Керей мен Жәнібек сұлтандар қарамағындағы ұлысымен Моголстанға көшеді. Тарихи аңыз бойынша көшуге Қобыланды батыр мен Ақжол би арасындағы дау-жанжал себеп болған деседі. Әбілқайыр хан тараапынан екі сұлтанға қауін-кательдің төнуі Ұрыс хан ұрпақтарын өз ұлыстарымен бірге көшпелі өзбектер мемлекетінен кетуге мәжбүр етеді. Осылайша 1457 жылы күз айының сонында көшіп келген екі сұлтан ұлыстары Шудың төменгі бойына қыстаң шығып, 1458 жылдың ерте көктемінде Керейдің ак кізге көтеріп, хан сайлайды. Осы тарихи ұлы оқиға Мұхамед Хайдар Дулатидін “Тарихи-и-Рашиди” кітабында 1465 жылы деп көрсетілген. Елбасымыз осы дерекке сүйсіп, келесі 2015 жылды назарға алған отырған сынайлы.

Қалай болғанда да Шудың төменгі бойын қыстаң шыққанын ескерсек, Керей ханының такқа отырған жері Мойынқұм ауданының Хантауы екендігі шұбәсіз шындық.

Шұбәсіз шындық дейтін себебім, жоғарыда атап өткенімдей, бір емес 2-3 Хантагы тастактары бар екендігі. Бірін Жошы хан тақ ретінде пайдаланса, бабасының орнын қадірлеп баспайын деп екінші тақты Керей хан

тақ орнына қолданған болу керек. Сондай-ақ ел-жүрттың басын біріктіруде ұзақ мерзімге жайгасқандықтан “Хан қорасын” да Керей ханның пайдаланғаны анық.

Беделді азаматтармен бірге Б.Көмеков, М.Қойгелдиев, М.Мырзахметұлы сынды айтулы ғалымдардың редакциялық кеңесімен “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясынан Алматыда 2003 жылы жарық көрген “Тараз. Жамбыл облысы энциклопедиясының” 301-302 беттерінде: “Керей хан мен Жәнібек хандар қол астындағы ру-тайпаларымен 1457 жылдың күздінде Шу өңіріне көшіп келген. Ал, 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етіл көтерді” – деп көлтірсе”, Аңыз мәліметі бойынша Керей хан Қазақ хандығын 10 шақты жыл билеген және Хантауы етегінде жерленген. Керей ханның қандай жағдайда, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жок, деп тайга таңба басқандай анық жазған.

1980 жылдары жұмыс бабымен Хантау жайлауларына қатынап жүргенде байқаганым, бағзы заманнан қалған ескі қорымдар көптеп кездесетініне көз жеткізгенмін. Осыған орай, жуырда Еңбек Ері, даңқты шопан сексеннің сенігінде таяған Шоман Шәріпбаевқа хабарласқанымда, Шәкен:

-Бала күнімде үлкен кісілерден естуімше, Керей хан қайтыс болғанда Теректі өзенінің Шаянтасқа жақын теміржол маңына жерленген деуші еді. Үлкен Хантағы мен кіші Хантағының қай жерде екені де маған белгілі. Және де Бату [Жошы хан болу керек М.У.] ханның баласының өліміне байланысты “Ақсак құлан” күйінің шыққан жеріндегі орды, сонымен бірге төрткүл әлемді ерекше қызығушылықпен таң қалдыратындаид Шыңғыс хан жайлы аса құнды деректі мекенді де көрсете аламын. Зерттеуші ғалымдар мен жазушы-журналистер сенімді көліктерімен арнайы келсе, – деп ашығын айтты.

Мына жайт да мені ерекше толғандырып келеді. “Кеңестік дәуірдің дәуірлеген” шағында көктем мен жаз айларында Хантаудың жайлауынан Шу қаласындағы сүт зауытына құніне екі мәрте автокөлікпен сүт таситынмын. Әкесі Ногайбай бакташы-зоотехник, анасы Дәметкен сауынши жұмысында еді. Балғын окушы Қайрат Рысқұлбеков Шу ауданындағы мектеп-интернатта оқытын. Демалыс пен каникул күндері ауылға қайтканда көбіне менің автокөлігімे отыратын. Жап-жас Қайраттың ата-анасына көмектесіп, қолғабысын тигізіп жүретінін байқайтынмын. Кейінрек есейген шағында Хантауында жайлауында кеншардың бұзау-таналарын бөліп-алып, бағып өсіріп, сибек табалдырығынан аттаған еді.

Қазірде оның “камшының сабындағы” қыска да көзге ғұмырын сарапай бағамдасам, сол бір 1986 жылғы желтоқсанның ызғарлы да қаһарлы күндерінде небәрі 20 жасында көпшіліктің қолынан келе бермейтін ерен ерліктерге баруы бекерден-бекер емес екен деп ойлаймын.

Нақтылай айтсам: Әу баста ана қауымын пір тұтып өскен Қайрат аланға қызыл жағалылардан зорлық-зомбылыққа үшіраған қыздарымызды корғаймын деп шыққан. “Қазакстан” қонақ уйі жанында бір бойжеткені шашынан сүйреп жүрген Алмабеков деген милицияны соққыға жығып, бейкүнә қызды арашалағаны көпшілікке мәлім.

Екіншіден: Қ.Рысқұлбековтың аланға жиналғандарға: “Жігіттер үш күнге шыдайық! Үш күн ішінде біздің дауысымыз Біріккен Ұлттар Ұйымына жетеді”-деген жан дауысы әлі күнге құлағымниан кетпейді. Сол кездегі студент F.Насыровтың дерегі. (“Атамекен” газеті. 12.12.1991 ж.).

Осы үндеуінен кейін Қайраттың үш әріп жандайшаптарының назарына іліккені шұбасіз шындық.

Сондай-ақ, 2000 жылы 13 наурызда Алматыдағы Ұлттық сәулет, құрылыш Академиясында Қайраттың туған күнінің құрметіне алқалы басқосу ұйымдастырылды. Осы ұлағатты кешке арнайы катысқан аталмыш оку орнының бұрынғы доценті (8 жылға сотталған) Әркен Уақов ағамыз:

-Желтоқсан көтерілісінен кейін каныпезер тергеушілер мені Қ.Рысқұлбековпен кездестіріп: “Мына адамды танисың ба, осы кісі емес пе сендерді алаңға шығындар деп үгіттеген?” - дегенде Қайрат сескенбестен: “Бұл ағайды танымаймын. Алаңға өзіміз шықтық” – деп мені ашық корғады. Егер ол басқаша айтқанда Қайрат емес, менің ату жазасына кесілетінім айдан анық еді, - деп, тебірене көзіне жас алып еді. Өзінің өмірі қыл үстінде тұрганына қарамастан, ұстазын ашық қорғау ерліктің нақ өзі емес пе?!

Мен Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековты жайдан-жай жазып отырған жоқпын. Өйткені. Қазақ хандығының құрылған мезгілінен 510 жылдай уақыт оздырып, 1966 жылы дүние есітін ашқан Қайраттың балғын балалық шағының көбісін бабалары - Керей мен Жәнібек Қазақ хандарының алғашқы туын тіккен Хантауының баурайында өткізуі Жаратқан иенің өзгеше тылсымды бір шарапаты емес пе екен? Кезінде хан ордалары орнықсан көк майсалы шалғынды көркем өлкенің кәусәр ауасын жұтып, балдай шәрбәтті бұлағының мәп-мөлдір суынан қаныға сусындаған Қайраттың тұла бойына ұлттық ар-ожданы намысымыздың әбден орнығып қалыптасқаны айдан анық. Иә, қандай жанға болмасын оның мінез-құлқымен рухани жан-дүниесіне туып-өскен ортасы гана емес, табигаты және сол жердің бағзы заманғы ертеден бергі бабалар рухтарының жалғасқан дәстүрлі, шапағатының тигізер ықпалы да аз болмаганы анық.

Тұңғыш Қазақ Ұлттық мемлекетінің іргетасын қалған
Керей-Жәнібек хандарға қайта тоқталсам.

Өйткені, өзім де көптен бері Қазақ хандығының іргетасы қалған Шу өніріндегі Хантауын негізге алып, ауданымыздагы көрікті жерге Керей мен Жәнібек хандарға 555 жыл толу күрметіне, (1456 жылды алсақ 560 жыл) ескерткіш орнату жайлы “Жас Алаш”, облыстық “Ақ жол”, “Ар-Ай”, “Шу өнірі” газетінде жазып келемін.

Сондай-ақ, КР Премьер-министрі К.Қ.Мәсімовтың Қазақ хандығының 550 жылдығын жалпылғы мерекелеу жөніндегі тапсырмаларына орай, мерейтойды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасына байланысты Шу ауданы ішкі саясат бөлімі жетекшісі Қ.Жапабаевпен ақылдасып:

1. Фылыми конференция өткізу.
2. Шу ауданында Керей мен Жәнібек хандарға ескерткіш орнату.
3. Шу ауданына Керей ханың есімін беру.
4. Халықаралық дәрежеде ақындар айтысын өткізу.
5. Аламан бәйге үйымдастыру жайлы жазылыш, қосымша Керей мен Жәнібек хандарға байланысты газет беттерінде жарияланған мақалалардың көшірмелерін 3 қарашада 2014 жылды Жамбыл облысы әкімінің ішкі саясат бөліміне жіберілген еді.

Мені қайран қалдырып отырған жайт.

Әу баста Қазақ хандығының 550 (бұл дерек те шындыққа жанасыңқырамайды 555 немесе 560 жыл болу керек еді) жылдығы Шу өнірінде тойланатын болды десе. Бертін келе Шу-Талас аймағы атала бастады. Соңғы кездерде Керей мен Жәнібек хандардың ескерткіші Тараз қаласына койылатын болды хабары да шыға бастады. Осыған қарағанда алдағы жылға жоспарланған Қазақ хандығының мерейтойы киелі Шу өнірінің жерінде

басталып, хандарымыздың мекені Хантау баурайында жалғаса алмайды ма деген күмәнді ойдамын. Тойтойлауда әдеттегідей жасандылыққа бой алдырмай шынайы тұрде атап еткенге не жетсін!

Керей мен Жәнібек бабалардың рухтары риза болсын десек жоғарыда атап еткендегі ғылыми конференцияны бұрмалаусыз өткізіл, Шу өніріне хандардың ескерткішін орнатып, Шу ауданын Керей ханның атына ауыстырып, Павлодар қаласына да алғашкы ханымыздың есімін беріп (Орекендер ренжімес, Павлодар облысы деп қалса да, такияларын тар келмес), халықаралық дәрежеде ақындар айтысы өткізілсе. Сондай-ақ, Хантау баурайында аспан асты мұражайын ашып, келешекте шет елдік туристерді көптең тартуга қол жеткізсек кәнеки. Сонымен бірге Шу өнірінде орнатылатын және Астана қаласында қойылған Керей мен Жәнібек хандардың ескерткіштерінің жаңына Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың ескерткіші асқақтата орнатылса нұр-ұстіне нұр болатыны айтласа да түсінікті.

Бұл иғі шаралар Керей мен Жәнібек бабаларды немесе қыршын боздақ Қайрат Рысқұлбековты әспеттеу үшін емес. Оларға келіп кетер ешнэрсе жоқ десе де болады немесе өзімнің атымды шығару ойым да жоқ. Шындал келгенде еліміздің тұтастығын сақтап қалу мақсатында әрі болашақ ұрпақтарымызды отансүйгішті-ұлтжанды рухта тәрбиелеуде аудай қажет ұлағатты ұлы істер деп үққанымыз жөн шығар.

24. 11. 2014 ж. «Ар-Ай», «Дат», «Жас-Алаш», «Шу өнірі» газеттері қысқартып жариялады.

Алғашқы Қазақ хандарының рухы қастерленбей, қалай той тойланбақ?!

*Жамбыл облысының әкімі
К. Кокірекбасовқа*

Биыл күзге қарай мемлекетіміздің іргетасының қаланған 550 (560 десек те артық емес) жылдығы кең көлемде тойланбақшы. Осы ұлды да ұлагатты шара Шу ауданында аталып өтіледі деген алғашқы қуанышты хабар жүртшылықтың еңсесін көтеріп-ак тастаган еді. Тіптен қараша айының басында Премьер-Министрдің орынбасары Б. Сапарбаевтың тікүшақпен арнайы келіп, өңіріміздің атқа мінерлерімен қолайлы-ау деген Шу-Қордай автожолы бойындағы «Жадыра», «Қарауыл тобе» аймақтарын шолып-барлап қайтқанынан. Кейіннен озініз зиялды қауым өкілдерімен кездесуде айтқаныныңдай Тараз қаласының таңдалуына ықпал еткенінізден (23.12.2014 «Ақ жол»). 20 миллиард, кейінгі бір дерекпен 23 миллиард теңге карастырылғанынан да хабардармыз.

2300 жылдан астам бұрын Шу батырының алемге әйгілі Зұлқарнайынды айласымен токтатып, Шу қаласын салдырығанын. Коне түркілердің жүздеген ғасырлар бойының бұрын бүркеп жатқан Жайсан даласының өзі қай отке, қай өнірден кемшін көрінеді. Орта ғасырда батыс түркі қағанатының мәдени орталығына айналған Баласагұн қаласының орны зерттеліп аспан асты мұражайы жасалып та жатыр. Немесе өткен жылы ғана Мойынқұм ауданында салтанатпен ашылған «Құралай сұлу» кесенесінің өзі неге тұрады? Осы жайттарға орай айтпағым, алғашқы Қазақ хандығының туын көтерген әрі тоғыз жолдың торабына орналасқан киелі Шу өнірінің иендей откызылтары бар? Әлде. Шу ауданының инфракүрылымы –

яғни, мәртебелі қонақтарды күтіп алатын мейрамханалар мен қонақ үйлердің сән-салтанаттары қазіргі заман талабымен үйлеспейді ме? Болмаса тоз-тозы шыққан күре жолдарың нашарлығы әсер етті ме?

Аса құрметті Кәрім Нәсбекұлы!

Мен бұларды жайдан-жай жазып отырған жоқтын. Тәуелсіз журналист-өлкетанушы ретінде әр деңгейдегі басылымдарда Шу өніріне алғашкы хандарымыз Керей мен Жәнібекке ескерткіш орнату жайлы көлтен жазып, көтеріп келемін. Және өзен де, аудан да, кала да Шу аталғандықтан, ауданға болмаса қалаға Керей ханның атын беруді лайық көрудемін. Ауданымыз бен Мойынқұм ауданының қойы қоралас, базары аралас “бағзы заманнан Шу өнірі” болғандықтан Мойынқұм ауданына немесе Мойынқұм ауылына әз-Жәнібек ханның есімін берсе, ешкім сөге қоймас.

Өте ертедегі Қозыбасы-Хантау («Жамбыл облысы топономикалық атаулар анықтамасы» жинақ кітабының 230-беті) аталғандықтан, сондай-ақ ол Хантауының етегінде жерленгендіктен («Тараз. Жамбыл облысы энциклопедиясы» кітабының 302-беті) Керей ханга кесене орнатып, аспан асты Мұражайын ашу жағы ойластырылса құба-құл болар еді. Өйткені Керей ханның жерленген жерін ардакты Еңбек Ері Ш.Шеріпбаев ағамыздың шамамен білемін деп отырғаны рас. Сонымен қатар, ғылыми конференция мен ақындар айтысы да Шу ауданында өткізілсе еken. Хан тауынан 400 шақырымдай қашықтықтағы Тараз каласында Қазақ хандығының мерекесін тойлаған дұрыс па? Әлде қасиетті Шу өнірінен бастап, Астанада асқақтатып, Солгүстік пен Шығыс өнірлерде жалғастырғанымыз жөн бе? Сондай-ақ,

Павлодар қаласына Керей ханның, Рудныйға әз-Жәнібек ханның есімі берілсе елдігіміз бен мемлекеттігіміздің абыройлы рухын аспандататынымыз әбден анық!

04.02.2015 жыл. Облыстық әкімшіліктегілер Шу ауданының әкімі Б. Нұркеновке осы хатты жібергендіктен, оларға ренжіп, 17.02.2015 ж. қайтадан жібердім. К.Көкірекбаевтың өзі жауап береді алмады. Облыстагы мәдениет саласын басқаратын Д.Бықыбаевтан жалпылама жауап келді.

Тарихымыз қашанға бұрмалана береді?!

Ұлы Наурыз мерекесінің қарсаңында киелі Шу ауданының бірқатар тарихшы ұстаздарымен Қазак хандығының туы тігілген Хантауына аудан әкімдігінің қолдауымен автокеруен үйымдастырғанбыз. Санар барысында Хантау теміржол бекетінен 20-25 шақырымдай қашықтықта орналаскан «Ұлкен Хантагы», «Кіші Хантагы», «Бала Тағы»-лармен танысып даңқты шопан, Еңбек Ері Шоман Шәріпбаев аксақал мен жол көрсетуші Фалым Құрманғалиұлының айтуы бойынша Хан Тағылардың үшар басында Хандар жан жактарын шолып, ақылгөй кеңесшілерімен ақылдастып отыратын болуы керектігін білдік. Өзім [осы жолдардың авторы М.У.] көп жылғы зерттеуге сүйеніп ең биік шоқының бірі – Шыңғыс ханның заманында Шу өңірін Арқамен қоса Жошы хан ұлысының қарамағында болғандықтан, Ұлкен Хан тағын Жошының пайдалануы мүмкіндігін айтада келе, іргелес орналаскан Кіші Хан тағына Керей ханының отырғанының ұстаздар қауымына хабардар еткенмін.

Ал оншакты шақырым жердегі Хан қорасын жаз жайлауында ел-жұрттының басын қосып қарасын көбейту үшін өте қолайлы орын болғандыктан Керей ханның пайдаланғаны анық. Аныз дерегі бойынша Жошының баласының өліміне байланысты «Ақсақ құлан» күйінің шығуына себепкөр болған ордың да ізі сайрап жатыр. Жошы хан да көп тұрақтамай терістікке бет алып, арқа төсіндегі Ұлытау баурайындағы Қаракенгір өзенінің бойында қайтыс болғаны, кессне де тұрғызылғандығы бесенеден белгілі жайт.

Дейтұрганменен, Қазақ хандығының құрылуына байланысты тарихи шындықтар айқындалып ашылады ма десек, керісінше жұртшылықты жаңылдыратындей керекар пікірлер де ара-тұра бой көрсетуде. Бұл ретте мүйізі қарағайдай ғалым-жазушыларымыздың белсенді әрекеттері жетерлікте. Атап айтсам, 2015 жылы 4 қантарда жіберген мақаламды жариялаудан бас тартқан «Жас Алаштын» редакторы Р. Сәрсенбай 29 қантардағы санында Софы Сматаевтың «Хандығымыздың қай тойын және қалай откізбекпіз» - деген мақаласын жариялатып:... “жасы біразға жеткен Керей өз қолымен Баракұлы Жәнібекті ресми түрде алғаш құрылған Қазақ хандығының алтын тағына отырғызады. Бұл жыл шамамен 1455 жылы еді деп Керейге хандық мәртебені қиғысы келмейді. Сондай-ақ, Софекен тойдың Шу өнірінен бастау алуын да ұнатпайтын секілді. Бұл бергі жағы ғана еken, Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне тарту іспеттес «Егемен Қазақстанның» 19 наурыздығы санында Қ.А.Яссаяу атындағы ХҚТУ Археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы Сәйден Жолдасбаев мырзаның Керей ханды Кордай ауданындағы «Қозыбасы» - да хандық құрган деп жаңалық ашканына қайран қалып отырмын. С.Жолдасбаев 2003

жылы «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясына» Б.Көмеков, М.Қойгелдиев, М.Мырахметұлы сыйнды айтулы ғалымдардың редакциялық кеңесімен жарық көрген «Тараз. Жамбыл облысы энциклопедиясы» кітабында мынадай жолдар бар екендігін қанеріне алмаған сыңайлыш: - “1457 жылдың күз айының сонында көшіп келген екі ұлттан ұлыстарымен Шудың төменгі бойын қыстап шығып, 1458 жылдың ерте көктемінде Керейді әк киізге көтеріп хан сайлайды. 1465-1466 жылдар Керей хан қайтыс болғаннан кейін Жәнібек хан билікке келеді. Бұрындық ханының билік құрган жылдарын есептемегендегі, Қазақ хандығының билігі осы кезден бастап Жәнібек ханының ұрпактарына толық көшеді. Керей хан Қазақ хандығын 10 жылдай билетен және Хантауы етегінде жерленген. Керей ханының қандай жағдайда қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ” деп анық жазылған.

Хантау сапарында Шоман Шәріпбаев ағамызы археологиялық сала ғалымдары тексергіш құралдарымен келсе Керей ханының жерленген жерін анықтаған беруге көмектесер едім деп бізге айтқаны да рас.

1997 жылы сол кездегі мемлекеттік хатшы О.Әбдікәрімов, жазушы Ә. Кекілбаев, ғалымдар - М.Қозыбаев, К. Байпақов сол кездегі облыс әкімі А.Тшанов, т.б. Хантауының терістігін зерттеп нағыз Қозыбасы болуы керек деп кетеді. 2003 жылы сол тұстағы тарих-этнография институтының директоры, ғылым докторы Мәмбет Қойгелдиев бастаған делегация да осындай пікірге келіп қолдайтындығын айтты, макұлдаған. Ал 1997 жылы жоғарыдағы мемлекеттік комиссия өкілдері Қордай асуындағы Алматы-Бішкек тас жолының 172-ші шақырымдағы шоқыны «Қозыбасы» деп, Қазақ хандығы осында ту тікті қылыш ұйғарады.

«Қазақ елі» газетінің 5 наурыздағы санындағы “ханның тойы қарашаның ойымен орайласса”... деген мақаламда М.Койгелдиев бастаған делегация Қордай асуына бармаса да барып қолдады деп редакция жаңсақтық жібереді. 2006 жылы Ә. Кекілбаев бастап М. Қозыбаев, М. Тажин, К. Байнақов, бұрынғы облыс әкімі А. Тішанов пен архитектор С. Дембай, К. Байбосынов, Б.Әбілдаев, Қордай ауданының әкімі Б. Әденовтер осы жерге ескерткіш орнату керек деп шешеді. Президент те қолдады деп, мемлекеттік туды қадау үшін К. Тұрысов арнайы келеді. Ал С. Дембай ескерткіштің сұлбасын (эскизін) жасайды. Өкініштісі, кейін бәрі аяқсыз қалды деп облыстық «Знамя труда» газетінде (11.11.2014 ж) «Начало начал» такырыбымен К.Оршабеков қалам тербейді. Бұл ретте мемлекеттік комиссия мүшелерінің Жамбыл облыстық энциклопедиясының 268-бет. тарихшы Б.Кәрібаевтың «Тарихи-и Рашиди», Түрік шежіресі, «Шайбани Нама» сынды ұлы еңбектерді негізге алғы: "1457 жылы күз айының соңында көшіп келген екі сұлтан ұлыстары Шудың төменгі бойында ерте көктемде Керейді ақ кигізге көтеріп хан сайлайды" - дерегіне атұсті қараған қателіктерін Сәйден Жолдасбаевтың анаумына емес, еліміздің «қара шаңырағы» атанған «Егemen Қазақстанда» тайға таңба басқандай етіп қайталағанына аң-таң қалудамын.

Баракұлы Жәнібек сұлтан 1465-66 жылдары Керей Хан қайтыс болған соң Мойынқұмның Ақбакайынан 40-50 шақырымдағы Қарабөгет ауылы аймағындағы 40 шақырымдай жердегі «Кереге-таста» таққа жайғасқаны ақиқатқа біртабан жақындайтын сияқты. Әділетті басшылығымен ел жадында әз-Жәнібек деген киелі есіммен қалған. Ол манда да Хан қорасы деген қасиетті мекен-жай орналасқан. Хан-жолы атанған

жол да жанында. (Жамбыл облыстық топономикалық атауларының аныктамалығы. Тараз. 2007. 455 бет). Әз-Жәнібек 1480 жылдары қайтыс болған соң билікке Керей ханының баласы Бұрындық ханының келгені тарихтан белгілі. Бұрындық кіші Хантағы мен үлкен Хантағы аралығындағы Бала-тағын иеленген болуы керек. 20 жылдан аса Қазақ хандығының тізгініне не болған Бұрындық хан тұсында батысындағы Ноғай ордасымен, онтүстікте Сырдың орта бойы үшін Темір әuletі билеушілерімен болған күрес нәтижесінде Қазақ халқының этникалық территориясы қалыптасты. Кейінірек Бұрындық хан мен Жәнібек ханының ұлдары Қасым, Әдік сұлтандардың арасында көліспеушілік туындалап, сонында 1511 жылы Бұрындық хан қазак хандығынан кетуге мәжбүр болады.

Қасым ханының қасқа жолымен тарихта аты қалған ол 1511-1521 жылдар аралығында Қазақ хандығының күштейіп, нығаюына, Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін жүргізген күрестерге белсene қатысып, басшылық етеді. Қасым хан тұсында Қазақ әскерінің саны 200 мың, халқының саны бір миллионға жетеді. Шекара батыста – Еділге, онтүстікте – Ташкентке дейінгі жерлерді қамтыйған. Мен бұлардың барлығын ойымнан шыгарып отырған жоқпын, нақтылы деректерге сүйенудемін. Осыларға орай айтпағым, Қазақ хандығының алғашқы туы тігілген киелі мекен Қордай ауданындағы «Қозыбасы» емес, Шу өңірінің іргесіндегі Хантауы деп сеніммен айта аламын. Өйткені, «Хантау» мұндай атау бекерден-бекер айтылмайды. Ханының ордасы тігілген, туы көтерілген жер болған соң айтылады. Ол таудың басында немесе баурайында халық Керей сұлтанды ақ кигізге орап хан көтермей тұрғанда ол таудың аты «Қозыбасы» болған. Хантауының басы шынында да қозының басына

ұқсайды. Хантауының үш бөлігі бар. Ең биік шоқысы - Сұнкар, екіншісі - Көк шоқы, үшіншісі - Қызыл шоқы. Сұнкар тұра қошқар болатын қозының дөн маңдайы, ал Шуға қарай біртіндеп аласарып барып, көкжиеекке бататын жотасы тұра қозының тұмсығына ұқсаса, Сұнкар шоқысының ту сыртында тұрған Қөк шоқы мен Қызыл шоқы қозының екі құлағына ұқсайды делінген.

Көпшілік мән бере бермейтіндей мына жайтты да еске салғым келіп отыр. Табиғаттың ерекше сыйы-Хантауының өзгешелігі сол, қай жағынан қарағанда да 50-60 шақырымнан мен мұндалап айқын көрінеді. Сондықтан үш бірдей Хантағылар орналасқан жерлер жан-жакты шолу жасауга өте қолайлы. Шу ауданының шығысындағы Дақайнар ауылынан 10 шақырымдай онтүстікте Қарауылтөбе орналасқан. Сол Қарауылтөбенде арасы 50-60 метрден алты төбешіктегі бар екендігі мәлім. Сондай-ақ, Қарауылтөбенен 50 шақырымдай солтүстіктері Хантауының Сұнкар шоқысы маңында да алты төбешік алыстан байқалады. Бұл төбешіктегі жаугершілік заманда сыртқы қауіптердің тонуіне байланысты, арнайы күзеттерінің көмегімен хандарға от жағып хабардар етіп тұруға пайдаланғандары анық. Сұнкардан 40 шақырымдай қашықтағы Хантактарында отырып-ақ Керей бабаларымыз жүздеген шақырымнан ыңғайлап жаудын шабуылын алдын ала біліп немесе еліне қосылуға келе жаткан жұрттың ауқымын бажайлап сақадай сай тұру жағын да ойластырған екен. Бұл да бабаларымыздың салиқалы саясатының жарқын бір көрінісі емес - пе!

«Ауруын жасырғанмен өлім әшкерелейді» – демекші, біз қашанғы жасанды бұрмалаушылыққа жол беремекпіз. Тарихымыздың ақ-қарасын анықтап алмай тұрып, ұялмай-қызармай қалай той тойламақпыз? Тіптен

Қазақ хандығының құрылған мерзімін дұрыс белгілей алдық па? Шу өнірі мен хандарымыздың киелі мекені Хантауы аймағында зор құрметпен бастау алып еліміздің орталық пен солтүстік өнірлерінде жалғасуға тиісті мерейтойдың Хантауынан 400 шакырым қашықтықтагы Таразда өткізілуі әділетті де онды шешім дей аламыз ба? Тіптен, Солтүстіктегі Павлодар қаласына Керей ханының Рудныйға әз-Жәнібектің атын беру туралы баспасөз беттерінен игі бастама көтеріле бастап еді, қаңтардың аяғында «Ономастика» да жоғарыдан Мораториймен кісендеді.

24.03.2015 ж. «Қазақ елі кz» 2. 04. 2015 ж.
Кысқартып жасариялады.

Шу өнірі - қазақ хандарының ту тіккен мекені

Шу өнірі - тұнған тарих. Ал, өз атамекенінің тарихын зерттеу - жас ұрпақ алдында тұрган үлкен міндет, атадан қалған аманат. Аманатты арқалау тек ізденімпаз, ел ертенін бақылай да, бағалай да алатын білімді жас ұрпаққа жүктеледі.

Біз жас ұрпақ - ұлы даланың көнін жалғастырушылармыз! Биыл қазақ мемлекеттілігінің негізі қаланғанына 550 жыл толып отыр. Осыған орай, менің туған өлкемнің бай тарихи мұрасын зерделеуге деген қызығушылығым арта түсті. Сол себепті, осы айтулы оқиғаға байланысты мәліметтерді іздестіре бастадым. Бірде «Шу өнірі» газетінің 2015 жылдың 10 қаңтардағы санында жарық көрген ауданың айтулы азаматы Уақтегі Мәкен ағайымыздың мақаласын көзім шалдды. Ағамыз өз мақаласында қазақ хандарының ту

тіккен мекенін сексеннің сенгіріне келген Шәріпбаев Шоман атамызың көрсете алатындығын жазған еді. Бұл жайлы мен өзімнің жетекшім, тарих пәнінің мұғалімі Омбаева Гүлнұр Бакытқызына айтып, екеуіміз ауданының Құрметті азаматы, қажы Омбаев Тоқтасын атаниң көмегімен Уақтегі Мәкен ағайды жолықтырып, Хантауымен танысып қайтуымызға көмектесуін өтіндік. Шу ауданы әкімінің орынбасары Аймамбетов Ербол Еркінұлының қолдауымен 18 наурызда экспедициялық керуен ұйымдастырылып, 14 адам Шу өнірінің Хантау елді мекеніне жолға шықтық. Экспедиция құрамындағы тарихшы ұстаздар: Гұлзагира Жақыбаева (С.Шәкіров ат. орта мектеп), Жансұлу Дуанбаева (Еңбекші орта мектебі), Гүлнұр Омбаева (М.Макатаев ат. Тірек мектебі) Нұржан Мендібаев (М.Әуезов ат. орта мектеп), Елдар Әбдікерімов (М.Х.Дулати ат. орта мектеп) аса қызығушылық танытты. Экспедиция мақсаты – Хантау жеріне ту тіккен Қазак хандарының мекен еткен жерімен танысып, көзбен көріп келу еді. Жас зерттеуші ретінде бұл экспедиция маған өте үнады.

Бұл жерлерге бізді Шоман ата мен Фалым Төлеубаев жол бастап апарды. Шоман атадан өте көп қызықты мәлімет алдым. Атаниң айтуынша, Керей ханның қабірі Хантау жеріндегі Шаян тас пен Теректі өзенінің теміржолға жакын маңында еken. «Керей ханның қабірін арнайы құралдармен іздеу керек, табылып қалар», - дейді Шоман ата. Бізге тіпті мүмкін болатын жерін де көрсетті. Экспедиция барысында «Үлкен хан тағы» мен «Бала тағы» және «Кіші хан тағы» мені ерекше таңдандырды. «Үлкен хан тағына» шығып көрдім, керемет сезімді басымнан кешірдім, биіктігінен бүкіл аймақ алақанындағыдай көрінеді еken. Көзіме сол жерде отырып жан-жақтан елші қабылдап, хабар алдырған хандар бейнесі елестеді.

Мәкен Уақтегі «Үлкен хан тағын» Жошы ханның тағы, ал «Кіші хан тағын» Керей ханның тағы екендігін және «Бала тағында» 1480 жылы Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін Бұрындық хан отырғандығы туралы өз пікірін айтты. Экспедиция «Хан корасына» сапармен жалғасты. «Хан корасы» жағалай биік жартастармен әдейілеп қоршап жасалған табиғи қора іспеттес құрылым болып шықты. Мәкен ағай: «Мемлекеттің берік негізін қалап алу үшін Керей хан ұзак уақыт бойы бір жерде отыруға мәжбүр болды, сол себепті осы «Хан корасы» Керей ханның малдарының қыстауы болған болуы керек», - дейді. Бұл жерді қазірге дейін кейбір адамдар малдарына тұрак ретінде пайдаланады екен. Бұған ол қораның жеріндегі қалың қабатты малдың киы долел бола алады. Бұл сапардан мен ерекше әсер алдым. Бұл тарихи ескерткіштерді болашақ ұрпақ ұмытпай, көздің қараашығындақ қастерлеп, есте сактауы тиіс. Сондыктан, бұл жерлерге аспан астындағы тарихи мұражай аның немесе ең болмағанда ескерткіш тақта орнату керек дең есептеймін. Әркім сол жерлерге барғанда еш қындықсыз атаулы орындарды тауып алатында болуы тиіс. Біз өз еліміздің бай, шежірелі тарихын насиҳаттан, атабабаларымыздың мол мұрасын дәрінтеуіміз керек. Шу өнірі – қазақ мемлекеттілігін алтын бесігі. Бұл ақиқат!

Осы іс-шараны ұйымдастырып, колдау білдірген есімдері жоғарыда аталған азаматтарға алғысымыз шексіз. Осындағы азаматтардың арқасында еліміз коркейс бермек!

*Мұқагали Мақатаев атындағы
Тірек мектебінің (Ресурстық орталық)
9 сынып оқушысы Догдырбай Еркеніз.
«Шу өнірі» 15. 04. 2015 ж.*

Керей ханға кесене орнатылмай тұрып, қалай той тойланбақ!?

Президентіміздің пәрменімен биылғы қой - 2015 жылы Қазақ хандығының туы көтеріліп, мемлекеттігіміздің іргетасы қаланғандығының 550 жылдық мерейтойы кен көлемде аталыш өтілмекші. Куаныштысы, соңғы кездерде қымбатшылықтың күрсауына қыстырылған “қойдан да жуас” халқымыздың еңсесінің бір көтеріліп қалары сөзсіз. Онда да мерейтой бүкіл халықтың деңгейде жасанды бұрмалаушылықпен өтпеген жағдайда ғана. Бұл жөнінде кейінірек қайта оралармын.

Қолыма қалам атуға итермелеген жайт, “Жас Алаштың” 2014 ж. 19 желтоқсандағы мойынкүмдүк азамат Т.Қалдарбеков мырзаның “Шу қаған туралы не білеміз” атты шағын мақаласы. Соган байланысты айтарым:

...Ортағасырда өмір сүрген арабтардың ұлы ғалымының бірі әл-Максиди өзінің бір еңбегінде: Шу өнірінің есімі әлемге әйгілі Зұлқарнайынның өзін айлакерлігімен бітімге келуге мәжбүр еткен атақты Шу батыр есімімен тығыз байланысты” - деп келтірілті. Ескендір Зұлқарнайын Македония елінің біздің жыл санауымызға дейінгі 336-323 жылдардағы әйгілі патшасы әрі асқақ қолбасшысы болғандығын ескерсек, қаған Шудың Шу қаласын салдырғаны 2300 жылдан астам уақытқа пара-пар.

Бұл туралы Қытайдың ұлы тарихшысы Сымба-Цянь:

- Шу үлкен мемлекет, құнбатыста Қытайдан алыс жерде тұрады десе, белгілі орыс ғалымы Радлов: Шу қаласы салынғанда Сайрам, Талас (Тараз), Баласағұн қалалары жоқ болатын деген. Сондай-ақ бұрынырақта Шу батыр жайлы “Егемен Қазақстанда” Асқар

Егеубайдың поэмасы да жарияланып, шулық қаламгер Жақан Қожагұловтың зерттеу мақалалары жарық көрген. 2006-2007 жылдары осы жолдардың авторы (М.У.) өзімнің де “Шу атауы қайдан шықкан” атты мақалам “Шу өнірі” мен облыстық “Ар-Ай” газеттерінде жарияланып, 2007 жылы Тараздағы “Сенім” баспасынан жарыққа шықкан “Жамбыл облысының топономикалық атауларының анықтамасы” жинақ кітабының 525-бетінде (екінші басылым) басылды. Өте ертедегі Хожент өзенінің кейінрек батыр Шудың құрметіне Шу өзені, деп аталғаны да тарихтан белгілі.

Дейтүрғанменен өзен де, аудан да, кала да басқа атау табылмағандай қайта-қайта жаңғыртылып Шу есімімен аталатындықтан көптен ауданның атын алғашкы Қазак ханының есіміне ауыстыруды бірқатар басылымдарда жазып, қозғап жүргенім рас. Мұның қандай әбестің і бар? Мұмкін Тұрсынтай бауырым Керей ханының есімін Шу ауданына емес, Мойынқұм ауданына бергізуді қалайтын шығар.

Қалай айтсақ та осыдан 560 жылдай бұрын Қазак хандығы Шу өзенінің бойындағы кейіннен Хантауы атанған Қозыбасыда ту көтерген. Бұл туралы көптен бері жазылып келеді. Ал. Т.Қалдарбеков болса, “нагыз” Қозыбасы Ақбакай-Мирный трассасы бейнелдеги “Алатағы” десе, еңбек ардагері Есенаман Ошакбаев “Мойынқұм таңы” газетінің 2011 ж. 11 қарашадағы санында: “Керей хан мен Жәнібек хан Әблілкайыр ханнан бөлініп, бір түмен елмен, мыңғырған маңымен Мойынқұмға келіп қысталап, көктемде “Тұлпарсазда” Керейді ақ кигізге көтеріп хан сайлаған деп жазады. Сондай-ак, тағы бір деректе: “Әділ әрекетімен дана саясаттың арқасында ел жадында әз-Жәнібек деген киелі есіммен қалып, аты аңызға айналған ханымыздың

тұрақ жайы Керегетас деген жерде күні бүгінгө дейін “Хан қорасы” деп аталатын осы қасиетті мекен жай Қарабөгет ауылынан 15 нақтысы 40-45, Ақбақайдан 50 шақырым жерде дейді. Бұл дерекке сенсек Тұрсекен айтқандай Ақбақай-Мирный багытынан қарама-қарсы 100 шақырымдай басқа батыс жағында. Мойынқұмның тұмасы Т.Оспанбековтың 2003 ж. жарық көрген “Ақбақай” кітабының 13 бетінде: “Өмірбек Байгелді ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары «Ақбақайдан 40-50 шақырым жердегі Керегетаста Керей мен Жәнібек сұлтандар тұнғыш Қазақ хандығының туын тіккен», дейді. Мен бұның барлығын ойдан емес, сақтап отырған жеке мұрагатымнан келтірудемін.

Мына жайды айтпай кетуге болмас. 1997 жылы О.Әбдікәрімов (мем. хатшы) Ә.Кекілбаев, ғалымдар М.Қозыбаев, К.Байпақов, облыс әкімі А.Тшанов, т.б. Хантауының терістігін зерттең нағыз “Қозыбасы” болу керек деп кетеді. Олардың пікірін 2003 жылы ғылым докторы М.Қойгелдиев бастаған делегация да тексеріп қолдады, - деп Е.Ошақбаев өзінің де бірге болғанын жазады.

Таңқаларлығы дәл сол 1997 жылы жоғарыдағы мемлекеттік комиссия өкілдері Қордай асуындағы Алматы-Бішкек тасжолының 172-шақырымындағы шоқыны “Қозыбасы” деп, Қазақ хандығы осында ту тікті қылыш үйғарады. 2006 жылы Ә.Кекілбаев бастап М.Қозыбаев, М.Тажин, К.Байпақов, бұрынғы облыс әкімі А.Тшанов пен архитектор Дембай, археолог К.Байбосынов, зерттеуші Б.Әбілдаев, Қордай ауданының әкімі Б.Әденовтер осы жерге ескерткіш орнату керек деп шешеді. Президент те қолдады деп мемлекеттік туды қадау үшін Қ.Тұрысов арнайы келеді. Ал С.Дембай ескерткіштің сұлбасын (эскизін) жасайды.

Өкініштің кейін бәрі аяқсыз қалды деп, облыстық “Знамя труда” газетінің 2014 ж. қарашаның 11-санында “Начало начал” тақырыбымен К.Оршабеков қалам тербейді.

Мемлекет тарапынан “мүйізі қарағайдай” ғалымдар мен белгілі қоғам қайраткерлерінен құрылған комиссия шалғайдағы Кордай асуына аландаганша Шу өнірінің Хантау аймағын көне көз, өлкे тарихынан хабары бар зерделі ел агаларын қатыстырып зерттегендеге Казак хандығының туы тігілген киелі мекен әлдекашан анықталатын еді гой.

Десек те жоғарыда аталып өтілген “Жамбыл облысы топономикалық атаулар анықтамасы” жинақ кітабының 230-бетінде: “Хантау” мұндай атау бекерден-бекер айтылмайды. Ханның ордасы тігілген, туы көтерілген жер болған соң айтылады. Ол таудың басында немесе баурайында халық Керей сұлтанды ак кигізге орап хан көтермей тұрғанда, ол таудың аты “Қозыбасы” болған. Хантауының басы шынында да қозының басына ұқсайды. Хантауының үш болігі бар, ең биік шоқысы - Сұнкар, екіншісі - Көк шоқы, үшіншісі - Қызыл шоқы. Сұнкар тұра қошқар болатын қозының дөң мандайы, ал Шуга қарай біргінде аласарып барып, көкжиекке бататын жотасы тұра қозының тұмсығына ұқсаса, Сұнкар шоқысының ту сыртында тұрған Көк шоқы мен Қызыл шоқы қозының екі құлағына ұқсайды. Хантауының далалық бетіне жақын орналасқан “Ханның үлкен тағы”, “Кіші тағы”, “Ханның қорасы”, “Ханның жолы”, “Ханның өзені” - деген атаулар бар делінген.

Сондай-ақ, облыстық “Ақжол” газетінің 30 қазан 2014 жылғы санындағы “Қозыбасы мен Хантау” тақырыбында Н.Оспанбекованың – ҚР мәдениет қайраткері; С.Досымбеков – облыстық мұрағаттың қызметкері:

- “Ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулатидың “Тарихи “Рашиди” кітабында Қазақ хандығының құрылған жері – Шу бойы мен Қозыбасыда” деп айтылады. Міне, осы 1465-1466 жылдары Қазактың алғашқы хандары Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығының туын қадаған жері осы Мойынқұмның төріндегі Хантауы, - деп нақтылаған.

Дейтүрганменен “Жас Алаштың” 11 қараша 2014 ж. санындағы тарих ғылымдарының докторы Қуандық Есенгазының “Өз ұлттының тарихын бұрмалау - өз әкенді езің ұрып өлтіргенмен бірдей” мақаласында: Ортағасырлық атақты тарихшы Мұхамед Хайдар Дулатидың қуәландыруы бойынша бұл окига 1456 жылы болған. дей келе “Кейінгі зерттеушілер 1465 жылды, тіпті бұдан соңғы кезеңдерді атап жатады. Бұл тарихшылардың пайымдауынша Қазақ ордасының ту көтеріп, ірге бекітуі тек Әбілқайыр хан кенеттен қайтыс болған соң гана жүзеге асқан сияқты. Осыған дейінгі ұзақ он екі жыл төптөң күрес үстінде өткені есепке алынбайды. 1465-1470 жылдар хандықтың құрылған емес, нығайған уақыты, халықтың өз тәуелсіздігін емес, көрші жүрттарға біржола танылған мезгілі деген М.Магауиннің тұжырымы сол кездегі тарихи оқиғаларды зерттеген өзге де тарихшы-ғалымдар пікірлерімен үндес деуі орынды сияқты. Бұған қосымша нақты дәлел:

Б.Кемеков, М.Қойғелдиев. М.Мырзахметұлы сынды айтулы ғалымдардың редакциялық кеңесімен “Қазақ Энциклопедиясының Бас редакциясынан” Алматыда 2003 жылы жарық көрген “Тараз. Жамбыл облысы Энциклопедиясы” кітабының 268-бетінде: “1457 ж. күз айының соңында көшіп келген екі сұлтан ұлыстарымен Шудың төменгі бойын қыстал шығып, 1458 жылдың ерте көктемінде Керейді ақ кигізге көтеріп хан сайлайды. 1465-1466 жылдары Керей хан қайтыс болғаннан кейін

Жәнібек хан билікке келеді. Бұрындық ханның билік құрған жылдарын есептемегенде, Қазақ хандығының билігі осы кезден бастап Жәнібек ханның ұрпақтарына толық көшеді. Сол себепті болу керек 1541-46 ж.ж. (сексен жылдай откен соң. М.У.) жазылған “Тарихи-и-Рашидиде” қазақ сұлтандарының билік ете бастауы 870-шы жылдан (1465-1466 ж.ж.) басталады деңінеді. Осы кезеңмен 550 жыл деп алғынып отыр. (М.У.) Осы “Тараз. Жамбыл облысы әнциклопедиясы” кітабының 302 бетінде:... “Аңыз мәліметі бойынша “Керей хан Қазак хандығын 10 жылдай билеген және Хантауы етегінде жерленген. Керей ханның қандай жағдайды, қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жок” деп жазылған.

Осыған орай, тарихшы-ғалым болмасам да мен (М.У.) Керей сұлтанның акқиізбен көтеріліп, хан сайланған жері Қордай асуы емес. 1458 жылы Хантауда болған деп, сеніммен айта аламын. Ал, Жәнібек сұлтан 1465-66 ж. ж. Мойынқұм ауданының Қарабөтет ауылы аумағындағы “Керегетаста” таққа отырып, әділетті басшылығымен Әз-Жәнібек атанғаны анық.

Қосымша айтпағым, менің өзім де 1980 жылды жұмыс бабымен Хантау жайлауына қатынап жүргендеге байқағаным, ескі корымдар көптеп кездескендіктен “Көпкорған” деген жер бар екендігі әлі күнге жадымда сақталуда. Даңкты шопан, Еңбек Ері, сексеннің сеніріне таяған Шоман Шәріпбаевқа хабарласқанымда:

- Бала күнімде үлкен кіслерден естуімше, Керей хан қайтыс болғанда Теректі өзенінің Шаянтаска жакын теміржолдың маңына жерленген деуші еді. Үлкен хантагы мен Кіші хантагының қай жерде екені де маган бе. и.н. Және де Бату [Жошы ханның баласы болу керек. М.У.] ханның баласының өліміне байланысты “Аксак құлан” күйінің шыққан жеріндегі орды, сонымен бірге төрткүл

әлемді ерекше қызынушылықпен таңқалдыратындағ Шынғыс хан жайлы аса құнды деректі мекенді де көрсете аламын. Зерттеуші ғалымдар мен жазушы-журналистер сенімді көліктерімен арнайы келсе,-деп еді. Бұдан өзге қандай дәлелдер қажет?

Мені ойландыратыны, Т.Қалдарбеков мырзаның өзі жазғандай елімізде 4 Қозыбасы бар десек, бір ғана Мойынқұм ауданының өзінде ғана үш жерде Керей сұлтанды аққиізге көтеріп хан сайлағаны ма? Меніңше, жаңадан құрылған хандыққа жан-жактан ат арылтып келетін көпшілікке “Алатағыдай” көп төбенің бірі емес 50-60 шақырымнан мен мұндалап көрінетін Хантауы нағыз Қозыбасы болған деп ашық айта аламын.

Енді биылғы қой жылы тойланатын мерейтой жайына ойыссам. «Дат» газетінін 27 қараша 2014 жылғы санындағы «Қазақ хандығының мерейтойы неге Шу өнірінде өтеді?» деген макаламда «Той тойлауды әдеттегідей жасандылыққа бой алдырмай, шынайы турде атап өткенге не жетсін!» - деп жазғанмын. Бірақ амал не? Жұртшылық болып шаттаңғанымыз, осы игілікті шара Шу ауданында аталағы өтіледі деген алғашқы қуанышты хабар еді. Өткен жылғы қарашаның басында Премьер-Министрдің орынбасары Б.Сапарбаев тікүшақпен келіп, өніріміздің аткамінерлерімен қолайлы-ау деген Шу-Қордай жолы бойындағы “Жадыра”, “Қарауылтөбе” аймактарын шолып, барлап қайтады. Одан кейін Шу-Талас аймағы аталағы, кейіннен Таразда Керей мен Жәнібек хандарға ескерткіш орнатылып сол маңайда тойланатын болды деп шешілді.

Өйткені, шет елдерден шақырылатын “мәртебелі” қонақтардың жайғасуына Шудың қонақ үйлері мен мейрамханалары жоғары деңгейде емес дегендей... Оның үстіне өнірдегі автожолдардың нашарлығы. Тіптен

халықаралық бағыныстағы трассаның Шу-Бурылбайтал арасындағы 180 шакырымының әбден тозығы жеткені. Шу-Меркі бағытындағы 100 және Шу-Қордай бағытындағы "Батыс Қытай - Батыс Еуропа" автобанына дейінгі 60 шакырым жол да, жетісіп тұрган жок.

Осы күре жолдардың әсері ме, әу баста еңсесі көтеріліп қалған жұртшылықтың мерейтойдың Тараз қаласында өтетінін естігеннен кейін көңілдері "су сепкендей" басылып қалды. Осыған караганда Керей-Жәнібек бабаларымыздың Ұлттық мемлекеттігіміздің іргетасын қалапғандығының мерейтойы шынайы халықтық сипатта емес, жасандылықпен атқамінерлер мен шеңелдік шенеуніктердің көңілдерін көтеретін мерекелеріне айналып кеткелі тұрган сыңайлы. Бұғандегі касиетті Шу өнірі кай жағынан болмасын "жетім баланың" күйін кешіп тұр. Мойынқұмдық ағайындар ренжімес, өйткені ежелден бұғінге дейін "базары аралас, қойы қоралас" болғандықтан Қазақ хандығының туы тігілген жер Шу бойы мен "Қозыбасы" екендігіне түсіністікпен қарайтын шығар.

Ең алдымен нагыз "Қозыбасыны" нақтыладап алсақ деймін. Содан кейін бұрында жазғанымдай ауданның көрікті жеріне Керей-Жәнібектің ескерткішін тұрғызып, ауданның атын алғашқы Қазақ ханының есімімен атап, халықаралық конференция мен ақындар айтысы өткізілсе. Тіптен тоғыз жолдың торабы - Шу қаласындағы темір жол бекетінің алдына қаған Шу батырдың сәулетті ескерткіші орнатылса кәнеки. Бұл жайында журналист ұстаз Несіпхан Қонырбаев деген азамат жазып, көтеріп келеді.

Сондай-ақ теріскейдегі Павлодар қаласына да Керей ханының есімі берілсе (орекендер ренжімес. Павлодар облысы болып қалғаның өзі тақияларына тар келмес)

єте орынды болатыны анық. Ал хандарымыздың мекеніне айналған Хантауында Керей ханға кесене тұрғызып, аспан асты мұражайын аттып, келешекте шет елден туристерді кеңінен тарту жағын жүзеге асырсақ қана, Керей-Жәнібектей бабаларымыздың әруақтары риза болып қана қоймай, халқымыздың, әсіресе Шу мен Мойынқұм жұртшылығының рухы көтеріліп қалатыны айдан анық еді.

Қынжыларлығы, облыс әкімі К.Көкірекбаев зиялы қауым өкілдерімен кездесуде: келесі жылы еліміз үшін үлкен оқиға - Қазак хандығы құрылғанының 550 жылдық мерейтойы еkenі бәрімізге мәлім. Айтұлы мерекені қайда тойлау керектігі әр жерде әңгіме болды. Дегенмен, Астанада осы бір маңызды мәселеге қатысты болған басқосуда мен бұл шараны Жамбыл өнірінде, Тараз қаласында өткізу керектігін ұсындым. Хат та жолданды. Накты шешім қандай болады еken дел, әрі-сәрі күй кешіп отырғанымызда акжолтай хабар да келіп жетті. Иә, біздің өнірде өтетін болды. Бәлкім конференция мен концерт Астанада өтетін де шыгар. Өйткені елдігіміздің мерейі елордамыз ғой. Дегенмен, осы ұлы тойды, еліміз үшін маңызы бар датаны дұрыс ұйымдастыру үшін әрі-бері ойланып, 20 миллиардтың жобасында қаржы қажеттігін түсіндік. Ол оңтайлы шешімін табуда дейді. ("Ақ жол". 23.12.2014 ж.).

Қоғамымызда мызғымастай қалыптасқан “Нұрлы жолды” көсемімізден бастап қай әкім-қара болмасын, қай шенеунік болмасын аса маңызды да өте өзекті мәселелерді халықтың ой-пікірлерін таразылай сараптап шешуші ме еді? Осы келеңсіз үрдістің айна-қатесіз қайталанғанын кайтерсіз. Шу өнірінде туып-өскен Кәрім Нәсбекұлы мырза өзім білерлікті осындай қадамға бара қояды деген ой менде ешқашан болған емес. Амал қанша!

Той тойланар, ішілер желінер, уақыт өте келе біртебірте бәрі де ұмытылар, сондықтан ертенгі күннің еншісіне жастарымызға, келер ұрпаққа тарихи-тағылымды қандай үлгі-өнегелі істер қалдырмақпыш?

28. 01. 2015 ж.

N 9. 6. 03. 2015 ж. «Қазақ елі» кz – те қысқартылып жарияланды.. Өкініштісі, елімізге танымал - «Жас Алашқа» 04. 01. 15., «Дат-қа» 12. 01. 15., «Егемен Қазақстан» мен «Қазақ Әдебиетіне» 28. 01. 15. ж. жіберілгенімен үнсіз қалды.

Той тойлаудан халыққа қандай пайдада бар?

Был Қазақ хандығының 550 (бұл жайлы да әртүрлі пікір қалыптасты) жыл, екінші жаһандық соғыстың аяқталғанына 70 жыл, Ата Заңымыздың қабылданып, Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл атаулы мерекелері қатар-қатар келіп, «қақ түйенің қарны жарылғалы» тұрғаны қымбатшылықтан кинала бастаған халқымыздың еңесін көтеріп тастағаны ақынкат. Онда да осы ауқымды мерекелер азғана ат төбеліндей ак жағалылардың қуанышты қөңіл көтерер ішіп-жемдеріне айналып кетпесе екен дейміз?

Қазақ хандығы демекші, көптен бері тәуелсіз журналист М.Уактегі зиялды қауым өкілдерінің қолдауымен Шу өнірінде Керей-Жәнібек хандарға ескерткіш орнату жайлы баспасөз беттерінде жазып келген болатын. Игі бастамага қолдау көрсетудің орнына өткен жылдың жазында аудан орталығы Төле би ауылындағы саябақтың сәбилер ойнайтын алаңқайының

жанына Мұстафа Кемал Ата түріктің зәулім ескерткіші әп-сәтте орнатылып қойылды. Бұл туралы М.Уақтегінің аудан әкімі Б.Нұркеновке жазған хаты «Жас Алаштың» 2014 ж. 18 қыркүйектегі санында «Әлі де кеш емес» атпен жарияланды. Жоғарғы орындардан рұқсат болмағандықтан, ескерткіш қаңылтыр темірлермен коршалып тасталды. Осы жолдардың авторының бірі (Алтай Мырзаханов) менің арапасуыммен «Тан» телеарнасынан көрсетілді.

Дегенменен Астанадан ресми рұқсат келсе, биыл осы ескерткіштің салтанатты түрде ашылып қалуы ғажап емес. Ұлттық ар-намысымыз қайда? Елімізді, жерімізді корғаған хандарымыз бен батырларымыз жоқ па? Басында Шу ауданында тойланатын болған Қазак хандығының 550 жылдығы Таразда өтетіндігі бізді қынжылтады. Тарихтан белгілі болғандықтан Шу бойы мен Қозыбасы деп анық жазылған гой. Сол себептен, Шу өнірінде Керей ханның ескерткішін орнатып, Шу қаласы, Шу ауданы, Шу өзені деп қайталана беретіндіктен, ауданға да есімі берілсе. Ханның тауы орналасқан Мойынқұм ауданы Жәнібек ханның есімімен аталса, аудан орталығы Мойынқұм деп аталатындықтан. Ал Керей ханның Хан тауында жерленгені рас болса, көрікті кесене орнатылса.

Сондай-ак, Шу мен Мойынқұмдағы тозығы жеткен жолдарды қалыпта келтіріп. ғылыми конференция мен ақындар айтысы өткізілсе. Мемлекет тарапынан, яғни халықтың қалтасынан 550 жылдықта деп бөлініп жатқан 20 миллиард теңге қаражат осындай иғі мақсаттарға жұмсалуы керек қой. Ертедегі тас пен қола дәуірінен сыр шертетін Жайсан алқабы мен Түркі каганатының мәдени орталығы болған Баласағұн қаласы орналасқан Шу бойы мен Хантауында басталған той Астанада өрбіг, Павлодар, Өскемен қалаларында жалғасын тапса көнеки. Сондай-

ак, М.Уақтегі жазып, интернет желісінде де қозғалып жатқандай Павлодар қаласына Керейдің және Рудныйға Жәнібек ханның есімін берсе жарасып қана қоймай. Путин, Лимонов, Жириновский текстес әпербақандардың аузына күм құйған болар едік.

Мына жайтты да айтпай кетуге болмас. Екінші жаһандық соғыста киелі Шу ауданының өзінен мындаған әке-аталарымыздың қатысқаны мәлім. Олардың тек жартысынан астамы кайтыс болып, кейбірі хабар-ошарсыз кеткені жасырын емес. Бір ғана Шу өнірінен екі бірдей Кеңес Одағының батыры шықкан. Яғни, Сәду Шәкіров пен Саттар Естемесов. Олардың мұсіндері аудан орталығындағы саябақта Еңбек Ерлерінің мұсіндерімен қатар орналасқан. Осыдан 4-5 жыл бұрын Шу шаһарындағы «Женіс» саябағына С.Естемесовтің сәулетті ескерткіші тұрғызылған еді. Сәду ағара да ескерткіш орнатуға аудан басшылары қам жасап жатқаны жайлыш хабар да шықты.

Сонымен бірге Төле би ауылдың орталығында Шу өнірінен соғыска қатысқан майдангерлердің бәрінін есімдері жазылатын ауқымды тақта тастар жасалынып жатыр.

Бұл үлгілі істер аяқсыз калмайтын шығар деген ойдамыз.

Сонда да біздің айтпағымыз той тойлау бір басқа да халыққа, әсіресе өскелең үрпаққа не қалдырамыз. осы жағын ойластырсақ екен.

*Алтай Мырзаханов,
Ершиман Шаңлақбаев,*

*Манат Амирөв. Төле би ауылдың
тұрғындары («Дат» 05. 02. 2015 ж.).*

Хантауында қай хандар қайтыс болған?

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы жақындаған сайын түрлі басылым беттерінде сан алуан пікірлер жариялана бастады. Әлі де бір жүйеге түсіп қалыптаса алмағандығы анық байқалады.

Бұған бірден-бір себепкер жайт, ұзак уақыт қызыл империяның құрсауында болғанымыз бен жершілдік пен рушылдықты ала ауыздықтан арыла алмай келе жатқанымыздан деп ұғамын. Дегенменен, «Қазақ елі кз» апталығының 2 сәуір N13 санындағы алматылық қаламгер Т.Тәшеновтің «Қағанның тегі қазақ па?» деген және танымал құсбегі Жапар Сатылғановтың облыстық «Ақ жол» газетінің 9 сәуірдеңі санындағы «Керей мен Жәнібек ханның қабірі қайда?» атты мақалаларын оқыған соң бей-жай қала алмадым.

Ертеректен қызығушылық танытып, әр деңгейдегі басылымдарда алғашқы Қазақ хандарымыз жайлы жазып жүргендіктен осы жолдардың авторының бастамасын аудан әкімдігінің қолдауымен өлкениң бірқатар тарихшы ұстаздарымен Қазақ хандығының туы көтерілген Хантауы аймағына Ұлы Наурыз мерекесі қарсаңында автокеруен ұйымдастырғанбыз. Бірліктік жол көрсетуші Ғалым Құрманғалиұлы мен данқты шопан, Еңбек Ері Шоман Шәріпбаев ақсақалды да бірге апарған едік. Өйткені хабарласып тұрғанымда Шоман аға:

- Бала күнімнен ата-анам мал баққандықтан Хантауының баурайында ер жеткенмін, Сондықтан да киелі таудың әр тасы, әр шатқалы мен түкпірі маған етене таныс. Жасөспірім шағымнан үлкендердің айтқандарына мән беріп саралап жүретінмін. Өзің (М.У.) сұрап журген

Керей хан Теректі өзені мен Шаянтастың аралығындағы қазіргі теміржол маңына таман тұста жерленген деп естігенмін. Егер яки ғалымдар тексергіш құралдарымен келсе тауып беруге көмектесер едім. Сондай-ақ қайбір жылдары баспасөз беттерінен жапон ғалымдары монгол жұртының шартарабын зерттеп Шыңғыс ханның жерленген жерін таба алмағанын оқығанмын. Содан бастап баяғы балалық шағымда Балқаш көлінен арбамен тұз таситын керуениң басшы қариясының Хантауына қона жатканындағы айтқандары еміс-еміс есіме түсे бастады. Ол кісінің айтып көрсеткені:

- Шыңғыс Қағанының "Қостұма" өзенінің бойына жерленгені анық. Біраз уақыт бұрын мойынкүмдік белгілі азаматқа (атын атауды жөн санамадым М.У.) айтқанымда ол жігіт сақалды ғалым археологты құр-қол зерттейтін құрал-саймансыз алып келіп, анықтай алмай кеткен болатын. Сексеннің сенгіріне жақындағым. енді қанша ғұмыр кешерім белгісіз. арманым Керей мен Шыңғыс хандардың жатқан жерлерін анықтатып ертеңі үрпақтарыма сый жасап кетуге Жаратқан ие насін етсе дейтін. Тарихшы ұстаздармен қасиетті теріскей төріндегі "Үлкен Хантағы", "Кіші Хантағы", "Бала Тағылардың" баурайында басқосқанымызда жолбасшы Галым інінеск пен Шоман аға Хантағылар туралы білетіндерін ортага салып қызығарлықтай мәліметтер бере алды. Менің топшылауымша көп жылғы зерттеуге сүйенсек Шыңғыс ханниң заманында Шу өнірі де, Арқа да Жошы хан ұлысының қарамағында болғандыктан ең биік шоқының бірі - Үлкен Хантағын Жошының пайдаланып, Кіші Хантағына Керей хан отырған секілді. Іргедегі Хан корасын Керей хан жаз жайлауында ел жұртының басын қосып қолайлы болғандықтан корасын көбейту үшін пайдаланғанға ұқсайды. Аныз дерегі бойынша Жошының

баласының өліміне байланысты "Ақсак Құлан" күйінің шығуна себепкөр болған ордын да ізі сайрап жатыр. Жошы хан мұнда көп тұрактамай терістікке бет алып, арқа төсіндегі Ұлытау барайындағы Қаракенгір өзенінің бойында қайтыс болып, кесене тұргызылғаны белгілі.

Шекен:

- Карсы болмасандар "Костұма" өзені бойындағы Шыңғыс хан жерленді деген жерді көрсетуге даярмын,
- деді.

-Аға, елімізге танымал археологтардың бірімен хабарласып тұрмын, олар облыс басшыларына ресми хат жолдаған көрінеді, мамыр-маусым айларында Хантауға арнайы зерттеуге келіп қалулары ғажап емес. Сол кезде өзінізді зерттеуші ғалымдармен байланыстыруға тырысамын, ең алдымен Керей ханың жерленген жерін тауып беруге көмектессеңіз екен, - дедім.

Мойынқұмдық еңбек ардагері Есенаман Ошакбаев ағамыз "Егемен Қазақстанның" 21 наурыздағы санында "Мойынқұм" атты көлемді мақала жарияланты, сөз жок дәлелді деректермен жазылғаны сүйсіндейді. Дейтүрғанменен: - Қозыбасы жөнінде әлі айқындалмаған, айқындауды қажет ететін талас тудырып отырған жайлар бар. Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің "Тарих-и Рашиди" еңбегінде Керейдің хан сайлануы Шу бойы, Қозыбасы. Тұлпарсаз қыстауы, Мойынқұм құмы - деп көрсеткен. Бұл ретте "Тарих-и-Рашиди"-де төменгі Шу бойы Қозыбасы шоқысы деп жазылғанымен Тұлпарсаз қыстауы Мойынқұм құмы деп жазылмағаны айдан анық. Егер дәл солай жазылғанда тарихшы зерттеуші ғалымдарымыз баяғыдан-ақ нақтылы тоқтамға келетін еді гой. Біз Хайдар Дулати бабамыздың "Тарих-и-Рашиди" кітабын алғашқы Қазақ Хандығының туы тігілген мерзімінен соң 80 жылды артқа салып 1541-46 жылдары

Үндінің Кашимир қаласында жазғандығын ескергеніміз жөн шығар. Қазақ сұлтандарының билік ете бастауы 870 жылдан (1465-66 ж.ж.) басталады делинеді. Оған дәлелді айғақтар Алматыдағы Қазақ энциклопедиясының "Бас редакциясы бастасынан 2003 жылы жарыққа шықкан "Тараз, Жамбыл облысы энциклопедиясы" кітабының 268 бетінде: "1457 жылы күз айының соңында көшіп келген екі сұлтан ұлыстары Шудың төменгі бойын қыстал шығып, 1458 жылдың ерте көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Ал он шакты айтуы ғалымдардың редакциялық кеңесімен Алматыдан 2006 жылы жарыққа шықкан «Тарих Ата Қазақ хандығы» кітабының 20-бетінде: "Керей хан Қазақ хандығын 10 жылдай билеген. Аныз бойынша Хантауы етегінде жерленген" - деп тайға таңба басқандай жазылған. 1465-66 жылдары Керей Хан қайтыс болғаннан кейін Жәнібек хан билікке келеді десе, "Жамбыл облысының топономикалық атауларының анықтамалары" (Тараз 2007 ж.) кітабындағы 455-бетте: - Халқымыздың ұлт болып ұйып, өз мемлекетінің тұнғыш туын көтерген жері көзіргі Мойынқұм ауданына карасты Қарабөгет ауылының аумағында жатыр. Әділ әрекетпен дана саясаттың арқасында ел жадында әз-Жәнібек деген киелі есіммен калып, аты анызға айналған біртума ханымыздың тұрак жайы - Керегетас деген жерде. Құні бүгінге дейін "Хан қорасы" деп аталатын осы қасиетті мекенжай Қарабөгет ауылынан 15 (нақтылы дерекпен 40-45). Ақбақайдан 50 шакырымдай жерде жатыр деп анық жазылған.

Бұл жағын ескерсек. Керегетас Жәнібек ханының 1465-66 жылдары таққа отырған киелі орыны болу керек. Е.Ошақбаев ағамыздың келтірген "Тұлпарсазы" сол аймаққажақын болғандықтан Қазақхандығының күшейін, ескерлерін жасақтай бастағандықтан, жауынгерлердің

қиян-кескі ұрысқа дайындалып жаттығатын аландарына айналғандығы анық. Осыған орай айтпағым, әз-Жәнібек ханның жерленген жерін Керегетас аумағынан іздестірген жөн шығар. Ал алғашқы ханымыз Хантауының етегіне жерленген деген аңызды дерекке сүйенген ғалымдардың тұжырымы мен Шоман Шәріпбаев ақсақалдың айтқанын археолог ғалымдар дәлелдеп анықтап жатса, Керей хан Кіші хан тағына отырған болып шықпайды ма. Онда 1480 жылдары Жәнібек хан қайтыс болған соң Керейұлы Бұрындық ханның "Бала тағын" иеленгендігі әбден мүмкін.

Әйткені. өңменіңнен өтетіндей азынаған желді де, боранды жазық даладан да Хантауының қойнауы елге де, мал жанға да, тіптен аң құска да қолайлы. Қазіргі күннің өзінде Кеңестік заманнан қалған қыстауларды қөптеген шаруа қожалық иелері пайдаланып, қойларын қоздатып, малдарын төлдетіп отыр, тіптен Керей хандардан қалған "Хан қорасын" да пайдалануда. Сол қыстаулардың төрінде "Керей" қыстауы да түр. Кезінде Қектерек кеңшарының қарамағында болған қыстаудың не себептен "Керей" аталғаны белгісіздеу болып келгентүгын. Кейіннен көкірек руынан шықкан бір кісінің аты болу керек деген дерек шыға бастады. Шынында солай болған болса сол Керей деген кісінің атын да 3-4 ғасыр бұрын өмір сүрген Керей ханның есімінің құрметіне атамаганына кім кепіл бола алар екен.

Шоман қарияның Шыңғыс хан жайлы айтқаны расталса, соңғы кезде Қағанның қазақ екендігі де дәлелдене бастағандықтан, тойланатын Қазақ Хандығының 550 жылдық мерекесінің мәртебесі одан сайынкөтеріліптерткүләлемдійран-асырқалдыратындағы таңғажайып оқиға болар еді. Шақырылатын мәртебелі қонақтардың құрамында атбасын тірейтін Ресей

Президенті В.В.Путин дүниені дүр сілкіндіретіндей бұл жаңалыққа қалай қарап екен? Откен жылы ғана Белорусь Президенті Александр Лукашенконың В.Путинге: - "Әзге елдін (Украинаны мензеген) жеріне көз алартқанша, Бату хан бастаған қазақ-монголдардың Мәскеуге дейінгі жаулап алған жерін кайтар десе қайтер едің дегендей мағынада айтқаны еріксіз еске оралады. Қалай айтсақ та "Хантау" мұндай атаяу бекерден-бекер айтылмайды. Ханның ордасы тігілген, туы көтерілген жер болған соң айтылады. Ол таудың басында немесе баурайында халық Керей мен Жәнібек сұлтанды ақ киізге орап хан көтермей тұрғанда, ол таудың аты Қозыбасы болған. Хантауының басы шынында да қозының басына ұксайды. Хантауының үш биігі бар, ең биік шоқысы - Сұнқар, екіншісі - Кок шоқы, үшіншісі - Қызыл шоқы, Сұнқар турға қоштар болатын қозының дөң мәндайы, ал Шуға қарай біртіндегі аласарып барып, кекжиекке бататын жотасы турға қозының тұмсығына ұксаса, Сұнқар шоқысының ту сыртында тұрған Көк шоқы мен Қызыл шоқы қозының екі құлағына ұксайды. Бұл дерек "Жамбыл облысының топономикалық атауларының анықтамалығы" кітабының 230 бетінде бекерден-бекер жазылмаған.

«Ақ жол» 23.05.2015 ж.

Әз-Жәнібек хан Керегетаста таққа отырған...

XV ғасырда Қазақ хандығының құрылуы қарсанында әрбір қазақ тайпасының өріс-қоныстары ұлан-байтак территорияны алғып жатты. Атап-атап айтсақ, паймандар Ұлытаудан Есілге дейінгі аудандардың көшпілігіне қоныстанды. Қонырат Түркістан мен Қаратай маңайларын

мекен етті. Арғындар Ертістен батысқа қарай орталық Қазақстанды, ішінәра Сырдарияны және батыс Жетісуды мекендейді. Керейлер Жетісу мен Тарбағатайда, сондай-ақ Ертіс бойында, Зайсан көлінен Ом және Тобыл өзендеріне дейінгі өнірде өмір сүрді. Дулаттар Іле, Шу, Талас өзендерінің алқаптарында, Ыстықкөлден онтүстікке қарай және онтүстік Қазақстанда «Отырар жасыл алқабын» мекендейді. Қаңылар Қаратая баурайы, орта Сырдария және батыс Жетісудагы өзендерінің ежелгі мекенінде болды. Үйсіндер өздерінің байырғы заманнан бергі мекені Жетісу өнірін қоныстанды. Тарихи деректердің айтудынша, Әбліхайыр хандығында да үйсіндер болған. Жалайырлар Қаратая баурайын, орта Сырдария өнірі мен Жетісүді қоныстанған. Қазақ хандығының құрылуы карсаңындағы осы өнірдегі этникалық жағдайдың жоғарғыдағыдан орналасуы Қазақ хандығының құрылуына тиесінше өз ықпалын тигізді.

1428 жылды қөшпелі өзбектер мемлекетінің тағына жайғасқан Әбліқайыр жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и-Рашиди» кітабында: "Әбліқайыр хан бүкіл Дешті – Қыпшақты билеп төстеді. Жошы ұрпақтарының кейбір сұлтандары Әбліқайырдан арамдық әрекеттер мен соғысқұмарлығының иісі аңқып тұрғанын біліп, мұны болғызбауға талпынды деп жазады. XV ғасырдың ортасында Әбліқайыр хандығындағы толассыз болған қантөгіс соғыстар мен ішкі феодалдық қырқыстар барған сайын қүшейіп, феодалдық езгі мен қанау халық бұқарасын ауыр күйзеліске ұшыратты. Аласапыран соғыстар Дешті Қыпшақ даласында бұрыннан калыптасқан мал жайылымын пайдаланудың дағдылы қөшіп-қону тәртіптері бұзылды, қөшпенді тайпалар мезгілінде жайлау-қыстауларына жете алмайтын болды. Бұл қөшпенді мал шаруашылығына едәуір зардабын

тигізді. Осындай ауыр тауқымет тартқан халық бейбіт өмірді. Әбілқайырдың әділетсіз үстемдігінен құтынып, өз алдына тіршілік етуді арман етті. Сондай-ақ, «жапын тұрған отқа май құйғандай» әсер ететін мына жайлардың да туындағаны Әбілқайыр хандығының ыдырауына көн көрім көмегін тигізгені айдан анық.

Нактылы деректерге жүгінсек 1457 жылы жаздың сонында Әбілқайыр хан Сығанак тубінде қалмактардан жеңілгеннен кейін Керей мен Жәнібек сұлтандар қарамағындағы ұлысымен Моголстанға көшеді. Көшуге тарихи азыз бойынша Кобыланды батыр мен Ақжол би (Дайырқожа) арасындағы дау-жанжал себеп болған. Жазба деректер мәліметі бойынша Керей мен Жәнібектің қалмактарға карсы әскер жиу туралы Әбілқайыр ханның жарлығына құлақ аспауы және 1457 жылғы жеңілістен кейінгі жағдай, яғни екі сұлтанға Әбілқайыр хан тарапынан каяіп-қатердің төнуі - Орыс хан ұрпактарын өз ұлыстарымен бірге өзбектер мемлекеттінен кетуге мәжбур етеді. 1457 жылы күз айының сонында көшіп келген екі сұлтан ұлыстары Шудың төменгі бойын қыстап шығып, 1458 жылдың ерте көктемінде Керейдің киізге көтеріп хан сайлады. 1465-66 жылдары Керей хан кайтыс болғаннан кейін Жәнібек хан билікке келеді.

Тараз қаласынан 2007 жылы жарыққа шықкан «Жамбыл облысының топономикалық атауларының анықтамалары» кітабындағы 455-бетте: Халқымыздың ұлт болып ұйып өз мемлекеттің тұңғыш туын көтерген жері қазіргі Мойынқұм ауданына карасты Карабогет ауылының аумагында жатыр. Әділ әрекетпен әнан саясаттың арқасында ел жадында әз-Жәнібек деген кітепті есіммен қалып, аты аңызға айналған біртума ханымыздың тұрақ жайы «Керегетас» деген жерде, күні бүтінге дейін «Хан қорасы» деп аталатын осы қасиетті жай Қарабогет

ауылынан 15 (нақтылы дерекпен 40-45 М.У.) Ақбақайдан 50 шақырымдай жерде жатыр деп анық жазылған.

Осы жайға орай, жуырда Шу қаласының тұрғыны зейнеткер-инженер Беріkbай Ержұманов 31 шілдеде Шу аудандық орталықтандырылған кітапхана ұжымы жетекшілерінің үйимдастырыумен өткізілген дөңгелек үстолде: "Мен бала күнімнен Қарабөгет ауылында өсіп, ержеткемін. Жастайымнан үлкен кіслерге үйір болып, олардың айтқан әнгімелеріне құрақ түріп, Құлышашақ атамның тізесіне басымды қойып, жатып тыңдағанды жақсы көретімін. Кейде ұйықтап қалатынмын. Аталардың айтуынша біздің арғын руының аргы атасы Арғын ағадан Қотан ақын-жырау өмір сүрген екен. Ол кісі Қотан би немесе Қотан тайшы деген атағымен ел-жүртқа мәшіүр екен. Оның ұлы Дайырқожа Әбілқайыр ханның сүйікті соты әрі биі болыпты. Дайырқожаның әділдігін он бағалаған халық оны Ақжол би деп атап кеткен. Ақжол би ханның қызын ұнатып, екеуі астыртын кездесіп журілті. Бірақ Әбілқайырдың сенімді адамы әрі қолбасшысы қара қыпшақ Қобыландының да ханның қызын ұнатып оған үйленуді армандал жүргенінен көпшілік хабарланып үлгерген. Тұла бойын қызғаныш оты шырмаған Қобыланды бас уәзірлікке тағайындалмақшы болған Дайырқожаны ең далада қастандықпен өлтіреді. Экесі Қотан жыраудың сүйікті баласының өліміне байланысты:

Қаракыпшақ Қобыландыда нең бар еді құлыным,

Сексен асып таяғанда тоқсанға.

Тұра алмастай үзілді ғой жұлыным,

Адасқаның жолға салдың бұл ногайлы ұлының дейтін қайғылы жоқтауы сол кезде айтылыпты. Керей мен Жәнібек сұлтандар Қобыланды батырды шарифат заңымен азаптап өлтіру үшін оны тұтқындауга мұрсат сұрайды. Бірақ екі сұлтанинан да Қобыландыны өзінің қорғаушысы ретінде қолайлы көрген және де қалып

қыпшақтан қаймықан Әбілқайыр хан батырдың орнына оның құны ретінде қыпшақтардың үш адамын бергізбекші болады. Әбілқайырдың бұл әрекетіне сұлтандар келіспей өз жактастары мен екі жұзді ханның қарсыластарын соңынан шұбыртып көш басын Шу өніріне түзейді. 1465-66 жылдары Керей хан қайтыс болған соң аталарымыздың бабалардан қалған естеліктегі бойынша Дайыркожаның інісі Қарақожа ұлы Құлбаба сопымен Жәнібек ханның шатырын көтеріп, керегесін қаласып сенімді көмекшілерінің қатарында оның хан болып сайлануына белсene атсалысыпты. Бертінде, кейінірек Хантауында Керейдің ак киізben котеріліп, хандыққа сайланған жерінде Ағыбай батыр Қазакта тагы да хан сайланатын құн туар ма екен деген тілекпен тау ете құрбандыққа жылқытарын сойып, Биназар батыр мен Болтірік шешендей замандастарымен 3-4 айдай аялданты Нұримов Бейсенбек деген аксақал Қарабөгеттің маңындағы Меркі ауданының бұрынғы Большеевик кеңшарына қарасты жайланауда мал бақкан. Елі аргын, шуыртпалының сыйаман сарысы еді. Маркұм Бекеншің айтуынша, қаралы нәубетті аниарыштық жылдарынан кейін болу керек, шуыртпалылар Керегетаста колхоз ұйымдастырып, жиналмақшы болады. Бірақ хандардың құтты мекені болғандықтан өкімет тарапынан көдергі келтіріліпті.

«Жұз рет естігенше, бір көрген артық» деп бекердең бекер айтылмағаны рас. Әз-Жәнібек ханның таққа отырған киелі мекені «Керегетаспен» жүзбе-жұз танысып қайту көптен бергі арманым еді. Осы ақ-ниетті арманиң жүзеге асуына Мойынқұм ауданы әкімінің орынбасары Бақытжан Есеев колдау көрсетіп Қарабөгет ауылдық округінің әкімі Сариев Әбдіқадыр мырзаның септігі тиді. Шілденің «ми қайнатар» аптаиты ыстығына карамастаң Берікбай Ержұманов екеуімізді жол көрсетуши Құмозек

ауылды ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманбай Мұқатаев аксакал мен бас мал дәрігері Ержан Момынқұлов інішек жолдың қызындығына қарамастан дарханды жайдарлылықпен әз-Жәнібек ханның ордасы болған Керегетастен таныстырыа алды. Кезінде мал мамандығы қызметін атқарған А.Мұқатаев өнірінің тарихынан бір кісідей хабардар екенін танытып:

- Біздің Құмәзек аймағы хандардан басқа да ел қорғаған батырлармен қатар әулие-әмбие, кәлпе, т.б. тұлғалардың қасиетті отаны. Атап айтсам, - Айса, Өтелбай, Төлеубек, Ақбас, Төлеубек, Төртқұлақ Аралбай кесенелерімен қатар «Исақ мазары» сияқты киелі мекен жайлар орналасқан. Қөпишілігі өте ертеде өмір сүргенімен, кесенелері XIX-XX ғасырларда Кемпіrbай ұстаның қолымен тұрғызылған. Өздерің танысқалы келген «Керегетастың» аумағы «Қос келін» (атакты байдың екі бірдей келіні шешек ауруынан қайтыс болғанына орай орнатылған) кесенесінен «Ақ бас» төбесінен сәл арырақ он шақырымдай жерді қамти киіз үйдің керегесі сияқты орағыта солтүстік-шығыска қарай тағы он шақырымға жуық жерді алғып жатыр. Сонау солтүстіктеге, 20 шақырымдай қашықтықтан мен мұндалап көрініп тұрған «Қаршығалы» төбенің ерекше көз тартар көрінісімен бірге құпиялы-тылсымды сырды да бар. Осы маңда тастары кереге іспеттес қолмен қаланғандай төбешіктер көптеп кездеседі. Бір-бірімен екі бөлмелі қылыш жапсарлас салынған «Айжігіт кәлпенің» [арғынның шуыртпалы руынан] кесенесі көз алдарында. Аталардан қалған анызда: - "Кемерінен аса ағып жатқан Шу өзенінің жағасында кәлпе 40 шақты өгіздерін асau өзеннен өткізе алмай тұрған құрдастарымен кездесіп қалыпты. Қылжақластау бірі Айжігіттің шамына тиісе: - Сені ел жер-көкке тигізбей мактап, әулие деп жүр ғой, шынында да әулиелігің бар болса мына өгіздерді өзеннен

өткізіп бере аласың ба деп өзгелері де оны қоштай кетіп, қолқа салады.

– Қоймай қойдыңдар той, енді бәрің тыныш отырып, көздерінді жұмындар деп кәлпе зікір сала бастайтын. Сәлден кейін әлгі құрдастары көздерін ашқанда өгіздер өзеннің арғы бетінде жайылып тұр екен. Соңда Айжігіт кәлпе: - Мен мұны істемеуім керек еді, тегі қоймай қойдыңдар той деп өкінішпен кинала жейдесін түріп жотасын көрсеткенде қарада көгеріп, өгіздін тұяқ таңбалары бадырая түсіпті.

«Керегетасты» айнала жан-жагында ескі қорымдар мен кесенелі күмбездер көптел кездеседі. Баяғы заманда Шу өзеннің бір сағасы Шу ауданының Қондыбай (Прудхоз) ауылы маңынап бөлініп, Хантауына 15 шақырымлай төменде жаткан Жиек арқыны осы маннан аққандыктан, қолмен қазылған ескі арналары айқын байкалады, бірнеше жұз мындаған халықтың мал өсірумен бірге егіншілікпен айналысуга қолайлы болған. «Керегетас» арқылы Аркага «Хан жолы» өтеді деп бізге тың мағлұматтар берді.

«Жамбыл облысы Топономикалық атапуларының анықтамалығы» кітабының 531-бетінде: – «Керегетаста» Жәнібек қыстауы дейтін жер бар. Және бұл онір Қайып хан мен Қасым ханиң жайлауы болған. Ал Кіші Қамқалы ауылының шығыс жағындағы Шу өзеннің Теріскей бетіндегі жер мындаған жылдар бойы «Қаратал» деп аталып келеді. Жері шұрайлы, тірлікке қолайлы. Өзеннің бұл маңының ені қысқа, яғни ұрымтал түс. Керей мен Жәнібектің көші, міне, нақ осы жерде мұз үстімен өзеннің теріскей бетіне өткен, деп анық жазылған. Мениң пайымдауымша, Әбілқайыр хан мен қолбасшы Қобыланды батыр бастаған калың қолдан қауіптенген Керей мен Жәнібек сұлтандар бұл маңға көп аялдамай, тек қыстап шығып, корғануға да, жан сактап.

күш жинауға да қолайлар, бұрын «Қозыбасы» атапған Хантауын таңдағаны ақиқатты шындық. Мұны жайдан жай көзгап отырған жоқынын. Қазіргі «Қозыбасы» аталған биік төбе Ақбакай мен Мирный кентінің аралығында. Ол төбенің тарихи маңыздылығын көпшілік біле бермейді. Көптен бері жүргізуіш-таксишилер төбені «Сапун қара» атап кеткен. Он шақты жылдың көлемінде ғана зерттеуші-ғалымдар мен қайраткерлер «Қозыбасы» осы болу керек деп жүр. Ал жергілікті тарихшы Тұрсынтай Қалдарбеков мырза «Жас Алаштың» 2014 жылғы 19 желтоқсандағы санындағы «Шу Қаған туралы не білеміз?» деген макалада ол төбені «Ала тағы» деп көлтіреді. Осы мақалаға байланысты мениң де атым аталғандықтан карсы мақала жазған едім, бас редактор Р.Сарсенбай жариялаудан бас тартты. Маусым айында республикалық БАҚ өкілдерінің таралынан ұйымдастырылған Фотоэкспедицияның сол «Қозыбасын» түсірген суретіне асықпай зер салсақ биік төбе қозыға емес, ұзыннан созылып жатқан жыртқыш аңынан басына ұқсайтындағы сиякты.

Ал, «Жамбыл облысы Топономикалық атауларының анықтамалығы» кітабының 230-бетінде: -«Хантау» мұндай атау бекерден-бекер айтылмайды. Ханның ордасы тігілген, туы көтерілген жер болған соң айтылады. Ол таудың басында немесе баурайында халық Керей мен Жәнібек сұлтанды ақ киізге орап хан көтермей тұрғанда, ол таудың аты Қозыбасы болған. Хантауының басы шынында да қозының басына ұқсайды. Хантауының үш биігі бар, ең биік шоқысы - Сұнкар, екіншісі – Көкшоқы, үшіншісі - Қызылишкы. Сұнкар тура кошқар болатын қозының дөң мандайы, ал, Шуға қарай біргіндеп алласып барып, көкжиекке бататын жотасы тура қозының тұмсығына ұқсаса. Сұнкар шоқысының ту сыртында тұрған Көк шоқы мен Қызыл шоқы қозының

екі құлағына ұқсайды. (Расында да күре жолмен Шу қаласынан Мойынкүм ауданына қарай автокөлікпен жүргендегі Бәйдібек ауылынан өткеннен кейін он жакка зер сала қараган адамға, солтүстік шығыстағы Хантауының түстік беткейіндегі Сұнқар шоқысының қозыға ұксас басы мен екі құлағы 50 шақырымдай қашықтықтан-ақ Айдарлы ауылына дейінгі аралыкта анық байқалады. М.У.) «Хантауының далалық бетіне жақын орналасқан «Ханның ұлken тағы», «Кіші тағы», «Ханның қорасы», «Ханның жолы», «Ханның өзені» деген атаулар бар деп жазылған. Бұған қосымша айтарым, аитулығалымдарлың тұжырымы бойынша Керей хан қайтыс болғаннан кейін Хантауының етегіне жерленгені де анық..

Мына жайды да қаперімізге алғанымыз жөн шынар. Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыздың Қазак хандығы құрылған мерзімінен 40 жылдай уақыт өткен соң 1499 жылы дүниеге келгенін тағы 40 жылдан аса уақыттан кейін «Тарихи-и-Рашиди» кітабын 1541-46 жылдары Үндінің Каширмир каласында жазғаны белгілі. Бұл еңбегінде Хантауы мұлдем аталмайды. Өйткені, Хантауы әу баста Қозыбасы аталды ғой. Дулати бабамыз сыртта жүргендіктен әрі жас ерекшілігіне орай, Қозыбасының бірте-бірте Хантауы аталып кеткендігінен бейхабар қалған болуы керек. Ал қазіргі «Қозыбасы» сол кезде (хандық құрылғанда) «Қозыбасы» аталған болса онда Дулати бабамыз Шу бойындағы Хантауының маңындағы Қозыбасы деп анықтап жазатын еді ғой.

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы қарсаңында киелі Шу өніріндегі Хантауының құпиялы сырлары мен Керей ханның қай жерге жерленгендігін анықтап, оған кесене орнатып, «Ұлкен хан тағы», «Кіші хан тағы», «Ханның қорасындей» қасиетті орындар мемлекеттің қамқорлығына алынып, аспан асты

мұражайлары ашылса. Сондай-ақ, Қарабөгет ауылдық округі аумағындағы қасиетті «Керегетас» аймағына да жүйелі түрде зерттеу жұмыстары жүргізілсе құба-құп болар еді. Бұл иті шаралар бұрыннан бұрмаланып келген, әлі де бір жүйеге түссе қоймаған тарихымызды әділетті де шынайы түрде таразылай екшелеп, өскелең ұрпағымызға мұраға қалдыруға өзіндік үлес қоса алатынын ешкім жоққа шығара алмас...

Пайдаланған әдебиеттер: «Родословная Тюроков, Киргизов, Казахов» Шәкерім Құдайбердіұлы. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Есенгазы Куандықтың шығармашылық еңбегінен.

8.08.2015 ж.

"Ақ жол" 10. 09. 2015 ж.



II. АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН БАЛУАН ШОЛАҚ

Балуан Шолақтың «жығылуы»

Мен өлкетанушы ретінде аса қызыгуышылықпен палуандар мен батырлар туралы деректердің жинастырып жүрремін. Оқырмандарға «Тылсым дүние» газетінде (12.06.2006 ж.) жарияланған «Балуан шолақтың мәрттігі» атты мақаланы ұсынып отырмын.

«...Жетіқоңырда жер-жерге ат шаптырылып хабар берілген үлкен жиын етті. «Осы жиынга Жетіқоңырдың атақты палуаны Найымбаймен күресуге Балуан Шолақ келіпті» - деген дақпырт ел-елді кезіп кеткен. Жетіқоңырлық Найымбай аса кірпияз адам екен. Күресер алдында оңаша отырып бал ашып алатын болған. Сірә, құмалақ «қарсыласынды жығасын» деген ынғай көрсеткендеге ғана күреске түсетең болса керек. Ал енді өзі «мен бұл күреске шықнаймын» деп безірейіп отырын алса, бай-багланың да, батыр Баяның да, ел жақсындыры да өлердегі сөзін айтып көндіре алмайды екен.

Осы Жетіқоңырда отетін күреске Найымбай палуан оқыс мінез көрсетеді. Күреске шықпайтынын жарыска бір күн қалғанда мәлімдейді. Жан-жакқа сауын айттынын, ел жиналыш қойған. Әлде Найымбай атагы жер жарын, қазақ даласынан асып, сонау Ресейдің Омбысы мен Томына, Шелебісіне жетіп жатқан Балуан Шолақтың атақ-данқынан сескенді ме, әйтеуір күреске шықнай қояды. «Найымбай күреске шықпаса шықпасын, Балуан Шолақтың өзі ортага шығып, бой көрсетсін» - дейді Найымбайға қатты ренжіген халық.

Халайық шуламаңыздар, ортага Балуан Шолақ шығады, - деп хабарлайды тойды басқарып жүрген

жігіт ат үстінен. Сол заматта шапаның үстінен желбекей жамылған төртбақ, дембелше келген Балуан Шолақ ортага шыға келіп, он қолын көтеріп, екінші қолымен қеудесін басып, басын иеді. Тойды басқарып жүрген жігіт:

- Нүреке, шамалы күте тұрыңыз, ел іші ғой. Мүмкін таудай талабы бар жастар табылып қалар. Жас та болса, сіздің атақты, жауырыны жерге тимеген палуанның белін ұстап көрудің өзі де мәртебе ғой-дейді. – Кәне, ортага шығатын кім бар? Кім жықса, соған сәйгүлік жегілген пәуеске бар! Қане кім шығады?

- Ой, Балуан Шолаққа карсы кім шығады?! Жықпақ түгілі, оған карсы келетін жігіттің жүрегінің түгі бар шыгар?

Жиылған жұрт осылайша дабырласып, теңіздей толқып бір сәт тұрып қапты. Сонда көп ішінен балағын түрініп, екі бүйірін таянып, Бисары шыға келіпті: «Жығылсам жер көтереді. Кайта осындауда Балуан Шолақ ағамның белін ұстап қалайын» - деп анадай жерде жымыш тұрган Балуан Шолаққа жақындай береді. Ортага шыққан адам топ жарып шығатында палуан кісі емес. Шағын денелі, басқадан өзгеше бітімі жоқ жан болатын.

- Ей, мына Бисарыға не жоқ? Қабырғасы күйреп, өлейін деп жүрген болар.

- Ешкім шықпаган соң қайтсін. Жаңа жығылсам жер көтереді деп айтқан жоқ па. Ел намысы үшін шығып отыр ғой-деп нөпір дабырласып кетті. Тек Балуан Шолақ қолын көтергенде халық құлакқа ұрған танадай болып тез тынышталған. Балуан Шолақ қолын көтерген қалпы, карсыласына жақындал келіп, орнынан тік көтеріп, арқасынан қағып:

- Ниетіңе рахмет, бауырым! Сен жықтың, мен жығылдым! Бас бәйге сенікі! - депті. Жұрт алғашкы кездे

түсінбей аң-таң болған. «Бұған аңтарылатын ешиәрсе жоқ. Бисарының жүректілігіне атакты палуанның көрсеткен мәрттігі. Атасына рахмет!” - дейді ел жақсылары.

Көпшілікке беймәлім осындай таңғажайып мәрттігі де жетерліктей Балуан Шолақ бабамыздың атының азызға айналғаны қашан. Оның атын ардақтап өскелең ұрияққа мұра ете насхаттау баршамыздың парызымыз.

«Жас Алаи» 14. 07. 2011 ж.

Бәйтеректі құлатқан, нән бұқаны сұлатқан

Шу өнірінің айтулы тұлғалары туралы 2001 жылды Шу ауданының Құрметті азаматы болған, кезінде туып-өскен өлкесінің өсіп-өркендеуіне бір кісідей тер төккен ағамыз Уәш (Әбдуәлі) Асатұлының «Тағылым» естелік кітабы жарық көрген болатын. Сол кітапта халқымыздың біртуар тұлғасы: акын, әнші, сері, палуан, ат үстінде ойнайтын өнерімен еші тәнті еткен Балуан Шолақ жайлы жазылған шынайы естеңліктер бар. Солардың бірқатарын да мысалға келтіре кеткенім жөн болар.

Болатбек ақсақалдың әңгімесінде: 1913 жылды Балуан Шолақ Шокпар ауылына мамыр айында келеді. Балуаның құрметіне ұлан-асыр той жасайды ел-жұртты. Осы тойда дүйім жұрттың алдында Балуан Шолақ жүйрік сәйгүлікке карғып мініп, екі жарылып отырған елдің ортасымен желе жортып, топтың қарсы бетіне шыгады. Сойті де, аттың басын кері бұрып, тұра кеп шантты. Шауып келе жатып, үстіндегі киімін шешіп, жан-жағына тастай бастады. Үстінде іш киімі қалған

кезде, астындағы ер-тоқымды шеше бастады. Ердің өзін бір жерге, тоқымын бір жерге, желдігін бір жерге киімі құсатып тастай берді. Сөйтіп, топтың екінші басына желең киіммен жайдак атқа мініп шыға келді. Кенет аттың басын кері бүрдү да, келген ізімен қайтадан шаба жөнелді. Шауып келе жатып, тастан кеткен жерде жатқан аттың ішкілігін, одан тоқымын, одан желдігін, одан ердің өзін тартпасымен іліп алыш, шауып келе жатқан атты сол ат үстінде ерттеп, одан аттың ер-тұрманымен қоса жерден іліп алған киімін киіп, топтың екінші басына шықты. Аңтаң болмаған адам жоқ. Байта дейтін қария: «Ойпырмай, мынау жын ба, әлде пері ме?» деп таңғалады.

Сауран ақсақалдың әңгімесіне зер салсақ: Бірде Бейсен атамыз, қасында екі-үш адамы бар Троицкіге (Шу ауданының орталығы Новотроицкіні қазактар осылай аттайтын, қазіргі Төле би ауылы) келе жатады. Белкескеннен өтіп, Ойталдың сазына түскенде, қасында екі-үш жолдасы бар Балуан Шолақ кездеседі. Сәлем беріп, әңгімелесіп тұрғанда, үстіне таудай қылыш шөп артқан ырдуан арбамен бір орыс келе жатады. Олардың қасынан өте бергенде әлгі орыстың арбасы қүишиегінен Ойталдың сазына батып қалады. Арбаға жегілген қос ат ары мықшындаپ, бері мықшындаپ, арбаны тартып шығара алмайды. Мұның бәріне күле қарап тұрған Балуан Шолақ орысқа: “Арбаңды шөбімен қоса бір қолыммен тартып шығарсам, не бересің?” – дейді. Орыс батпаққа батып қалған арбаны екі ат тартып шығара алмай жатқанда, оны қайдағы бір жабайы қазақтың бір қолыммен тартып шығарам дегеніне сенбеген болу керек, бірден: “Егер шығарсан, арбаны шөбімен, екі атымды қоса саған беремін - дейді. Сөйдейді де: – “Ал тартып шығара алмасаншы?” – дейді. Балуан да бірден: “Онда мен мына астындағы атыма қоса, мына қазақтардың



Оңдан солға қарай:
Ұлкен Хан тағы, кіші Хан тағы, Бала тағы



Хан қорасы алдында.



Теректі өзенінің
бойында.
Ортада Еңбек
Ері
Ш. Шәріпбаев



Керегетастағы
қостөбенің
бірі



Айжігіт
калпенің
кесенесі

Желтоқсан



Бірлік ауылындағы Қайрат Рысқұлбековтың ескерткіші
1992 ж 10 қыркүйекте тұрғызылды.



Желтоқсан көтерілісіне қатысушылармен



Үлү Наурыз мерекесінде 2014 ж. Достарым Терегұл Әлжанұлы, Бекен Сайлиев, Тілеуғали Пазылбеков пен жұбайым Зиякул.

да атын саған беремін”, – дейді. Содан орыс қос атын арбадан шығарып былай қойды. “Енді маған арқан бер”, – дейді Балуан Шолақ орысқа. Ол арбасынан арқан тауып береді. Балуан Шолақ орыстың арқанына көзілі толмай, аттардың шылбырын алыш, арқанды шылбырмен қоса арбаның алдыңғы екі күшегіне байлайды. Сөйтеді де, арқан мен шылбырдың ұшынан ұстап тұрып, өзіне қарай: “Әуп!” деп тартып қалады. Батпаққа күшекке дейін батып қалған арба майдан суырылған қылдай батпақтан лып етіп шығып кетеді. Орыс аң-таң қалып, басын шайқай үн-тұнсіз айырын иығына салып, жолға түсіп жүре береді. Балуан Шолақ орысты қайта шақырып алыш, атын да, арбасын да өзіне береді. Оның мырзалығына риза болған орыс корбандан, қойны-қонышын қарап, қалтасынан біраз ақша суырып береді. Ақшаны Балуан Шолақ қасында тұргандардың бәріне үлестіріп береді.

Бұғыбай ақсақалдың әңгімесі: Бірде Балуан Шолақ Төртіншіге (қазіргі Қонаев ауылы) барып, сондағы елдің әрі беделді, әрі ауқатты адамы Теміренің Әсенінің үйіне түседі. Булар келгенде Төртіншіде Бұғыбайдың әкесі Әбітай да жүрген көрінеді. Әбекенді өзім көрдім. Сом денелі, бойында бір адамға жететін күші бар адам, домбыра тартып, ән айтатын да өнері бар болатын. Әзілқой, әңгімешіл адам еді. Шөкендер Әсеннің үйіне түскеннен кейін не болғанын Бұғыбай ақсақал әкесі Әбітайдан естіген.

Содан Балуан Шолақтың келгенін естіген Төртіншінің қазақ-орысы Әсеннің үйіне жиналады. Араларында Төртіншінің асқан бай орысы Иван Горбунов деген көпес те болады. Әңгіме үстінде Шөкенниң Карон палуанның қабыргасын қақыратып сындырғанын естіген Горбунов, ондай оқиғаның болғанына сенбей: “Мениң есігім алдында бір терек өсіп тұр. Мықты болсан, сен

соны құлаг”, – дейді. Шөкен сөзге келмей: “Құлатам”, – дейді. Жұрт шу етс түседі. Жұрттың шу ете түскені, Шөкеннің ол теректі көрмей-білмей “құлатам” дегені еді. Ол жай терек емес, бәйтерек. Діңгегінің жуандығына екі адамның құлашы жетпейді. Ал енді соңдай теректі “құлатам” дегеніне жұрт қалай шу ете түспесін. Жұрттың неге шу ете түскенін түсінген Горбунов, Балуан Шолақ райынан қайта ма деп коркып, Балуан Шолақты қайрай түседі: “Егер сен ол теректі құлатсан, базарға сатам деп байлан отырган қырық өгізім бар, соны берем!” – дейді көпес. Балуан Шолақтың ол алып теректі құлатада алмай бүкіл елдің алдында масқара болатынын көз алдына келтіріп, соган рахаттанады. Балуан Шолақ бұған да бірден келіседі.

Горбуновтың есігінің алдына келіп, Горбунов айтқан теректің біресе бір жағына, біресе бір жағына шығып, біраз жүреді. Балуан Шолақ пен Горбуновқа ілесіп келген жұрт теректің айналасын қоршай тұрып, біреуі “құлатады”, біреулері “құлатада алмайды” деп у-шу болады. Теректі жан-жағынан қарап, құлатуға ыңғайлыш жағын тапқан Балуан Шолақ теректің құлайтың жағында тұрган адамдарға қолымен: “Былай кетіндер!” деп белгі береді. Содан соң үстіндегі шапанын шешіп қасындағы серігіне береді де, өзі арықтан қарғитын адамдай сәл шегініп барып, қайтадан екпіндей басып кеп, теректі түбінен он аяғымен теуіп кеп қалады. Терек сықыр-сықыр етіп, сәл шайқалып тұрып, тепкен жаққа қарай, гұрс етіп құлайды. Жұрт у-шу болады. Горбунов үн-тұнсіз сазарып тұрып қалады. Сол кезде көптің арасынан Горбунов сияқты тағы бір жуан орыс шығады. О да Горбунов сияқты Төртіншінің Максимов деген бай орыстарының бірі болатын. Ол Балуан Шолаққа келіп: “Мениң үйде жеті жасар нән бұқам бар. Қазір алдырам. Егер соны көтерсен,

мына Горбушка сияқты, базарға сатам деп байлап, бағын отырған сексен құнаи койым бар, бәрін түгел берем”, – дейді. Шөкең оған да бірден келіседі. Жұғіртпін жіберген бала, көп ұзамай ашан мүйізді, бұғагы салбыраған, есік пен төрдей, нән бұқаны жетектеп әкеледі.

Каронмен күресіп, Каронды айламен емес, озінің бойындағы Құдай берген қуатымен, күшімен жыкканың дәлелдеу үшін 51 пұт кірдің тасын көтерген Шөкеңе мұндай бұқа не тәйірі. Бұқаны екі мүйізінен ұстап алғын, солға қарай қайырып тұрып, он иығынан асыра лактырып кеп жібереді. Нән өгіз Карон палуанша анандай жерге барып гұрс ете түседі. Және Карон палуанша түскен жерінде тырп еттей жатып қалады. Жұғіріп барған жүргі: “Өлді! Өлді!” деп шу ете түседі. Балуан Шолак бәске тігілген өгіздерді де, қойларды да сол жерде тұрған енде бір-бірден таратып береді.

Қазак халқының өмірінде өшпес із қалдырған ағакты Балуан Шолактың есімін қастерлеп жастанымызға үлгі-өнеге етіп көрсетсек ғанибет болмас па еді?!

Оқінішке орай, өткен жылы Алты алапка мәншүр болған Балуан Шолактың туылғанына 150 жыл тоған мерейтойын республика жұртшылығы болып табай керек еді. Тек, 24 маусымда Шу ауданында ғылыми конференция ұйымдастырылып, ас берілді. Бірер облыста женіл-желті іс-шаралар аталып өтілгенсіп, жинақ кітабы шығарылды.

Дейтүрғанменен кезінде Тараз қаласында жаңадан пайдалануға берілетін спорт сарайына Нұрмаганбет Баймұрзаұлының есімін беруді сұраган өтінініміз жерде қалмады. Куаныштысы сол спорт сарайының «Тараз-Арена» аталғанына қарамастан 22 қарашада қазак күресінен «Евразия Барысы» турнирі басталар қарсанында алдына балуан бабаның сәулетті ескерткіні

орнатылып, мерейімізді көтеріп тасталды. Бұл ретте облыс әкімі К.Көкірекбаевтың ұлтжанды азаматтығын атап өткен жөн шығар. Көп ұзамай ата-бабамыздың дәстүр-салтына керегар «Тараз-Арена» атауы алынып тасталатын шығар деген үміттемін.

«Жас Алаш» 28. 11. 2013 ж.
«Ақ жол» да жариялады.

Балуан Шолақтың рекорды 816 келі емес, 1 тонна 70 келі!

Әнші-серілігімен дараланып әрі балуандығымен атагы Алаш жұртына жайылған Балуан Шолақтың орны ерекше. 1864 жылы өмірге келген балуанның ата-бабалары қазіргі Жамбыл облысы, Шу ауданын мекен еткен. Ұлы жүздің Дулатынан тарайтын Сәмбет руынан шыккан.

Жамбылдық жазушы Арғынбай Бекбосынның дерегіне сүйенсек: «Сәмбеттен Қосы, сол Қосы батырдың кенже ұлынан (женгелері Кенжесары деп атаған) Қойайдар, одан Сейтімбет, Сейтімбеттен – Есентай, Есентайдан – Қазанқап, одан Жарықшак, одан Баймырза, Баймырзадан – Нұрмағанбет, яғни Балуан Шолақ тұған. Шу өнірінің Хантауының етегіндегі Даляқайнар, Бұланбай секілді мекендерден Көкше өніріне Балуан Шолақтың төртінші атасы Есентай бір қауым жұрттымен көшіп келген».

Нұрекең шұлық ағайындарына ара-тұра атбасын бұрып тұруды дәстүрге айналдырған екен. Балуанның әр келгені ұлан-асыр тойға ұласып, ат үстіндегі өнерімен жүртты тамсандырып, бірде Төртінші де (казіргі Қонаев ауылы) Горбунов пен Максимов деген қөпестер жеті жасар бұқаны ұрып сұлатқан адамға тіккен 40 өгізше

мен 80 ісекті ұтып алғы, жок-жақыбайларға таратын бергені жайлы ел аузында аныз болып, ұрпактан-ұрнаққа жалғасып келеді.

Балуан атамыздың осындай таңгажайып әрекеттері және адам таңданарлық мәрттігі жайлы 2011 жылы “Жас Алашта” Балуан Шолактың “коркуы” мен “жығылуы”: 2013 жылы 28 қарашада “Бәйтеректі құлатқан, нән бұқаны сұлатқан” атты макалаларым жарық көрген-ді. Рухани жан досыма айналған “Жас Алашта” 27 наурызда (№24, 2014 ж.) жарияланған “Ғасыр бұрынғы рекорд” айдарымен көлтірілген мақаладагы “816 келіні қазактан өзге ешкім көтерген емес” деген олқыстау пікірді қойдай алмаймын. Өйткені, оның нақты себебі бар.

Балуан бабамыз өткен ғасырдың 1913 жылы киелі Шу өніріне келген сапарында жерлестерін жоғарғыдай өнерлерімен таң-тамаша қалдырғаны көншілікке мәлім. Нақты дерек көзіне сүйенсек, Нұрмағанбет атамызды қонақжайлышықпен қарсы алғы атын тағалац, бантап күтетін Кәрібай ұста болған. Бақуатты өмір сүрген Кәрекең малдарына арнап қыстау корасын салуға байланысты орын көрсеткенде, “менен белгі болсын” деген дәу қара тасты 49 жастағы Балуан Шолақ әудем жерге көтеріп апарып койған екен.

Сол салмағы 1070 келі (1 тонна 70 келі) тас Шу аудандық өлкетану мұражайының алдында қоитеп бері тұратын. Алты Алаштың ардақты ұлына айналған ғалуан бабамыздың ауырлық көтеру рекорды – 816 келі емес, 1070 келі деп сенімді түрде мәлімдеймін.

2010 жылы қазан айында Шу ауданының 80 жылдық мерейтойында Балуан Шолакқа ескерткіш орнатқанда қасиетті тас жанына апарып койылды. Сол аса күнды жәдігерді күтімге алу ауадай қажет. Өйткені ары-бері тасымалдағанда бір бөлшегі ажырап түсіп қалғаны

байқалады. Сондай-ақ, жауын-шашын мен күннің астында тұрғандықтан жарылып, бүлінуге шақ тұргандай. Сондықтан оны қалайда сактап қалу жайын ойластырса жөн болар еді.

Балуан Шолақтың үстіміздегі жылғы 150 жылдық мерейтойын республикалық деңгейде абыройлы өткізсек, ақындар айттысы мен ғылыми конференция үйімдастырып, өткен жылы Тараз қаласында пайдалануға берілген “Тараз-Аренада” атауын иеленген спорт сарайын Балуан Шолақтың атымен аудыстырсақ, келешек ұрпақтарымыздың алдында мерейіміз үстем болар еді.

№26, 03. 04. 2014 ж. "Жас Алаш"

1070 келіні бұйым құрлы көрмеген

Өлкетанушы ретінде аса қызығушылықпен палуандар мен батырлар туралы естіген-оқығандарымды еске алып, жинап жүретінім жасырын емес. Бірде «Жас Алаштың» 2014 жылғы 27 наурыздағы №24 санында «Ғасыр бұрынғы рекорд» айдарымен жарияланған мақалада «816 келіні қазақтан өзге ешкім көтерген емес» деген «жаналықты» оқығанмын. Авторы Арман Аманұлының Шу ауданының орталығы Төле би ауылында 2010 жылы казан айында тұрғызылған Балуан Шолақтың ескерткіші жаңына аудандық өлкетану музейінің алдында тұрган 1070 келілік сандық тасты қойғанынан бейхабар екендігі белгілі. Сондықтан көп кешікпей сол «Жас Алаштың» 3 сәуірдегі №28 санында «Балуан Шолақтың рекорды 816 келі емес, 1 тонна 70 келі!» деген мақалам жарыққа шықты. Іле-шала 8 сәуірде алматылық Қ. Ұпанының «Жас Алашта» «Қазақ бір жарым тоннаны да көтерген» атты

пікірі жарияланды. Қөп ұзамай, 17 сәуірде мен жазған мақаланы негізге алып «Қазақстан-Заман» апталыңында 1070 келі рекордтық жәдігерді Алматы қаласындағы «Балуан Шолак» спорт сарайының алдына кою керектігі жайлыштың үсіншесі айтылды.

Бұл да жөн шығар. Дейтұрганмен. Балуан Шолак атамыздың өз көзіндегі сакталып келе жаткан аса құнды жәдігерді шулық ағайындары «Мә, анарын қойындар!» деп, бере кояр ма екен? Сонау жылшары қыыр шалғайдагы монгол елінен Күлтегін ескерткішінің көшірмесін әкелгенде, Шудан небәрі 300 шакырымдай қашықтықтағы Алматыда 1070 келілік сандық тастаның «сыңарын» жасағтыру қызынның-қыны болып па?

Енді аты аңызға айнала бастаған Балуан Шолак көтерген тас туралы нақты дерекке сүйенсек. Кезінде аудандық мәслихаттың депутаттығына сайланған. Шу қаласынның Құрметті азаматы болған, облыстық «Ақжол» газетінің меншікті тілшісі қызметін атқарған бірнеше кітаптың авторы, Қазақстан Журналистер одагының мүшесі Бақытжан Текебаев 1986-87 жылдары Шоктар ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқарған.

«...Жасынан мал жағдайын жақсы білетін еті тірі. пысық жігіт Сапарбек колхоз басқармасы бастының орынбасары болысымен карулы-қарулы деген жігіттерін сайлап, тікелей өзі бастап, қораларды жөндете бастаған. Сапарбек бұл жұмысты Тесік өзенінің бойындағы Кәрібайдың қорасынан бастады. Мұның да өзіндік сырьы бар еді. 1918 жылдың жазында (кей дерекиен 1913 жылы) Шу өзенінің бойына келген Балуан Шолак осындағы жын-тойларға қатысып, сағынысып көріскең ағайындарына өзінің әсем әндерін тартулап, ат өнерін көрсетіп, елді сүйсіндірген».

2002 жылы «Өркениет» баспасынан жарық корген.

«Өзіме де обал жоқ» кітабының 44-бетіндегі «Балуан Шолақтың тасы» атты деректі әнгімесінде Бақытжан Мұқатайұлы осылай жаза келе: «...Шу бойының құмы мен саздауытынан қамсыз шыққан Балуанның аты таулы жерге ілінгенде тосырқап қалды. Сондықтан жақын жерден ат тағалайтын ұста іздеуге тұра келді. Осыны сезе қойған Сәрсен:

– Тесік өзенінің бойында Кәрібай деген жақсы ұста бар еді, соған согалық, – деді. Еті тірі, сезімтал інісінің ұсынысын Балуан Шолақ костай кетті: – Тарт Тесіктегі ұстана! – деп гүр ете қалды. Сауықшыл шоғыр атбасын Тесікке бұрды. Кәрібай ұста да аты үш жүзге әйгілі болған Балуан Шолақты аттан кошеметпен түсіріл алыш, бар өнерін салып, атын тағалап берді. Ұстаның шеберлігіне риза болған сері:

– Ұста, өнеріне ризамын. Енді саған қандай сый көрсетсем екен? Соны білмей тұрганым, – деді. Кәрібай ұста сәл тосылып қалды да: – Тастан қора согайын деп жатыр едім. Сізден қалған бір белгі болсын, соның алғашқы ірге тасын өзіңіз қойып берсеңіз. Әрі аты үш жүзге әйгілі Балуанның қойған тасы еді деп, айта жургенге де жақсы ғой, – деді. Іргедегі тау жаққа жалт қараған Балуан Шолақ үстіндегі түйе жүн шекпенін шиырып тастап, екпіндете жүріп кетті. Қырқаны аралап жүріп, ширек бөлігі жерге батып жатқан аумағы ағаш төсектей сандық тасты ырғап-ырғап босатып алды. Содан соң жұлқи көтеріп кетті. Қырдан төмен қарай теңселе басып, өзіне таңғала қарап тұрган көпшілікке таяу келді де:

– Отагасы, қораның орнын көрсетіңіз, – деп Кәрібайға сұраулы пішінмен қарады. – Анау тегістелген жерге қоя салыныз, – деп Кәрібай ұста сасқанынан қалбалактап қалды. Межелі жерге жеткенде сілки лактырып жіберген ауыр тас зірк ете түскен.

Осы бір ел аузындағы аңыз Сапарбектің де көпшеги бері қөкейінде жүр еді, көрсем деп армандаушы еді. Міне, енді мұнын да жөні келіп тұр. Сапарбек қорага жеткенше, тасты қөргенише байыз таппады. Сол жолы қора жөндеуге шықкан он шакты жігіт сүймеймен итеріп, қолмен көтеріп, жерге жартылай көміліп жатқан Балуан Шолақтың тасын орнынан қозгай алмады. Амалсыздан тасты жер бетіне толық шығармай-ақ қораны жөндеуге тұра келген. Кейінірек бульдозермен орнынан козгаймыз деп жүріп, бір бұрышын сындырып альшты», – деп түйіндепті автор мақаласын. Расында да бір бұрышы сынған болса, тастың салмагы 1070 келіден де арық болғандығы ғой.

– Бақытжан ауылдық кеңестің төрағасы қызметінде жүргенде Шоқлар стансасының тұрғыны Сапарбек ақсақал жасы 70-терде болу керек, Балуан Шолактың сол тасын көрсетіп, тарихын білгенінше айтқан. Біз кейінірек Шу қаласына қоныс аударып, Бәкең облыстық «Ақ жол» газетіне қызметке орналасқаннан кейін, 1990 жылдардың басында Шу аудандық өлкетану музейінің сол кездеңі директоры Уәш Асатов ағаға айтып, қажетті техникалар қарастырып, балуан көтерген тасты Төле би ауызындағы қазақ орта мектебінің бұрынғы гимаратына орналасқан мұражайдың алдына экеліп қояды. Кейінірек музей үйі өртеніп кетіп, 1998 жылы мұражай жәдігерлері қатірі мекен жайға көшірілгенде тас та алдына экелінді. Ал, бүгінде Балуан ата ескерткішінің жанында тұр, – деген Бақытжан Текебаевтың зиябы Гүлдана Аманжолқызы. Өкініштісі, нұрлары пейіште шалқысын, бүгінде Сапарбек ақсақал да, Уәш Асатов ағамыз да, Бақытжан бауырымыз да арамызда жок.

Балуан Шолақтың 150 жылдығын қазақ жүрті болып атап өтуге республикалық деңгейдеғы ғылыми конференция

мен ақындар айттысын үйімдастырып, оның өнегелі ғұмыры жайлы кино түсіруге бір кісідей атсалыссак...

26. 06. 2014 ж. «Ақ Жол».

Балуан Шолактың қазасы...

Әйгілі Балуан Шолактың қазасы жөніндегі пікірлер де әртүрлі. Мәселен, Сәбит Мұқанов Балуан Шолакты «1916 жылы қаза тапты» деп есептейді. Және де оның «тасадан атылған октан қаза тапканын» айтады. Балуан Шолактың дүниеден 1919 жылы өткені – бұл күнде дәлелденген ақиқат. Десек те, Балуан Шолактың өлімінің себеп-сыры жөнінде әлі бірізділік жоқ. Жақындағана белгілі жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбаев Балуан Шолактың туганына 150 жыл толуына орай «Аңыз – ғұмыр» атты еңбек жазып бітірді. Бұл еңбекте автор Балуан Шолактың қазасы жөніндегі әртүрлі пікірлерді екшіей келип, Естай Мырзахметовтің айтқандарын орынды деп санайды. «Аңыз – ғұмырдан» келтірілген үзіндіге бірге назар аударайық.

Балуан Шолақ туын-өскен елдің жайлауы Айқайқабак, Үйжығылған сықылды кең аймакты, осы күнгі Ақмола облысының Астрахан, Мариевка [Амантай], Журавлевка [Қылыш], Макинка [Бұланды қарағайы] елді мекенін басып, Бурабайға өтетін тас жол бойындағы бұрынғы қазақ елінің шұрайлы қонысын, құллі әдемі жерлерді келимсектер иемденіп алады. Қайрақты, Мат өзендерінің, Қандықарагай, Ақсу, Айдабол жайлауларын казакорыстың кулактары тап бір әкесінің жеріндегі жайлайды. Мұндай әрекеттерге Балуан Шолақ наразы болып, отаршылдарға қарсы қатты құрескен. 1916 жылғы қазак үлт-азаттық көтерілісінің Көкше өнірінде кең өрістеуіне

осы жайтын мықты тірек болғаны да жасырын емес. Балуан Шолақ туып-өскен Көкше өңіріне – қазіргі Ақмола облысының Бұланды ауданына іргелес жатқан Ақкөл ауданындағы Моншақты, Салқынкөл көтерілісінің көп себебінің бір себебі осы. Патшаның тақтан құлауы, одан кеңес өкіметінің орнауы Балуан Шолақтың бұл орайдағы белсенділігін арттыра түседі. Балуан Шолакты ежелден жаны сүймейтін казак-орыстар оны қалысын тауып, атып кететіні де – осы кез.

Балуан Шолақ 1919 жылы наурыз айының ортасында қайтыс болған. Жағдайды нақты білетін кісілердің естеліктеріне сүйене отырып, Е.Мырзахметов осындаи қорытынды жасайды. Ақпан айының соңына қарай Балуан Шолақ кіші ұлы Құдайбергенді ертіп Атбасар жағындағы құдаларына қарай шығады. Алайда межелі жерге жетпестен кері оралуға бел буады. Қайран қалған баласына мұнысының себебін түсінде «Ақ қошқарының аян бергенімен» түсіндіреді. Тездегі қайтласа болмайтынын, «ажал шіркіннің соңына түскеніне үш жылға айналғанын», содан, «акыры, міне, қуын жеткенін» айтады. Үйге келген сон «ішінің жанып әкетіп бара жатқанын» айтып, төсек тартып жатып қалады. Біраз құннен кейін бәйбішесі Қаныкей мен ағасы Төлеубайды оңашалап касына алады да, сырын ашады және актық аманатын естіргіп, «Барамын алыс сапар қайтып келмес. Тұрындар дұға қызып, құрбы- құрдас!» деп келетін ел-жұртына ариалған қоштасу өлеңін айтады. Бірер құнде көз жұмады. Бәйбішесі, ағасы және Сабыр қажы батырдың өсінетін өзінің айтқанында етіп орындаиды. Актық аманатының мазмұны бертінге дейін белгісіз болып келген. Ерінің өмірден өту құпиясын Қаныкей бәйбіше қырық құлыптың астына сал аса берік сақтаған, жат тұрмақ

өзінің қара күрсағын қақ жарып шыққан Исажары мен Құдайбергеніне, жан дегенде жалғыз қызы Бәтеніне де ашпаған күйі, 1948 жылы өзімен бірге қара жер қойнына ала кетеді», - дейді Е.Мырзахметов.

Ал Балуан Шолак кайтқанда сүйегіне түскен Сабыр қажы 1934 жылы, өмірден өтерін сезген шамада, немере інісі Фаббасқа жазушының нағашы атасына сыр ашады. Бұл сырды атасынан ол 1959 жылы әкесі екеуі естиді. Ал батырдың ағасы Төлеубай құпияны ортаныш ұлына, ол өз баласына айтып кетеді. Сол деректерге және ел ішіндегі басқа да мәліметтерге қарағанда, оқиға былай болған еken. Балуан Шолак 1916 жылы жазғытұрым ауылына кештетіп кайтып келе жатады. Бұланды орманының Ақбалак деп аталатын нұнының шетіне кіре бергенінде, кенеттен тұра қарсы алдынан мылтық гұрс ете түседі. Оқ ердің алдыңғы қасына тиеді, содан тайып барып, оны іштеп жаракаттайды. Ол әйтеуір, аттан құламайды, өз сөзімен айтқанда, «... Құдайдын берген күш-қуатының аркасында» үйіне жетеді. Жараның қанын бәйбішесі Қаныкей жуып, таңып тастайды. Өзіне оқ атылғанын ешкімге айтпайды, бұл жайында тіс жаруга әйеліне де тыйым салады. Ел ішіне «көйдың құмалагындей қорғасынды көтере алмай ауырсынып жатыр» еken деген сөз таралып кетуін намыс көреді. Енді міне, ішінде үш жыл жатқан сол оқтың салдарынан өмірден өткелі жатыш та құпияны берік сақтауға үндейді. Ағасына: «Сабыр қажы екеуін ғана аруландар» - деп қатты тапсырады. «Сүйегіме басқаларды түсірсендер – денемдегі жараны көрер. Ақ ажал бұйырмай оқтан өлді деген сүйекке таңба. Ешкім білмесін. «Тап іргеде кіжінумен отырған қара шекпенді жаулар тыныш карап қалмас. Көзі тірі кезімде шамалары келметенмен, тым болмаса сүйегімді

қорламаққа қабірімді актарар. Құпиялап қоятын болсын». Аса киналып жатып, осы өснегтерін естіргіп қоштасқан соң, қайран батыр, қайран балуан дүниеден тез өтіп кете барады.

Зерттеушінің айтуына қарағанда, «қазақ десе қаны қарайып қағынып тұратын казак-орыстар, Балуан Шолақтыңөзі ақылмен болжап кеткеніндей, батырсының, өш алмаққа шығады. «Қара құзғынша шулаң жанжақтан жиналымп, ауылға ойнақ салады. көр копарады. Бірақ Балуан Шолақтың сүйегін таба алмайды». [Онын мәңгі тынышыған құпия жерін білетіндер бүгінгі ұрпаққа 1943 жылы ғана нактылаң көрсетіп берді]. Жаулары кіжінісін. Балуан Шолақта кеткен еселерін оның артында қалған ұрпағынан алмаққа бел буады, сойтіп баласының үлкені Исажарды атып кетеді.

Балуан Шолак пен Қанықейдің он сегіз ұл-қызы болышты, солардан Исажар мен Құдайберген және қызы Бәтен үшеуі ғана қалған. Әкесінің күш-куаты Бәтен қызға дарыған екен. Оны 30 жылдардағы қын кезеңде Балуан Шолақтың әндерін жазып алу үшін Б.Г. Ерзакович іздел барады. Сондагы көргенін ол былай суреттейді: «...Көп ұзамай, үйден әріректе тұрған қауғалы құдық жақтан ұзын бойлы, бүрмелі кең көйлек пен жінінке беліне шақ қыналған камзол киген бір әйел бізге қарай келе жатты. Ол мойынагашпен шып-шып толы шелек суды көтеріп келе жатқанына қарамастан бүгілмей, аяқтарын жеп-женіл басып, тіп-тік жүріп келеді. Балуан Шолақтың қызы Бәтен Нұрмаганбетова сол екен. Жас болмағанымен, оның спортшыға тән сұлу сымбаты мені таң қалдырыды».

Балуан Шолақтың өзіне тартып қайратты бол туган осынау қызы Бәтен өнерден де құралақан болмаган. Зерттеушілердің еңбектерінде Бәтеннің ұзатылған кездे

әкесі Балуан Шолаққа арнап айтқан назы мен әкесі өмірден озғандағы сағынышты жоқтауы сақталған.

«Жас Алаш» 6 қараша 2014 жыл.

Балуан Шолактың баласы Сталиндік лагеръде жазасын отеді

«Жас Алашта» [06.11.2014 жыл] жазушы Б.Қойшыбаевтың «Балуан Шолактың қазасы хақында» деген мақаласын оқи отырып, әкемнің айтқандары есіме түсті. Бейбіт Қойшыбаев Балуан Шолақ пен Қаныкейдің он сегіз ұл-қызы болғанын айтады.

1932 жылы Шалкар ауданының Алакозы деген жерінен әкем Мұқанбеди Мәумітұлы бай тұқымы ретінде ұсталып, Сібірге нактырақ айтсақ. Амур облысының Благовещенск қаласына айдалған. Содан әкем Сібірде Сталиндік лагеръде жазасын отеп, қара суық пен сақылдаған сары аяздың ортасынан 1938 жылы ғана елге оралған. Лагеръде көрген қындықтары жөнінде ашып-жарып ештеңе айтпайтын, көп сөйлемейтін әкем Балуан Шолактың баласы Сары туралы ерекше бір серпінмен сөз қылатын. Есімде калғаны мынау.

1935 жылы Благовещенскідегі лагеръге жаңадан бір қазақ келді деген сөз тарайды. Лагеръде қазақ тым аз, бұлар жаңадан келген әрбір қандастан елдін хабарын сұрап отырған. Әдетте лагеръдің асханасында бір мезгілде 200 дей адам тамақтанады. Ұзын-сонар кезекке тұрған тұтқындар кішкентай терезеден берілетін тамақ кезегін сарыла күтеді. Сары аяғын алшаң басып кіріп келе жатқанда кезекте тұрған 200 адам бірдей ысырылып оған жол береді екен. Сол кезде Сары үлкен қабырғаны қақ айырып келе

жатқандай бол көрінеді. Жазасын өтеушілер арасында төбелес жиі тұтанады. Саны көп жұрт ылғи әлімжеттік жасайды. Сондай кездері 30-40 адам төбелесін жатқанда Сары алды-артына қарамай арасына кіріп кетіп, ірі төбелесқорларды допша домалатып тастанды екен. Әкем төбелесін жатқан 50- 60 адамның арасына жалғыз өзі кіріп кеткен батырдың аман шыққанына талай рет куә болған. Сары келген соң өктемдігін жүргізген орыстар аяқтарын жайлап тарта басталты. Әкем Сарымен лагерьде 2 жыл бірге болғанда көргені осы. Содан кейін әкемді Сахалиндегі лагерьге ауыстырыны жіберген де. Сары Благовещенскіде қала берген. Ол кездің адамдары суреттеп, әсірелеп сейлемейтін. Сары туралы шұқылап сұрай бастасам, әкем аларып қарайды. Содан жым боламын.

Бала кезімде естіген осы әңгіме көкірегімде жаттыны қалды. Түрлі тағдырлар тоғысқан, қылмыскері мен жазықсызы қоса қамалған тар қапастагы мыңдаған адамды темірдей тәртіпке бағындырған орасан зор қайрат-күш иесінің кейінгі тағдыры калай болды екен деп ойласп жүрдім. Мен Ақтөбе облыстық коммуналдық шаруашылық мекемесінде ұзак жылдар басшылық қызмет атқардым. 1980 жылдары Октябрь ауданының коммуналдық шаруашылық мекемесіне Талдықорған жақтан Қалдан есімді азамат қызметкес келді. Әкемнің Сары жөніндегі әңгімесін бас қосқан кездері жиі айтатынмын. Қалданға да Сары туралы айттым. Ол бірден «Мен ол кісіні білемін, шын есімі – Мұхамеджан. Біз оны «палуан ата» деп атайдының, ол жаз бойы ертеден кешке дейін ауылдың балаларын құм үстіне жинап асъық ойнататын. Түрлі-түсті асықтары көп еді, бізді ылғи бәйге беремін деп қызықтырып отыратын» - деді. Сары – Мұхамеджан 1962-1964 жылдары қайтыс

болышты. Қалдан өзі тұрған Талдықорған облысының бір ауданын айтты, қазір менің есімде жоқ. Кейін Қалдан Қандығашка коммуналдық мекемеге ауысты. 1992 жылды коммуналдық шаруашылық мекемелері де біртінде жабыла бастады. Қалдан да Талдықорған жакка көшіп кетті. Содан хабарласқан жоқпзыз. Балуан Шолақтың өзіне ұқсаған баласы Сары туралы естігенім осы.

«Жас Алаш» қазактың біртуар тұлғасы, есімі тарихи санадан қасақана ығыстырылған Балуан Шолақтың есімін ұлықтау жөнінде бір ізгі жұмыс бастаған екен. Орасан зор күш иесінің ұрпақтары да осал болмағанға ұксайды. Менің ұсынысым, Балуан Шолақтың ұрпақтарын түгендеуге бүкіл қазак болып атсалысса деймін.

*Берден Мұқанбедиев, Ақтөбе қаласы.
«Жас Алаш» 27 қараша 2014 жыл.*



III. САЯСАТТЫ САРАЛАСАҚ....

Аты аңызға айналған қазактың Аманы!

Қоғам қайраткері, ұлтжанды азамат, жаны жәннатта шалқысын дег тілеймін Батырхан Дәрімбет досыммен Мактарал өніріне атбасын жи бүратыбыз. Жол сапарға Көлдейбек Бодыбай, Орналы Мұстафа, Жасарал Куанышәлі мен Айсұлу Қадыrbай да бірге шығатын. Біз той-тойлап немесе серуендетіп қыдырып барын жүрген жоқ едік. Ұмытпасам, бұрынғы аты Мичурин жүзім совхозы болу керек экс-премьер-министр А.Терещенконың «өкіл әкесі» Молчанов деген докей сол кеңшарды басқара жүріп бау-бакшалықка жарамды жерінің басым көпшілігі мындалған гектарды бір озі жекешелендіріп алған екен. «Өкіл баласына» арқа сүйегін Молчановтан ауыл тұрғындары жертерін кайтара алмай «барап жері, басар тауы» қалмагандыктан «Азаттық» радиосының тілшісі, әрі «Азат» газетінін бас редакторы Батырхан Дәрімбетке сүйеніш тұта хабарласып тұратын.

Бірде ауыл аксақалдарымен дастархан басында отырғанымызды бір кісі: «Жақын туыстарымнан естілім. Аман Төлеев 1990 жылдардың басында Сарыагаш ауданындағы ағайындарына конаққа келеді. Сол кездерде Аман еліміздің премьер-министрі болады-мыс деген қаусет шыға бастайды. А.Төлеев бір шаруамен Таңкент жаққа кетеді. Көп уақыт өтпей бір пысықайлар оны ағайынның үйіне іздел келе бастайды. Таба алмаған соң Аманның жақын туысына аты-жөнін жазып конверттер табыстайды. Әбекен келгенше бірталай «сәлемдемелер» жиналып калады ғой. Әрине, конверттер бос емес. ішіне қомақты ақшалар салынған. А.Төлеев санардан оралған соң, ағайыны конверттерді көрсетті.

«Конвертшілердің» бәрін шакырып, тамак жасатыныз», - дейді Әбекен. «Құдай қалауымызды берді» - деп, әлгілер қуана-қуана жетеді Әбекен жатқан үйге. Дайын астан дәм тарттырган сон: - «Қазақстанды құртып жатқандар сендер сыйылды нарақорлар! Мына конвертерінді алыштар да тайып тұрындар» деп, жер-жебірлеріне жеткізе ұрсыпты. 1990 жылдың басында баспасөз беттерінен: - «Қазақстан өзінің 90 пайыз жерасты байлығын шет елдерге сатып жіберді» деген А.Төлеевтің пікірін оқыған болатынмын. Бұлай айтлағанда оның премьер-министр болыш кетуі бек мүмкін еді-ау. Егер Ата-Заңымыздың 114-бабына өзгеріс енгізіліп, Президент мәртебесінен үміткер азамат 15 жыл Қазақстанда тұруы керек делінбеген жағдайда Аман Төлеев елге келер ме еді, қайтер еді.

Солақай саясаттың кесірінен ауылдардың тоз-тозы шығып, жұртшылық есенгіреп қалған жок па? Көбі бала-шага камымен тентіреп, нәпақа табуға көшті. Осындай максатпен жамбылдық 2-3 азамат «КамАЗ»-дарына көк-сөк тиеп, ұлан-ғайыр Ресей жұртына бет алмай ма? Орал тауын бөктерлей Кемер қаласына жақындағанда жанар-жағар майлары түгесіліп күре жолда тоқтап қалады. Не істерлерін білмей есенгіреп тұрғанда бір қара «волга» өтінкіреп барып тоқтайды. Сұнғақ бойлы, өні қараконырқайлау кісі жандарына жақындал, не себенген аялдал тұрғандарын сұрайды да, жүріп кетеді. Жарты сағат өтер-өтпестен жанар-жағармай таситын көлік жетеді. Май құйып алған сон, «Сені кім жіберді» деп сұрайды шопырлар. Сонда ол: «Мені губернатор Төлеев жұмсады» депті. Әлгілер аң-таң күйде қалған. Қарапайымдылық та, ұлылық та осы емес пе! Бізде мұндай жағдайда облыстық әкім тұрмақ, ауданиң «жарты патшасы» тоқтап, жөн-жосық сұрар ма еді.

Откен жылдың 13 наурызында даңқты жерлесіміз, Халық қаһарманы Қайрат Рыскұлбековтың 45

жасқа толатын карсаңында ол сегіз жыл өкіған Шу ауданындағы С.Шәкіров атындағы орта мектептің озат окушылары және екі үстазымен Семей шаһарына сапар шеккенбіз. Өйткені, кыршын боздақтың өміріне 1988 жылы 21 мамырда Семей түрмесінде қастандық жасалынып сол жақта жерленген болатын. Оның рухына құрмет көрсетіп, Шуға қайтар жолда Новокузнецк-Бішкек пойызына отырғанбыз. Біздің вагонда кемерлік жолаушы орыс әйелдер де бар екен. Карап отырмай қызығушылықпен жөн сұрасып: «Губернаторларының қалай қызмет етіп жатыр?» - дегенімде: «Ой, біздің Аман Төлеевке жететін адам жок! Оған алғысымыз шікесіз, қарапайым жұртшылыққа керек болса, жанын киуга даяр. Жұмысшылардың жалақылары жоғары. Ресейдегі ең арзан наң мен азық-түлік өнімдері бізде, паракортық атымен жоқ» деп мактай жөнелді.

Осыған қарағанда «казуы алты қарыс» Ельцин, Зюганов, Жириновскийдегі қайраткерлерден қаймынтай таласа Президенттік таққа ұмтылып сайлаушылардың құрметімен алдынғы орынның бірінен көрінген Аман Төлеевтің көршілес солтүстік жұрттындағы абырайның асқақ екенін анық байқағанбыз.

Жиырма жылдан асып барады, халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың рухын құрметтеуге байланысты республика қолемінде өткізіліп жүрген іс-шарарапарға шама-шарқымша атсалысып келемін. Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласында Тоқтыбек Қарынбай деген азамат 1998 жылдан Желтоксан көтерілісінің құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Нұзат Асанова, Ербол Сынатаев, Сәбира Мұхамеджанова иштеді. Еске алуға тоғызқұмалактан республикалық турнир өткізіп келеді. Тоқтыбек маған жолдаған бір хатында: «Жергілікті әкім-сәкімдерден көңілім қалды. Еірен-саран

демеушілердің көмегімен турнирді әулірімдең өткізіп келемін. Ресейдегі Кемер облысының губернаторы Аман Төлеевке хат жіберіп едім. Ол кісі көп кешікпей өзінің жалақысынан арнайы есепшотқа 50 мың теңгеге жуық аударып, азаматтық танытты» деп жазған еді. Откен жылдың 3 желтоқсанында 14-ші мэрте өткізілген жарыстың ашылу салтанатына арнайы барып қатынасып, жүлдегерлерге Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығына орай Алматыдағы «Үш Қиян» баспасынан жарық көрген «Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік» атты кітабымның бірнеше данасын сыйлаган болатынмын. Ең өкінерлік жайт, турнир басталар басталмастан Тоқтыбек ініміз кенеттен ауруханаға түсіп, қайтыс болып кетті. Онтүстік өнірінде де Аман Төлеевтей ұлтжанды әрі дархан жүректі азаматтар бой көрсеткенде Тоқтыбектің де жүрегі сыр бермей, арамызда аман-есен жүре берген болар ма еді, қайтер еді...

2. 02. 2012 ж. «Жас Алаи».

Мақтай Сағдиевтің бір ғана шарапаты

Құдіреті қүшті Кенес Одағының әлсіреп, шанырагының ортасына түсер шағында Мойынқұм ауданының "Көктерек" қой совхозында жүргізуілік қызметте едім. 1990 жылдың көктемінде ғой деймін, осы шаруашылықка көрші Хантау кеншарынан ауысқан аға шопан Ілияс Қалқабаев деген кісі: Мейманасы тасыған совхоз директоры маған ерегісіп, қысы-жазы тыным таппай ондаған жылдай тер төккен қосымша еңбек акымды бергіздірмей қойды. Одан да соракысы еңбек кітапшамды айқыш-ұйқышсызып тасталды. Мұндай әрекет тек қайтыс болған адамдардың еңбек кітапшаларына ғана қолданылмайды ма? - деп, мұңын шаққан еді.

Ілекенде жаным ашып, аудан мен облыстың аткамінерлеріне сенінкіремей. Қазак ССР Жоғарғы Президиумының төрағасы М.Сағдиевке бар мән-жайы баяндаған хатты жіберуге көмектестім. Бір-екі апта отер –өтпестен кездейсөк жолығын қалған І.Қалқабаев маган облыстан жауап келді деп қуаныш жүр. Көрсетінізші деп, хатын ашып карасам, директордың жауаптарымен оның өзін кінәлаған, - Ой, сіз бұған неге қуаныш жүреіз, өзіңзге бар кінәні аударып тастапты ғой, деп оны поштага ертін барып М.Сағдиевтің атына жеделхат жіберттім. 3-4 күн өтпей кеңсенің алдында қуанышы қойнына сыймай қолында бір бума акша Ілекен жүр. Маган қайта-қайта алғыс айта, су жаңа еңбек кітапшасын көреетті. Қуанышымен құттықтаи. маган емес Алматыдагы Мақтай Сағдиевке айтыңыз алғысынызды, - дедім.

Сөйтсек, жеделхатты алысымен Мақтай аға бірден Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Байжановка телефон шалып: Карапайым шоптанның өтінішін неге дұрыс шешпегенсіндер, мен трубканы қоймаймын, І.Қалқабаевтың жағдайын тез әрада қанағаттандырып дерек маған хабарласындар деп катап түрде тапсырма берген гой. Зорлықшыл директор да катап сөгіс алыш, кейінірек ауыр науқастан кайтыс болды. Үнд өзім күә болған бір гана жайт. Жұырда Сағдиев Мактай ақсақалдың қайтиас сапарға аттанғанын естідім. Жаны жәннатта, иманы салауат, артындағы ұрпақтары аман болсын деймін. Қазірде Астанадағы ел басқарып отырған дәкейлерге Ілекендей жапа шегіп жүрген жандар шагымдана қалса, мұн-мұқтажын шешу былай тұрсын онды жауап ала қояр ма екен, деген ойға қаламын.

03. 09. 2012 ж.

Тәуелсіздік мерекесін дұрыс тойлап жүрміз бе!?

Бабаларымыздың ғасырлар бойы көксеген көкжиекті арманы Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы да артта қалды. Мереке-мереке ретінде тойланады гой. дегенменен осы айтулы мерекені қалай атап өттік. Меніңше мемлекетіміздің ең негізгі мерекесі санатындағы – Тәуелсіздік күнөздөрежесінде атап өтілмеді, өтіліп келген де жок. Біз Тәуелсіздік мерекесі деп 16 желтоқсанды белгіледік. Ең басты ағаттық осында жатқан сиякты. Шындығына келсек, еліміздің сол кездегі (бұғынгі көсеміміз) басшысы өзге республикалардың барлығы тәуелсіздігін жариялада жатқанда Ресейден айырылғысы келмей сағызыла жабысқанда орекендердің бізді ескі жұртқа қалдырып кеткенін ұмытқан жоқ шығармыз.

Содан бес жыл бұрынғы қасиетті де қасіретті Желтоқсан көтерілісін көлеңкеде қалдыру үшін қасакана 16 желтоқсан таңдалғаны анық. Анық дейтін себебім, 17 желтоқсан - Демократияның жаңару күні, деп аталғанымен, ол күн Тәуелсіздік мерекесінің көлеңкесінде қалып қойды да, бірге-бірте ұмытылды. Ашығын айтсам, 1986 жылғы 16 желтоқсанда сол кездегі астанамыз Алматыда 15 минуттық пленум өткізіліп, еліміздің бас тізгіні айдаладагы белгісіз Г.В.Колбин дегенге ұстартылған жоқ па? Масқаралы ұяттылығы сонда, біз осы уақытка дейін қаңып келген «шүрегейдін» таққа отырған күнін тойлап жүрген сияқтымыз.

Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін түсінгісі келмеген ұлттымыздың көшбасшысы желтоқсан айы басталар-басталмастан Астанада Жаңа жылдық шыршаның шырагын жаңып, жер-жерлерде де жаппай орнатылып, 16 желтоқсан мерекесі елеусіз тасада қалып келеді. Ең

оспадарлы-сорақылы жайт 7 ай бойғы мұнайшылардың талап-тілегіне немкұрайлы қараған билік жүртшылықты ашындырығандыктан, кешегі 16 желтоқсанда Жаңаөзендең інаразылы жастардың айдың күнін аманында қандарының төгілуіне себепкер болды.

Біз кезінде Тәуелсіздік Декларациясы жарияланған 25 қазанды Республика күні деп айшақтаған, кейінрек бұл атаулы мерекені де тарих бетінен сзып, алып тастаңық. Меніңше, Тәуелсіздік мерекесіне лайыкты да орынды қүн 25 қазан. Қай жағынан алыш қарағанда осы мерзім өте қолайлы кез екендігі анық та ақиқатты шындық. Ал, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі боздактары мен откес жылғы 16 желтоқсанда Жаңаөзен мен Шетпеде шейіт болған жастардың төгілген қандарына байланысты 16-17 желтоқсанды «Демократия құрбандарын еске алу» күні деп белгілеген өте орынды болатыны сөзсіз. Кезінде «Мәртебелі билігіміз» Шәмші Қалдаяковтың «Менің Қазақстаным» әнін еліміздің Әнұранына айналдыргышы келмеп еді, бірақ та уакыт төреши. халықтың, қалың көпшіліктің тілегі қабыл болып, әділдік орнады емес не?

Тәуелсіздік мерекесін де өз уактысында шынайы түрде тойлайтұғын кезең де алыс емес шығар, тек бір Жаратқан иеміз жар болып, қолдасын деймін!

«Дат» 15. 11. 2012 ж.

Қазақстанға космодром қажет не!?

Осы айдармен 1992 жылғы 4 қарашадағы санында “Алматы ақшамында” ашық пікірімді білдіргенмін. Содан бері аттай 21 жыл өтіпті. Көшірмесі 2011 ж. “Ұш Қиян” баспасынан жарық көрген “Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік.” кітабымның 227-бетінде жарияланды.

Ата-бабаларымыз мұра етіп қалдырган ұлан-гайыр жерімізді Тәуелсіздікке колымыз жеткеннен кейін аялап күтудің орнына қазба-байлығымызды көрінген “көк аттыға” таратып, ту-талакайын шығардық. 1990 жылдардың басында карусыз мемлекетке айналамыз деп, айбарлы-ядролы қарудан да бас тарттық. Карусыз әлжуаз мемлекеттің катарына енген соң, “Байқоңыр” гарыш айлағын қоса жауып тастау керек еді. Бірақ не істесендер де өз еріктерің деп, басы бүтін солтүстіктегі көришілерімізге 49 жылға жалға беріп қойдық. Орекендер өздері түрмак өзгелерді жарылқағаннан қыруар пайдаға кенелін Байқоңырға ойларына келгендерін істеп бағуда.

Союз, Протон т.б. гарыш кемелерін әр ұшырган сайын мыңдаған шақырым қашықтықтағы Шу өніріне кері әсерін тигізіп шанды боран мен алай-түлей жел көтеріліп тұрады. Ертеректе Қаратай. Жаңатас қалалары мен сол мандағы елді мекендерде сойканды дауыл болып, тұргындарға едәуір зардал әкелді. Жуырдағана Шу ауданының Мойынқұм, Жиенбет, Еңбек, Бәйдібек, Балуан Шолақ, Дақақайнар, Шокпар ауылдарында дүлей жел тұрып, ірі бүршақ жауып, көнтеген үйлердің терезелері мен шатырлары бүлініп, жұздеген ұсақ малдар қырылып, жайқалған бау-бақшалар тыш-тыйпыл болды. Сөйтіп, аяқ астынан он мыңдаған отбасы айтарлықтай материалдық, моральдық тұрғыда зардал шекті.

Осы табиғи апаттардың да Байқоңырдан ұшырылған гарыш кемелерінің әсері екені айтпаса да түсінікті. Сорақының сорақысы Астананың 15 жылдығы мен Н.Назарбаевтың 73 жасқа толуы құрметіне “тарту” ретінде шілденің 2-інде гарыш айлағынан ұшырылған “Протон” зымыраны 600 тонналық улы гептилімен құлап, республика жүртшылығының үрейін туғызды. Таңқаларлығы сол, жауапты мырзалар қауіпті

ешнәрсе жоқ, бәрі қалыпты жағдайда деп, жүргітты тыныштандырылары келді. Дегенмен “Еуразия” телеарнасында “Протон” зымыраны құлаган қазанишұңқырдағы улы гептилдің залалы қалыпты жағдайдан 8 мың есे қауіпті екендігі ашық айтылды. Адамзат өміріне аса қауіпті деген улы гептилдің бірте-бірте ауа мен жер асты суларына тараулmasына кім кепіл бола алар екен.

Қалың жүртшылықка аса қауіпті төтенше оқиғага қарамастан бір-екі күн өтпей-ақ “Астана” күні мен Президенттің туған күні кереметтей әспеттеліп тойланып кетті. “Таз ашуын тырнадан алады” демекші Ғарыш агенттігінің төрағасы Талғат Мұсабаев болса, дүйім жүрттың көзінше сұхбат алуға ұмтылған журналиске шүйлігіп, қырына алды. Талғаттың, комиссия құрудың қажеті жок дегенін қалай түсінуге болады?

Бұрындары Сарыарка төсіндегі Жезказған қаласының маңына да, Қызылорда облысының аумағына да Байқоңырдан ұшкан Протон зымырндары құлаган болатын. Сонда да бәрі ойдағыдай жақсы деп жыны қазан ретінде жабылып қалған еді. Енді міне, үйренешкі әдетпен биліктегілер түк көрмегендей, түк естімегендей қалып танытуда. Сонда пәтшагарлар. Құдай одан бетін аулақ қылсын, дегенменен сол ажал қасіретін әкелетін зымырндарың енді Астанаға құлауын күтіп жүр мә? Халық қашанғы зардал шегуі керек. Ел-жұрттымызға келтірілген зардаптарды осы жолы жан-жақты зерттең Ресейден лайықты өтемақыны өндіріп алып, ғарыш айлағының жұмысын мұлдем тоқтату керек. Өйтпеген жағдайда биліктің тізгінін иеленгендердің халықтың қаһарына ұшырайтын сәтін жақыннатуы әбден мүмкін.

«Дат» 11. 07. 2013 ж.

Қазақы атауымен аталсақ...

Біз бұгінде Тәуелсіздігімізге 20 жыл толды деп жарты әлемге жар салудамыз. Ата-бабаларымыздың санғасырлар бойы көксеген асыл арманын жер-жерлерде алуан түрлі іс-шаралармен әспеттедік те ұлықтадық та. Бұл ретте биліктің «үкілеген дарабозы» "Нұр Отан" партиясы айрықша көзге түсті.

Ғайыптан «аспаннан түсе қалғандай» көрінген осы Тәуелсіздігіміздің желкені іспеттес 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне 25 жыл толды. Өкініштің бұл туралы биліктегілер де олардың «жәрекем аллаған» жантықтары да ләм-мим деп ауыз ашпауда. Керісінше киелі де құдіретті көтеріліс құрметтелудің орнына ширек ғасыр бойы 1 қантардағы Жаңа жыл шыршасының тасасында қалып келеді. Сол бір ызгарлы желтоқсан күндерінде қанга боялып, қыршынынан қызылып, темір тордың аңы дәмін таткан мындаған жастарымыздан, олардың асқақ рухынан да крестьяндардың бір күндік шыршасының дәрежесінің бағалы болғаны көңілге кірбің ұялатады. Аңы шындығын айтсам, «Нұрлы жолды қөкеміздің» өзі Егемендікті қаламай, өзге республикалардың бәрі тәуелсіздігін жарияладап жатканда Ресей Федерациясына жата жабысып, бодандықтан айырылысқысы келмеді емес пе. Бағымызға орай, орекендердің өзі Тәуелсіздігін жарияладап, бізді есқі жүртқа тастап кеткенін кім жоққа шығара алар екен?

Кеңес Одағы кезеңінде Қазак Советтік Социалистік Республикасы атандық. Көршілес Қырғыз Республикасынан да үлгі ала алмадық. Нұрсұлтан ағамыз 1990 жылдардың басында көген көз ағайындардың халқымыздың жартысына жуықтай көптігін алға тартып

орыс тіліне ресмилік мәртебесін бергізгені мәлім. Одан бермен заман өзгеріп, орыстардың ата жұртына кететіні кетіп, кеткісі келмегендердің тұрақташ қалғанын өтірік дей аламыз ба? Соңғымәліметтерге жүгінсек өзіміз 65 пайызға дейін құрасақ, орыс ағайындар 20 пайыздай тана екен. қалғандары басқа ұлттар. Осыған қарамастан үйреншікті әдетпен әлі күнге дейін орекендерге жалтақташ «Кеден Одағына» өз еркімізben, яғни «қолтығының астына» қайтадан кірдік. Нәтижесінде қарапайым жүртшылық «қымбатшылықтың құрсауында» қалды. Мемлекеттік тіліміздің хал-ахуалы да жетім қыздың қүйін кешуде.

Менің осы уақытқа дейін түсінбейтінім, біз кімдерден жалтақташ корқамыз. «Қорқақты қуа берсе батыр болады» деп, аталарымыз ықылым заманда-ақ айтты емес пе. Жиырма жылдың ішінде баяғыда-ақ батыр болуга болатын едік қой. Соңдықтан да айтпағым. егер яки біз шын мәніндегі «жаман үйді қонағы билейтіндей» жат әдеттен арылған Тәуелсіз ел болайық десек:

Бірінші: 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне лайыкты мәртебе беріп Қайрат, Лаззат, Ербол. Сәбирайлардай боздақтар мен жазықсыз жапа шеккендерге өз дәрежесінде құрмет көрсетіп, жастарымызды отансуйғаш адамгершілікке тәрбиелеуге кеңінен жол ашу аудай қажет.

Екінші: Ата Заңымызга өзгеріс енгізіп, орыс тілі-ресми тіл деген бапты алыш тастан, мемлекеттік қызметкерлердің бәрі казақ тілін мұлтіксіз менгеру керек деп, тез арада толықтыру енгізгеніміз жөн.

Үшінші: Чехословакия, Грузия, Латвия, Армения, Эстония, Алмания, Венгрия, Жапония сияқты елдерден үлгі ретінде баспасөз беттерінде оқта-текте «Қазакия» атауы бой көрсетіп қалуда. Бұл үрдіс діні де, тілі де болек жат-жүрттықтарға еліктеудің көрінісі іспеттес. Осы

жайттарды ескере отырып, көптен бері ойланыш-толғана келе менің калың көшіліктің талкысына ұсынарым: -Қазақстан Республикасы деу де. Қазакия атауы да атасалтымызға да, әдет-ғұрпымызға да келіспейді, ягни сай келмейді. Сондықтан да Қазақы Республика деп атасак. Қазак деп жалан айта салғаннан Қазакы десек, еліміздегі өзге диаспора өкілдерін де казақилендірып үйыстырып отырғанымызға анық дәлелді айғақ болады деп, нық сениммен айта аламын. Сіздер бұған не дейсіздер, ардақты ағайындар!

10. 08. 2013 ж. БАҚ құралдары жарияламады.

Ақиқатты шындық шынырауда жатпайды

Өткен ғасыр - 1980 жылдың аяғынан Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы әрі сол кездегі екі жүзді Үкімет басшылары ықпалымен «құрбандыққа шалынған ерек тоқты» Қайрат Рысқұлбековты жазықсыз жалалардан актап оның рухын құрметтеу мақсатында айтарлықтай іс-шаралар атқара алдық. Ол жайлы баспасөз бетінде жарияладап қана қоймай бірнеше кітаптарды жарыққа шығара алдым. Мұның барлығы жай ғана айтуға оңай болғанымен жүйкені жүқатарлықтай арпалысты айтыс-тартыстармен қоса табан тоздырарлықтай әуресарсандардың арқасында жүзеге асқаны жасырын емес. Дегенменен осы жолы қолыма қалам алуыма тұрткі болған жайт «Жас Алаштың» №43, 3 маусым, 2014 жылғы санындағы «Қытай Үкіметі бір миллионға жуық «тыңшыны» аттанысқа келтірді» атты тарихи маңызы зор мақала. Мұндай айрықша баға беру себебім, Желтоқсан көтерілісінен кейін Балтық теңізі жағалауы мен Кавказ елдерінде халықтық наразылы толқулар бой көтерді деп

ылғый айтылып та, жазылып та келеді. Ал, жоғарыда жазылған ақиқатты ақпарат мұндай шектеулі шенберден шығуға тікелей себепкер болады деп ашық айта аламын. Нактылы дерекке сүйенсем, аға буын өкілдерінің есінде қалған болу керек. М.Горбачевтың Қытай Халық Республикасына 1989 жылғы ресми іс-салары да кайғыны оқиғага ұласқанын, «Мәртебелі мырзаның» екі жүзді әрекеттеріне наразылықтанытып он мындаған студенттер Бейжінің Тянь-Энь-Мин алаңына шыққанын.

Қытай басшыларымен мінбете шыққан Михайлдың дереу Мәскеуіне қайтуға мәжбүр болғанын Орталық теледидар ашық көрсеткен еді. Атамекенге оралиған кейбір оралманның айтуынша, сол Тянь-ань-мэнъ алаңы қылқызыл қанға боялып, жүздеген жас қыршынынан кишлоған екен. Осы қанды оқиға әлі күнге дейін құпия күйде қалып келеді. Сол қайғылы оқиғаны қосып, Желтоқсан көтерілісі жайлы көлемді мақаламды үстіміздегі жылдың қаңтарының басында электронды поштамен «Жас Алаң» пен «Егемен Қазақстан» газеттеріне жібергенмін, екеуі де жариялады. Дейтүрганменен жиырма тогызының қаңтардағы «Қазақтар XXI» апталығының №5 санында толықтай басылғанына шүкіршілік еткенмін.

Ал Қытай тәуелсіз жазушысы Ду Гуаньданың пайымдауынша, Қытай билігі алда келе жаткан «төртінші маусым оқиғасының» 25 жылдығынан сақтанатын көрінеді. 1989 жылы Қытай билігі Тянь-ань-мэнъ аланындағы демократиялық қозғалысқа қатысқандарды қанды қырғынға ұшыратып, әскери күшпен жаңыштаганды. Билік халықтың «төртінші маусым» оқиғасына қатысты әлдеқандай шарапалар өткізуінен аландап отыр дейді Қытай жазушысы. Бірнеше алтадан бері «төртінші маусым» оқиғасына байланысты семинар үйімдастырығандарды тексеру және тұтқындау науқаны

кауырт жүргізілуде еken. Қазірге дейін осы оқигаға катысты журналист, профессор және халықаралық заңгер және адам құқығы белсенділерінен жалпы елуден артық адам тұтқындалған еken... Кей дерек көздеріне сүйенсек сол бір 1986 ж қының-қыстаулы ызғарлы күндері жастарды аяусыз жазалау көріністері түсірілген бейнетаспалар Қытай елі арқылы әлем жүртшылығына тарап кеткені мәлім. Сол себептен аспан асты елінің жоғарғы оку орны студенттерінің дәл М.Горбачевтың іс-сапары 4-маусым 1989 жылы Бейжіңдің Тяньаньмэнь алаңына наразылықпен шығып, қызыл қанға боялып аяусыз жазаланғаны бекерден-бекер емес. Құпиялардың аңы шындығының бет пердесінің ашылатын уақытының да жақындағаны байқалады.

8.06.2014 ж. «Жас Алаш» жарияламады.

ОРЫСТАН ДОСЫҢ БОЛСА, ЖАНЫҢДА АЙБАЛТАҢ ЖУРСІН

Әлжуаз, корғанысы нашар мемлекет өзін-өзі қорғай алады ма?

Соңғы кездегі Украинада болып өткен шиеленісті жағдай мен Қырым референдумының шешімі біз тұрماқ өзге елдердің жүртшылығын да едәуір алаңдатуда. «Мың өліп, мың тірілген» халқымыздың мәндайының соры бес елі күйде бұл жалған фәниден бағы жанбай өте ме деп қауіптенемін. Бабаларымыз көксеген тәуелсіздікке ие болдық деп бөркімізді аспанға атып қуанганымыз кеше тана секілді еді, «кемеңгер көсеміміздің» даналығымен халықпен ақылдастан Кеден Одағының құрсауына қыстырылып қана қоймай, ол аздай Еуразия Одағына мүше болып алдық.

Аталарымыз айтқандай «көрпене қарап көсіл» деген баталы сөзді ескеріп, ягни өзімізben денгейлес өзбек, қыргыз, тәжік, түрікпен ағайындармен әу бастан 1990 жылдардың басынан экономикалық аймақ құрып, ортақ ақша шығарып бірлесе сауда-саттықты дамытқанымызда қазіргідей кымбатшылықты дағдарыска ұшырамас едік қой.

Ең негізгісі әлемдегі сол кездегі төрт ядролық қаруны мемлекеттердің бірі. Ислам елдерінің арасындағы жағынай айбарлы ел едік. Н.Назарбаевтың өзінін білермендігімен әп-сэтте қарусыз да қаунарсыз елге айналып шыға келіп. «Байқоңыр» Фарыш айлагын жауып тастаудың орнына басыбайлы орыстарға беріп қойдық. Сөйтіп, бейшара әлжуаз мемлекетке айналғанымыз соңша, тіптен өткен жылғы апатка ұшыраған «Протон» зымыранының 600 тонна улы гиптелінің ата-жұрттымызға келтірін, мемлекеттік комиссия аныктаган 13 миллиард теңделік залалын Ресей үкіметінен өндіре алмай пұшайман халде отырмыз. Аса қуатты ядролық қаруларды көптеген елдін басшылары өзімізде сактауга каржылай комектесетінін айтқан да еді. Қорқатын ешнөрсе жоқ, керек болса қорғанысты қалқан ете НАТО әскери блогына кіруіміз қажет болатын. Іргелі, экономикасы дамыған Түркия елі де сол одакқа байырғыдан мүше емес пе? Анадені өлінен неге үлгі ала алмадық? Бізben қатар тәуелсіздікке ие болған Прибалтика елдері НАТО құрамына еніп тे алған жоқ па? Енді олар ешкімнен де қауіптенбейді.

Масқаралығымыз сол соңғы кезде қорғаныс салаларымыз қожырап, ел сенген аттөбеліндегі генералдар бірінен соң бірі жемкорлықпен шатынын абырайлары айрандай төгіліп жатыр. Осындағы мүсөнір де мүшкіл халде тұрып, бетін аулақ қылсын, соғыс орі тұтана қалса, Отанымыз қалай қорғалмақ?!

Қазба байлықтарымыздың талан-таражға ұшырауы ертегі күні тәуелсіздігімізге қауіп төндірмейді ме?

Н.Назарбаевтың өмір бойғы кешірілмес қателігі, жекешелендіруді солакай саясатпен жүргізе отыра, өндістерді тұралатып қоймай, еліміздің тыныс-тіршілігі ауыл шаруашылығын ұлken күйзеліске ұшыратты. Яғни, жергілікті ұлт өкілдерінің 80-90 пайызы тұратын ауылдардың ту-талакайы шығып халықтың басым көпшілігі жұмыссыз қалды. Ал, Жаратқан иеміз тарту еткен қазба байлықтарымыздың қызығын кімдер көруде. Қара алтынымыз Батыс елдері мен, Ресей, Қытайға, мысымызың көрістерге, көмір-теміріміз үнділік Митталға, тағы басқалардың иеліктеріне өтіп, хан-таларапайға түсті. Тіптен, қаракөз сәбілерімізге дейін шетелдерге сатылып кеткен жоқ па? Ертегі күні келешек ұрпағымыздың алдында не деп акталамыз, оларға қай бетімізben қараймыз. Бізде сатылмаган не қалды? Орасан зор қазба байлықтарымыз бола тұра шет елдерге 150 миллиард АҚШ долларындағы қарызбыз. Бізді жеті ұрпағымызға дейін басқаларға борыштар қыла жебірейілдер мен қысық көз көріс-қытайларды жарылқап қана қоймай қыздары-күйеу балалары, жақын-жұрагаттары қисапсыз байып алған пәтшағарлар қысылтаяңды қыспақ таянғанда батыста әу-бастан дайындалып қойған зәулім де сәүлетті сарайларына тайын тұратындары айтпаса да түсінікті. Қазба байлықтардың тубі көріне бастағаннан-ак, сол ұлангайыр қарыздардың қайтарымы ретінде шығыстан Қытай мен Корея, солтүстікten Ресей, батыстағы алпауыт елдер жан-жақтан анталай басып қалып «Мәңгілік елге» айналғалы тұрган еліміз беріміздің ту-талакайын шығарып тастанмайды ма деген қауіп, жатсам да тұрсам да маза бермеуде.

Тәуелсіздігімізді қайтсек аман сақтап қала аламыз!

Алды-артымыз бен жан-жағымызды сараптан-сараптай пайымдасақ, еліміз бүгінде жар басынды қалт-құт етіп әзер түрғандай. Арамызды базбір ағайындар Президентіміздің ұстанып отырган саясатын бас не қолдап, соңғы кезеңдерде Қырғыз, Украина еліндегі болын жатқан жайттарды бұзакы-бұлшілердің әрекеті кейінде бағалауда. Ондағы ұлтжанды азаматтардың өз елдерінің тұғырлы тәуелсіздігі мен болашағы үшін жанын сала күресетіндерін, тіптен саясаттың керегі не, тыныштықты сақтап түрған Нұрекен деп, каперлеріне алмайтыны өкінішті-ак. Ауылдағы бетке ұстар азаматтардың кайбірі өздерінің қызметін жоғарылату үшін тасаға жасырының алып біреудің қолымен от көсеп, өзіне жақпайтын азаматтардың үстінен арыз-шағым ұйымдастырумен ел арасында іріткі салып жүргеніне мәз.

Ал, өз ұлтимыз негізін қалаған еліміздің кемел келешегін қайтсек аман сақтап, жаксартамыз деген озекті жайларға бастарын қатырғысы келмейді. Өзіме келесем, ширек ғасырға жуық когамдық жұмыстармен айналыса жүре аудан, облыс әкімдерінің де келеңсіз әрекеттерін ашық сынап отырдым. Тіптен, Президентіміздің де ағатты қателіктерін БАҚ беттеріне еш бүкпесіз жарқыратада көрсетудемін. Шыли қаттылау жаздым ба, 2005 жылы қантардың қаңғаған түні (үш әріп тыңшыларының ұйымдастырумен) шырт ұйқыдамыз, үйімнің терезелерін шағып, шөлмектегі жарылғыш судың кепен бала шағаммен қосып жарып жібермекші болды. Жарылғыш іске қосылмай аман қалғанбыз. Ауылдағы каранайым гана менің оміріме қастандық жасай алмаганмен коп ұзамай Алтынбек пен Заманбек бауырларымыңдың

енегелі ғұмырлары зұлымдықты қастандықпен қылды емес пе?

Бұл қылымсты әрекеттер халқымыздың қойдан да жуас момындығымен қоса, немікүрайлы-салғырттығының арқасында жүзеге асын жатыр. Осыны тиімді пайдаланған билік халықты жайғана жабайы тобыр көріп, ойларына келгенін істеуде. Тәуелсіз ел болып қалғымыз келсе жұртшылық болып Президентіміз Н.Назарбаевтан:

1. Еуразиялық Одақтан тезірек бас тартуға;
2. Келешек ұрпағымыздың несібесі - қазба байлықтарымыздың талан-таражға ұшырауын дереу тоқтатып, шет елдегі офшорлық банктер мен қалтарыстарда жасырынған жүздеген миллиард АҚШ долларын елімізге қайтарып, 17 миллион халықтың есепшоттарына тең бөліп аударуга;
3. Жоғары жалакы алатын шенеуніктер мен қарапайым еңбек адамдары арасындағы аспан мен жердей қаражат айырмашылықтарын тәсестіруге;
4. Жергілікті және аудан әкімдерін. Мәслихатпен бірге Мәжіліс Депутаттарын бүкілхалықтық тұрғыда әділ де демократиялық жолмен сайлап тұруға, жұртшылыққа ешқандай пайдасы жок Сенатты қысқартуды талап ету ауадай қажет.

(БАҚ күралдарына жіберілгенімен жарияланбады).

АҚИҚАТТАН АТТАУ АР-НАМЫСТЫ АЛАСАРТАДЫ

Желтоқсан көтерлісінің ызғары Мойынқұмды да шарыны

Әлем картасына бетбұрысты өзгеріс енгізуге себепкөр болған әрі тәуелсіздік туын тұңғыш рет желбіреткен қасиетті де қасіретті 1986 жылғы Желтоқсан көтерлісіне 28 жылға аяқ басыпты. Бабалардың көксеген көкжүекті арманы жолындағы киелі көтерлісті Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбирадай ондаған боздактар қыршынынан қылса, бірнеше жұздеген азаматтар жазықсыздан-жазықсыз қудаланып, тіпті теміртордың аңы дәмін татқан жоқ па? Өткен ғасырдың 1980 жылдарының соңынан бері осы уақытқа дейін даңқты жерлесіміз, көтерліс құрбаны Қайрат Рысқұлбековты жөнсіз жағылған жалалардан актай отыра оның рухын құрметтеу мақсатында қөнтеген іс-шараларға мұрындық бола алдық. Солар жайлы таркатып айтсам:

1987 жылы Мойынқұм ауданы ұстаздарының тамыз мәслихатында сол кездегі С.Киров атындағы орта мектептің (Бірлік ауылы) мұғалімі Сейткерім Қожаназарұлы мінберде жайғаскан облыс пен ауданның атқамінер-дөкейлерінен қаймықпай тар капаста тергеуде жатқан шәкірті Қайраттың жазған хаттарын қонына ұстап Мәдениет үйінде жиналған 400-ге жуық ұстаздар қауымына оған тағылған ауыр ату жазасын женилдету жайлы үндеу көтереді. Соңда мінбер төріндегі Жамбыл облыстық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің менгерушісі Жандар Кәрібаев мырза:

- Выступление С.Кожаназарова расчитано для дурачков - деп мұғалімдердің барлығын оған карсы

көяды. 1988 жылы 21 мамырда Қайрат Семей түрмесінде құпия жағдайда қаза болғанда үш әріп құйыршықтары оның туыстарын ол жаққа жібертпеуге жанталасады. С.Қожаназар түрме басшысы Кутъко дегенге қылмыстық іс козгау туралы жеделхат жібертеді. Сәл кейінрек ол Желтоқсан оқиғасын зерттеу жөніндегі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінде құрылған комиссияның тәң төрағасы Қ.Мырзалиевке Қайратқа қатысты құжаттарды тапсырады. Марқұм Қадыр аға: - Радиодан сөйле, қоғамдық қор құрындар, деп кенес береді. Секенің 1990 жылы радиодан айтқан Қ.Рысқұлбеков жайлы пікірлері әфирден 2 жыл өткен соң ғана берілді.

Қайрат қорының құрылуы

Катардағы қарапайым жүргізуші екендігіме қарамастан 1988 жылдың қыркүйегінде Мойынкүм аудандық партия комитетінің хатшысы мен "Көктерек" совхозы директорының арасындағы сыйбайлар жемқорлық әрекетті әшкерелеп, олардың қызметтерінен кетіп, лайықты жазалануларына тікелей әсер еткеннін. Сол кезден кейін С.Қожаназар мени жаңына жақын тарта бастады. Көбіне Қайраттың аянышты тағдыры туралы ақылдасып тұратынбыз. Кеңінен келісе келе 1991 жылы Ұлы Наурыз мерекесінде Бірлік, Биназар, Жасұлан ауылдары тұрғындарының басқосу жиынында Қайрат Рысқұлбеков атында қор құрып, төрағалығына сайландым. Содан бері жастарымызды отансүйгіш рухта тәрбиелеуде біршама ігі істер атқара алдық деп, мақтанышпен айта аламын. Атап-атаң айтсам:

1. Тұған ауылы Бірліктегі орта мектелке Қайрат Рысқұлбеков есімі беріліп, алдына белгітас қойылды. Ол 8 жыл оқыған Шу ауданы, Төле би ауылындағы

С.Шәкіров атындағы орта мектепте такта тас орнатылды.

2. Кіндік қаны тамған Отанында ескерткіштің тұрғызылды.

3. Туған ауылындағы Гагарин көшесі мен Алматындағы Обручев көшесі Қайрат Рысқұлбеков есімімен аталды.

4. Ұлтжанды да өнегелі қасиеттерімен көзге түсken қазақ жастарына Қайрат Рысқұлбеков атындағы сыйлық тағайындал, лайықты иелеріне тапсырылды.

5. Сондай-ақ, Семей, Тараз, Алматы, Арыс қалалары мен Мойынқұм, Шу аудандарында өткізілген ақындар айтысы мен спорттық жарыстарға Қайрат Рысқұлбеков атындағы жүлделерді белгілең тапсырдық.

6. Алматындағы сәулет-құрылым Академиясында, Семей қаласындағы Қ.Рысқұлбеков атындағы №33 мектепте, Шу ауданындағы Қайрат 3 жыл оқыған С. Шәкіров атындағы орта мектепте мұражай бөлімдері ашылып, Төле би ауылындағы тарихи өлкестану мұражайында оған арнайы бүрши ұйымдастырылып қаһарман ініміз туралы деректі құжаттар жинастырылды.

7. 1999 жылдан бері Тәуелсіздік күні қарсанында төлебилік жаттықтыруышы Марат Тілеуқұловтың табандылығымен өткізіліп келе жатқан шығыс жекпе-жегінен жастар мен жасөспірімдер арасындағы Халық қаһарманы - Қайрат Рысқұлбеков атындағы республикалық турнирдің ойдағыдан өтуіне атсалысадамыз.

Кейінгі кезеңдерде Шу қаласында өткен жылдары пайдалануға берілген №40 орта мектепке жас боздактың есімін бергізу жолында енбектенудеміз. Және де түрлі деңгейдегі басқосуларға катысын, қаһарман ұлдың ұлтжанды да өнегелі ғұмырын көпшілікке насиҳаттаудамыз. Сондай-ақ, Желтоксан құрбандарына Алматыда мұражай ашып, сәулет-құрылым Академиясына

Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың есімін беру туралы көптен бері құзырлы орындарға қозғау салып келеміз. Жоғарыда аткарылған іс-шаралар айтып, жазуға оңай корінгенімен еркіннен сөз естіп, табандарымызды тоздырып, жүйкелерімізді жұқартуға тура келді. Эу бастан-ақ, туган ауылындағы С.Киров атындағы орта мектепке жас қыршының есімін бергізерде көп қиналдық. Сондай-ақ, 1992 жылы кіндік қаны тамған ауылы Бірліктегі (Мойынқұм ауданы) ескерткіш тұрғызыарда да оған демеуші іздең, онтүстік астанада жаяу-жалпылай, талай мекеменің табалдырығынан аттауға тура келді. Сәтіменен Құдай ондал Төле би банкісінің төрагасы (1-топ мүгедегі) Мамырбек Әбдірахмановты жолықтырдым. Мамырбек ініміз 1992 жылы 10 қыркүйекте салтанатпен шымылдығы түрліген ескерткіштің құнын төлеп қана қоймай, жаңа үйге қоныстанған Қайраттың туыстарына байгазы ұсынып, мектебінің озат окушыларына Төле би мен К.Рысқұлбеков атындағы стипендия тағайындауға қомақты қаражат бөліп нағыз ұлтжанды азамат екендігін танытты. [Өкінішті «Ономастика» қағидасының жаңа талабына сай Шу ауданында Халық қаһарманының есімі екі-үш көшे мен бір ауылға берілуіне байланысты N40 мектепке Қайраттың аты берілмеді].

Сондай-ақ ұлтжанды да өнегелі қасиеттерімен ерекшеленген қазақ жастарына Қайрат атындағы сыйлық тағайындалғанда да сабыла демеуші іздеуге тура келді... Мойынқұмдық У.Мансұров пен Ү.Бекбаев, алматылық О.Масатбаевтар жомарттық танытып алғашқы сыйлықты Омбыдағы қазактың “Мөлдір” мәдени орталығының төрайымы Алтынай Жұнісова қарындастырылғанда 1993 жылдың желтоқсанында Алматыдағы Орталық концерт залында өткізілген “Желтоқсан жұлдыздары” кешінде салтанатты жағдайда тапсырдық.

Қайраттың қазасын аныктау

Желтоқсан көтерілісі десе, алғашқылар катарында Қайрат Рысқұлбеков аталауды. Өйткені касіретті Желтоқсан мен Қайратты бөліп-жаруга болмайды. Себебі Қайрат Желтоқсанның алтын діңгегі іспеттес. Сондыктан Қайрат көтеріліске катысқан жастардың жиынтық тұлғасы (образы) сияқты. Сол себептен зымияның құйтырқы қиянатпен оған адам өлтірді жаласып жауып ең ауыр- ату жазасын тағайындаиды. Дейтүрганменен өркениетті елдердің зиялды қауым өкілдері сол кездегі Кеңес Одағының қөсемдері М. Горбачев пен А.Громыкова Қайраттың жазасын жеңілдету туралы жеделхаттар жібергендіктен ауыр жаза амалсыздан 20 жынға ауыстырылады.

Соған карамастан Жоғарыдан арнайы ұйымдастырылып, Семей түрмесінде жұмбак жағдайда қайтыс болған Қайратты өзіне-өзі қол жұмсады-га ыңғайлаш, кейінірек оның туыстарына Жоғарғы Соттың шешімімен “құнын” төлегенсіп, бүркемелі істерін жыны жауып қойғылары келді. Біз бұған келіспедік.

Көптеген әуре-сарсаннан соң, Қайрат Рысқұлбеков жатқан Семейдегі СЕ-165-1 түрмесінің 21-камерасына 1993 жылдың шілдесінің сонында бірнеше азаматтан кіріп, Қайраттың мәйітін қараған дәрігер-сарапшы Болат Шалағановпен пікірлесе келе, оның өміріне қастаңык жасалғанын анықтадым. Қайраттың жанына қосарлана қамалған бірнеше мәрте сотталған қанішер Власенко [ол да кейінірек белгісіз себеппен қайтыс болынты] дегеннің қолымен Қ.Рысқұлбековтың таңты тәтті үйқысын пайдаланып қылқындырылып әрі жастықпен тұншықтырылып өлтірілген. Бұл жөнінде “Азаттық” радиосында, “Қазақстан-1”, “Хабар-2” телеарнасында,

“Ер намысы-ел намысы”, “Қайрат және Желтоқсан көтерілісі”, “Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік” кітаптары мен “Жас Алаш”, “Айқап”, “Ақ жол” т.б газеттерде жан-жақты айтылып жазылды. Осыдан кейін ғана сен қозғалғандай болды.

Қайрат Рысқұлбеков мектебінің ұстаздарымен ақылдастып, Президент пен Жоғарғы Кенеске, сондай-ақ Бактарға наразылық үндеулер мен хаттар жолдадық. Бізді қолдан Желтоқсан комитеті мен елжанды азаматтар құзырылы орындардан Қайратқа Халық қаһарманы атағын беруді талап етіп жатты. Нәтижесінде 1996 жылдың 9 желтоқсанында Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қайрат Рысқұлбековке “Халық Қаһарманы” атағы берілді.

Алматы «ОТАУ» телебағдарламасы мен “Егемен Қазақстан” газетіндегі Қайрат жайлышерттеген жаңсақ пікірлер

Бұл мақала жазылмауы да мүмкін еді, егер-яки өткен 2013 жылдың 16 желтоқсанында Алматы “ОТАУ” ТВ телеарнасынан кешкі 20.00 мен 22.45 уақыт аралығындағы “Бабалар аманаты” бағдарламасын көрмегендеге. З сағатқа жуық уақыт бойы берілген хабарда Қайрат Рысқұлбековтың Желтоқсан көтерілісі күндеріндегі іс-әрекеттері толыққанды емес шикілеу дүмбіlez күйде айтылғандай ұшқары әсер қалдырыды. Осы хабарды ұйымдастырып басы-қасында жүрген Қайрат Рысқұлбековтің інісі Талғат Ноғайбайұлының тете бауырының ауыз толтырып айтартықтай ерліктерін небәрі 20 жасында көрсеткенін айғақтайдын деректерді білмегеніне таң қалудамын.

Ал “Егемен Қазақстанның” 25 желтоқсанындағы санының 11-бетіндегі “Намыс дауылы” айдарымен

берілген сұхбатында желтоқсаншы Құрманғазы Айтмырзаұлы Қайрат Рысқұлбеков туралы: "Ол көпшілікті үйымдастыруға қатыспаган. Аланга шықкан 40 мың адамның бірі ғана. Бірақ батырлығы бар, рухани дүниесі мықты жігіт, деп пікір білдірген. Осыларға байланысты, Талғат Рысқұлбеков пен Құрманғазы Айтмырзаұлы інішектердің назарына мына нақтыны деректерді ұсынууды жөн көріп отырмын, егер де қаперлеріне қабыл ала алса.

Әу баста ана қауымын пір тұта, каракөз қыздарымызды қорғаймын деп алаңға шықкан Қайраттың бір бойжеткен қарындасты (шіркін, сол қыз аман болып, хабарлассағой!) ұмытпасам Алмабеков деген милиция шашынан сүйреп бара жатқан жерден құтқарып алғандығы жайлы "Бабалар аманаты" телебағдарламасында айтылғандының жоққа шығара алмаймын. Сонда да сол хабарды үйымдастырушылардың айтуынша Қайрат қолына таяқ ұстап жүргендіктен құқық қорғаушылардың назарына түскен деп келтіреді. Менінше сол күндері жалғыз Қайрат емес, өзі-өзін корғау мақсатында қолдарына таяқ ұстағандардың жетерліктеи болғанын сол киелі көтеріліске қатысқандар растайды. Екінші жағынан қарағанда Қайрат көше бұзықтарының бірі сиякты екендігіндегі әсер қалдырады.

Менің мұрагатымда көптен бері сактаулы нақты дерек бар. Дәлірек айтсам, 1991 жылы 12 желтоқсандағы "Атамекен" газетінің 1-бетінде "Тірі куәлер не дейді" айдарымен жарыққа шықкан сол кездегі студент Г.Насыровтың: - "Маркұм Қайрат аланда жиналғандарға: - Жігіттер, үш күнге шыдайық. Үш күннен соң біздің дауысымыз Біріккен Ұлттар Ұйымына жетеді". - деген жан дауысы әлі күнге құлағынан кетпейді деген естелігі бекерден-бекер айтылмаған. Қайраттың осы үндеуден кейін ғана "тыңшылардың" назарына іліккендігі анық.

Бұл әркімнің көлінан келе бермейтін ерліктің үздік үлгісі емес пе?!

Ал, өз өмірі қыл үстінде тұрған кандай адам өзге біреу үшін оны ара түсіп қорғай алады. Осы өнегелі де өрелі ерлік те Қайраттың тараптын орын алған болатын. 2000 жылдың басында Қайраттың туған күні 13 наурыз карсаңында Алматыдағы ұлттық сәулет-құрылыш Академиясында алқалы басқосу жиыны өтті. Қайраттың қорғаушы-ұстазы Сейткерім Қожаназарұлы екеуіміз арнайы қатысқанбыз. Желтоқсаншы ана Жансая Сәбитова мен 8 жылға сотталып, түрменің азы дәмін татқан, аталмыш оку орнының бұрынғы доценті Әркен Уақов сыйлы қонақ ретінде шакырылыпты. Көшпілік алдында Әркен аға ак жүрекшін ақтарыла: “Желтоқсан көтерілісінен кейін қанышезер тергеушілер мені Қайрат Рысқұлбековпен беттестіріп, мына адамды танисың ба, осы кісі емес пе, сендерді алаңға шығындар деп үгіттеген дегенде, Қайрат қаймықпастан: “Бұл ағайды танымаймын. Аланға өзіміз шыктық” деп мені ашық қорғады. Егер де ол басқалай айтқанда, Қайрат емес, менін ату жазасына кесілетінім айдан анық еді”, - деп тебірене көзіне жас алған болатын.

Өзінің қыршын ғұмырын тәрік ете аяулы ұстазын қорғау - ерліктің нағыз ересен үлгісі емес пе? Қайраттың осы өнегелі ерліктері туралы 2001 жылы «Өркениет» баспасынан жарық көрген «Қайрат және Желтоқсан көтерілісі» мен 2009 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан» апталығындағы «Желтоқсан көтерілісінің көсемдері кімдер?» атпен жарияланған мақаламда, 2011 жылы «Үш Қиян» баспасынан жарық көрген «Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік» кітабым мен облыстық, аудандық газеттерде де жарияланған еді.

Желтоқсан көтерілісі әлі де толық зерттелмеді

Кеңес Одағының сақалды саясатына әлемде алғашқы болып қаймықпай қарсы тұрған қазақ жастары 1986 жылдың желтоқсанында жанкешті ерлік үлгісін көрсете алды. Желтоқсан көтерілісінен соң көп ұзамай Кавказ. Прибалтика елдерінде де халықтық толқулар толқыны “Кереметтің көрінген Кенестер үйінің” керегесін айтартықтай шайқалтты.

Әттеген-айы әзіrbайжандықтар Бакуде орын алған қантөгіс үшін КСРО-ның сонғы көсемі М.Горбачевты сотқа сүйрелеп жатқанында желтоқсан құрбандарына бірден-бір кінәлі Бүкірбаевты біз әлденеше мәрте құрметті кошеметпен қонақшақырумен болдық.

Мына қаралы оқиғаны көпшілік біле бермейді. дегенменен аға буын өкілдерінің есінде қалған болу керек. М.Горбачевтың Қытай Халық Республикасына 1989 жылғы ресми іс сапары да қайғылы оқиғаға ұласқанын. “Мәртебелі мырзаның” екі жүзді әрекеттеріне наразылық танытып он мындаған студенттер Бейжиннің Тянь-Энь-Мин алаңына шыққанын. Қытай басшыларымен мінберге шыққан Михаилдың дереу Мәскеуіне кайтуға мәжбүр болғанын Орталық теледидар ашық көрсеткен еді. Атамекенге оралған кейбір оралманның айтуыша сол Тянь-Энь-Мин алаңы кып-қызыл қанға боялған. жүздеген жастар қыршынынан қылған екен. Осы канды оқиға әлі күнге дейін құпия қүйде қалып келеді.

Қытай Халық Республикасының Үкімет басшыларымен ауыз жаласқан М.Горбачев Бейжин алаңындағы көтерілісті Дянь-Со-Пинның реформасына қарсы үйымдастырылған дегенси бұрмалатқан секілді. Десе де басқа күн жетпегендей Қытай жастарының дәл сол Горбачевтың ресми іс сапарында наразылық танытқаны бекерден-бекер емес екені анық. Өйткені, кей деректерге

сүйенсек, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіндегі зорлық-зомбылықтар мен аюанды қылмысты әрекеттерді жасырын түрде түсірген бейнетаспалар “аспан асты елі” арқылы бүкіл әлемге таратылып кеткенін ескерсек, Қытай жастарының Горбачевке қарсы наразылық танытқанын кім жоққа шығара алар екен. Бұл жайт та жан-жақты тексеруді қажет ететін өте маңызды оқиға.

Жалпы алғанда Желтоқсан көтерілісі мен нақты мерт болғандар саны әлі де толықтай зерттеліп біткен жок. Қасиетті де киелі көтеріліс жан-жақты зерттеле сараланып бітпей жатып, тұп-тура 25 жыл өтер-өтпестен 2011 жылғы Жанаөзен қасіретінің орын алғанын қайтерсін.

14.02.2014 ж. №05. 29. 01. 2014 ж.
«Қазақтар XXI»

АНДАМАЙ СӨЙЛЕГЕН, АУЫРМАЙ ӨЛЕДІ

Мен 2000 жылы халықаралық “Жас Түркістан” журналының З-санында “Президентіміз бізді қайда әкелді?” деген мақала жариялаған едім. Кейіннен 2011 жылы Алматыдағы “Үш Қияқ” баспасынан жарық көрген “Қайрат. Желтоқсан. Тәуелсіздік” кітабында да осы мақалам қайтадан жарияланды. Онда тұнғыш Президентіміздің он жылдың ішіндегі атқарған еңбегі мен жіберген ағаттықтары:

1. Ауыл шаруашылығының тоз-тозын шыгарғаны;
2. Елімізде сыйбайлар жемқорлықтың белең алғаны;
3. Жер-анамызға катысты теріс көзқарасы жайлы;
4. “Байқоңыр” ғарыш айлағын басыбайлы Ресейге беріп жібергені, т.б. туралы жазғанмын.

Бұл-бұл ма, сорақының-ең сорақысы 3-4 жыл өтпей жатып Нұрсұлтан Әбішұлы: “Қазақстанда, қазактарда

ешқашан шекара болған жок. Бүгінгі шекара шегінде ешқашан да мемлекеттілік болмаған" - деп дүйім жүртқа жар салғанын қайтерсің. Бұл ретте Н.Назарбаев 1456-58 ж.ж. алғашқы Қазак мемлекетінін іргесін қалаған Керей-Жәнібек сұлтандардан бастап соңғы ханымыз Кенесарыға дейінгі Қасым, Есім, Тәуке, Абылай іспеттес 30-шақты хандарымыздың 500 жылға жуық жерімізді, елімізді жан-жақтағы анталаған жаулардан қорғап, сақтап бізге яғни артындағы ұрпақтарына мұрага қалдырығанын қалеріне алғанды жөн санамады. Айтпай кетпеуге болмас, біз көптен бері киелі Шу ауданында алғашқы қазақ хандарымыз Керей мен Жәнібекке ескерткіш орнату жайлы құзырлы орындарға жазып та, жергілікті шенеуніктерге айтып та келеміз. Бірақ онды нәтиже шығатын емес. Оларға да кінә артуға болмас, жоғарыдағы көкелері, біздің жерімізде бұрын-соңды мемлекет болмаған, Қазақстан Республикасын 1991 жылы тек, менің өзім ғана құрғанмын деп жүрсе.

Биылғы жаздың соңына таман Шу ауданының орталығы Төле би ауылында таңқаларлық ерекше оқиға орын алды. Орталықтағы саябактың сәбілер ойнайтын алаңқайына жақын тұста" Ататүріктің көлемді ескерткіші аяқ астынан орнатылып, жан-жағы абаттандырылып жөнделу жұмыстары жүргізіліп те қойды. Осыған байланысты 11 тамызда [жоғарыда да жазғанмын] Шу ауданының әкімі Б.Нұркеновке:

-Балалар ойнайтын алаңқайдың жанына Ататүріктің ескерткіші қандай құзырлы орындардың рұқсатымен орнатылып жатыр? Мен алғашқы болып тәуелсіздігімізді таныған Түрік халқы мен көсемдері Ататүрікті кемсітіп отырған жоқын. Дей түрганменен алғашқы хандарымызға ескерткіш тұрғыза алмай жатқанымызда ертенгі күні күрд халқы өкілдері мен славян қауымдастығы Оджалан немесе 2-Николай патшага

ескерткіш тұрғызамыз десе, оларға да рұқсат берे бересіздер ме? - деген пікірде ресми хат тапсырғанмын.

Жауап болмағанменен ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімі 30 тамыз Конституция күні қарсаңына жоспарланған шара өтпей қалды. Өйткені, сол ескерткішке байланысты тиесілі орындардан рұқсат жок болып шыққан.

Хатыма орай жауап берілмеген соң, жуырда аудан әкімінің орынбасары Е.Аймамбетовке жолығуыма тұра келді. Ербол Еркінұлы: "Аудандағы түріктөр қауымдастығының өздері каражат жинап, қыргыз елінен мұсіншілер шақыртып соларға жасаттырды. Рұқсат ату үшін құжаттары Астанаға жіберілді. Рұқсат келгенше ескерткіштің жан-жағы темір қаңылтырмен қоршалды. Астанадан жіберілетін құжатқа сәйкес басқа жаққа алып кетуі де мүмкін. Түркияда біздің белгілі тұлғаларымызға көшелерге есімдері беріліп, ескерткіш те тұрғызылуда. Халықаралық саяси ахуал шиленісе түскенде түркі елдерін бауырымызға тартқанымыз жөн емес пе дегендей жауап қайтарды".

Ербол ініміздің айтқаны жөн де шығар. Десе де "Орыстан досың болса жаңында айбалтаң жүрсін" деп аталарымыз айтқандай, В.Путиннің жуырда қазақ халқына байланысты жариялаған мәлімдемесі нені білдіреді? Бетін аулақ қылсын, басымызға күн тұа қалған жағдайда нанымызды жең, суымызды ішіп отырган өзгедей ұлт өкілдері біздің сойылымызды соғып жақтаса алады ма? Әй, қайдам, түркі халықтарының бірегейі деп жүрген шешен содырларының Украина еліне қарсы соғысын жүргенін қалай түсінуге болады?!

Барлық кінәні Лимонов, Жириновскийлерден ғана емес, болмаса құдай қосқан қосағы Людмила айтқандай итімен әуейі болып, мінез-құлқы бұзылған В.Путиннен көрмеуіміз керек. Осыдан он шақты

жылдай бұрын ойламастан аузына келгенін айта салған Президентіміздің өзінде ме бар гәп, дең түсінгеніміз дұрыс болар. Бұл келеңсіздік жайлы Үкіметтегілер де. Парламент Депутаттары да үнсіздік танытуда. Бір гана Жасарал Куанышшәлинге балама бола алмайтын зиялы қауым өкілдерінен не үміт, не қайыр.

Сондыктан да “Есің барда, елінді тап” демекші, халық болып ақыл-есінде ауытқуы бар қанқұмар адам басқарыны отырган Ресейден, ягни Еуразиялық экономикалық одақтан іргемізді ажырату жайлы жеделдете қам жасағанымыз жөн шығар.

15. 08. 2014 ж.

ШУ ӨҢІРІНДЕГІ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ҚАЛАЙ ТҰРАҚТАНДЫРУҒА БОЛАДЫ

Жақсының жақсылығын неге айтпасқа

Жасыратыны несі бар, соңғы жылдары облысымыздың қара шаңырағы - «Ақ жол» газеті қалың өкірманынан оқшауланып жазарынан жаңылып, тұра жолынан ауытқып адаса бастағандай еді. Ашығын айтсақ несі айып, көпшіліктің бағына орай. басылымың бас редакторлығына Көсемәлі Сәттібайұны тағайындалысымен «Ақ жолдың» айдарынан жел есіп, бет-бейнесі ажарланып қана қоймай мазмұндылығымен қатар өміршен де өзекті мәселелерді қозғай бастағанына дән ризамыз.

Әсіресе, 10 шілдедегі С.Әлібайдың «Шу өңірінде азық-түлік неге қымбат» айдарымен жазған мақаласы мені бей-жай қалдыра алмады. Сапарғали бауырым киелі Шу аймағындағы елдің тыныс-тіршілігін жан-жакты зерттей отыра нақтылы бұлтартпастай дәлелдерді алдыга тартыпты. Шындығында бүгінгі таңда ауданымыздығы

күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдерінің күннен-күнге қымбаттаң бара жатқаны жүргішілдіктың жандүниесіне кері әсерін тигізуде. Расында С.Әлібай атап-атап жазғандай ауданымызда сыйымдылығы 620 млн. текше метрлік «Тасөткел» су қоймамыз бен 25 мың гектардан астам суармалы жеріміз пайдаланып жатқанда, сондай-ақ 300 000-ға жуық қой-ешкіміз бен 50 мыңдай ірі қара, жылқы, түйлеріміз өріп, жайылыш жүрсе де азық-түліктің бәрі неге қымбат?

Әсіреке, астың атасы саналатын наң мен сол наң өнімдері бағаларының аспандан тұрганына еріксіз кайран қаласың. Меніңше, наң бағасын тұрақтандырудың бірден-бір жолы бар. Шындаң қолға алынса бұл өзекті іс бірер жылда-ақ жүзеге асады деп, сеніммен айта аламын. Нактылай айтсам, Төле би ауылының іргесіндегі Бірлік кентінде 1975-76 жылдары пайдалануға берілген бір мезетте 110 мың тонна астық қабылдай алғатын алып элеватор қалқайып бос тұр. Бұтінде бұл ғимарат кімнің меншігінде екендігі беймәлім. Дейтұрганымен кезінде осы элеватор жайлы журналистік зерттеу жүргізген болатынмын.

Сол кездегі аудан әкімі Б.Рысмендиевтың облыстық «Ақ жол» газетінің тілшісі Б.Бекжанға 2002 жылы 12 желтоқсанда берген сұхбатында: «Сонымен қатар, бірнеше жыл жұмыссыз тоқтап тұрған Бірлік астық қабылдау пунктін "KASEXIM GRVP" 38,0 млн. теңгеге сатып алып, 120 адамға жаңадан жұмыс орны ашылып, бүтінгі таңда астық өнімдерін қабылдай бастадым, дегені әлі күнге жадымда. Сол кездегі астық қабылдау пунктінің бастығы, ұмытпасам Есіркепов Бақберген деген мырза болатын. Оқініштісі элеватор бірер жылдай ғана жұмыс істегенімен тоқтап қалды. Содан бері қаңырап бос тұр.

Еліміздегі элеваторлардың санаулыларының бірегейі ғана, облысымыздагы бірден-бір алып ғимарат кезінде

небәрі 38,0 млн. теңгеге, яғни үйреншікті колданыстагы сол кездегі АҚШ долларына шақканда 250 мың долларға ғана сатылған болатын.

1 қыркүйектен басталатын [жылжымайтын мұлтқар құжаттарының женілдікпен заңдастырылатын] бүкілхалықтық науқанды пайдалана отырып өлеваторды мемлекет меншігіне кайтарып, тіpten болмаса жүргөті таза, халыққа жаңы ашиды деген Шу өңірінен шыққан іскер азаматтардың біріне заңдастырып алыш беруге жағдай жасап, Солтүстікten жылма-жыл колжетімді бағамен жүздеген мың тонна бидайды тасымалдан дайындаса Шу мен көршілес аудандарды ғана емес бүкіл Жамбыл облысын арзан нан өнімдерімен қамтамасыз етуге болатыны айдан анық. Мен «аспандагы айды әперіндер»-деп әрі жаңалық ашып отырган жоқпын. Бұл қолдан келетін шаруа емес пе? Тек халық сенім артын отырган лауазым иелерінің құлшынысты ынта-жігері болса болғаны.

Сонымен қатар, өзгедағы азық-түлік өнімдерінің бағаларын да арзандата отыра тұрактандырудың жолы табылатынын ескеrtкім келеді. Осы жайлы 2012 жыны 28 мамырда ауданның сол кездегі әкімі I. Тортаевқа ұсминыс хат жазғаныммен онды жауап болмады.

Құдандалы іссапармен Сарыарка төсіндегі Сатбаев қаласына жиі катынаймын. Қымбатшылықты дағдарыска орай Жезқазған аймағында халық игілігі жолында айтартықтай камқорлы іс-шаралардың атқарылышы жатқанына көз жеткіздім. Жезқазған мен Сатпаев қаласының әкімдері соңғы жылдары тұракты тұрде әрсепі бі күндері ауыл шаруашылық өнімдерінің жәрменкесін өткізіп тұрады екен. Қой, сиыр, жылқы еттерінің бағасы арзан да қолжетімді, көкөністер онтүстік өңірлерден жеткізілетініне қарамастан базар бағасынан едәуір томен сатылады. Бағалар әкімдік қызметкерлерімен катан

тагайындалады еken. Осы себептен көпшіліктің қажетті азық-түліктерін тек сенбідегі жәрменкеден сатып алуды әдетке айналдырганына сүйсінесің де қызығасың.

Осы игі шараны өзіміздің киелі Шу өнірінде неге қолға алмасқа? Өйткені, ауданымызда мал да жеткілікті, ондаған мың гектарға бау-бақша өнімдері де егілуде. Соган қарамастан базар бағасы аспандап тұрған жоқ па? Шу ауданында ара-тұра жылына 2-3 мәрте азық-түлік жәрменкесі өткізіліп тұратынын жоққа шығара алмаймын. Соның өзінде жарнаманың жетімсіздігінен жұртшылық мерзімді уақытын аныктай алмай қалады. Сондықтан да арнайы бір күн белгіленіп, жәрменеке апта сайын өткізіліп тұrsa, халық та хабардар болып, тауар өндіруішілермен тығыз байланыс орнап, баға да бірте-бірте арзандап әрі тұрактанып қымбатшылықтың құрсауына тоскауыл қойылатыны ақыкат.

Әрине айтып, жазуға оңай болғаныменен бұл игі істерді жүзеге асырудың жеңіл шаруа емес екендігі де белгілі. Дегенменен «қалауын тапса кардың да жанатынын» қаперімізге алсақ еken деймін.

21. 08. 2014 жылы «Ақ жолда» жарияланып, коп кешікпей Шу ауданы әкімдігінің жауапты қызыметкері Н.С.Жақсыбаев мырза маган арнайы жолығын, Бірлік кенті злеваторын облыстық мәслихаттың бұрынғы депутаты Н.Ергешбай деген мырзаның сатып алып, оны кепілдікке қойып Банкіден қомақты қаржы алып қайтармагандықтан, солтың шешімімен астық қабылдау гимаратының «тұтқында» екендігін жеткізді.

ЕҢБЕГІҢ ЕЛ АУЗЫНДА ЖҮРЕР АҒА

Еленген туған елге еңбегімен,
Үлгі тұтар келешек өрнегімен.
Халқымның қайсар ұлы Мәкен аға,
Құттықтаймын 65-ке келгеніңмен.

Жүрмейтін халық десе жанын қорып,
Жасадың қының қунде жалғыз жорық.
Жұдырықтай жүрегің аттай тулап,
Іздегениң әділдік жолы болып.

Шырылдан желтоқсанды зерттегенің,
Сынақтан да сүрінбей өткен едің.
Кескілеп киянаттың қыл көпірін,
Жаңғыртып жан айқайы жеткен ерім.

Батырды ел қорғаны демей ме елде,
Корқак-дөкей жасқаның не дейді елге?!

Анықтап Қайрат жайлы қиянаттың,
Аштың сен құпиясын Семейде де.

Керей менен Жәнібек хандарыма,
Айналған ел мен жердің қорғанына.
Шырқырап ең ескерткіш орнатсақ деп,
Жеттік қой Елордада арманыңа.

Сіз журналист, біз болсақ ақынымыз,
Айтуға шындық жайлы қақылымыз.
Патриот болып өссін ұрпағыныз,
Өмірде басылмасын қарқыныңыз.

Жүзіңіз айдай болып жарқырасын,
Әрқашан домаласын өрге тасың.
Халқыңмен бірге соғып жүрегіңіз,
Тегінде ұзак болсын өмір жасың!

*Базарбай Асқартегі
мәдениет қайраткери. Төле би ауылы, Шу ауданы
16 қараша 2013 жыл.*



ТҮЙИН

Құрметті оқырман!

Осынау азғантай ғана еңбегіме көніл бөліп, танысқаныңызғашын жүректен алғыс білдіремін. Биылғы 2015 қой жылы той жылына ұласып: Қазақ хандығының 550, екінші жаһандық соғыстың жеңіспен аяқталғанының 70, Ата Заңымыз берген Халықтар Ассамблеясының 20 жылдықтары аталып өтілуде. Ұлттық мемлекеттігіміздің іргесінің қаланып, киелі Шу өнірінде ту тіккендігі мені де бей-жай қалдырмай, қызығушылықпен азды-көпті журналистік зерттеу жүргізуіме тұра келді. Кей сәтте ағаттық та жіберуім мүмкін, дейтұрганменен бұл еңбегім «мың өліп, мың тірілген» халқымыздың тарихының қалыптасуына «теніздің бір тамшысында» болса да үлес коса алса, мен үшін үлкен мәртебе. Екінші бөлімде әнші-серілігімен әрі балуандығымен атағы Алаш жұрттың тәнті еткен Балуан Шолақ жайты жайдан-жай қозғап отырған жоксын. 560 жылдан үлкен жан-жақтан анталаған жаулармен арпалысын жүре Керей-Жәнібек сұлтандар Қазақ хандығының туын қадап, мемлекеттігіміздің керегесін қалап, шанырағын көтеріп кеткен жоқ па? Ата бабалардың 5-6 ғасырдан сол ұлан-байтақ жерімізді корғап, аман-есен сактап келгені де ақиқат. XIX ғасырдың сонына қарай Ресей империясынан қоныс аударған қарашекпендердің өз әкелерінің жеріндегі шұрайлы өңірлерге орналасқан ата-бабаларымыздың қоныстарын тартып алғандарына Балуан Шолақтың наразы болып, отаршылдарға қарсы жан аямай күрескені белгілі. Оған бетпе-бет келуге жүрексінетін орыс-казактар Балуан Шолақ 1916 жыны ауылғына қайтып келе жатқанда Бұланды орманының қалың нұы тұсында қарсы алдынан атады. Осы оқтың зардабынан Балуан бабамыз 1919 жылы қайтыс болады. Ол аздай оның көрін казып актарып таба

алмағаннан кейін, баласы Исажарды да атып кетеді. Бұл не деген сүмдүк, не деген аюандық! Балуанға оқ атылған 1916 жылдан тұп-тура 70 жыл өткен соң, 1986 жылы Желтоқсан көтерілісінің басталғаны да ата-баба әруақтарының наразылы бүлқынысының әсері ме деген ойдамын.

Сол кездегі Үкімет басшыларының екіжүзді опасызыздығымен Қайрат Рысқұлбековтың өміріне қастандық жасалынып, қаншама боздақтарымыз қыршынынан қиылып, қаншама жастарымыз жазықсыздан-жазықсыз жазаланып, денсаулықтарынан айырылды. Тәуелсіздік алғанымызға да ширек ғасырға жуықталты. Ата-бабаларымыз мирасқа қалдырган ұланғайыр жеріміздің жер асты-үсті байлықтарымыздың ырзығын кімдер көруде? Жаңадан шыр етіп дүние есігін ашқан сәбілеріміз неге 8-9 мың АҚШ долларындағы «қарыздықтың қамытын» киуге мәжбур. Олардың қандай жазығы бар? Неге елімізде осы күнге дейін 5-6 әскери полигонның жұмыс істеп тұрғандары аздай, «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылатын Протон зымырандарының әсерінен киіктегіміз қырылып, малдарымыз ауруға ұшырай бастады. Халықтың келісімінсіз «Евразия» Одағына кіреміз деп, қымбатшылықтың құрсауында қалып, қаржы дағдарысынан Ұлттық теңгеміз құлдырағанның үстіне құлдырауда. Осындай келенсіздіктердің кесірінен жақын арада Тәуелсіздігімізден айырылып қалмаймыз ба деп те қауіптенемін. Тек, ешкімге жаманшылық тілемейтін «Қойдан да жуас» халқымызға Жаратқан ие жар болсын, демекпін!

Пікір білдіргісі келетін оқырман үшін байланыс телефоным: 8 701 140 93 31, 8 777 430 99 03

Мәкен Уақтегі

МАЗМУНЫ

Үрлағымызга аманат!	3
I. КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК ХАНДАР	
Астанадан орын табылмаса	10
Шуға орнатайық.....	15
Алғашқы Қазақ хандарының атымен атасак.....	17
Әлі де кеш емес	19
Қазақ мемлекетінін шаңырагын Керей мен Жәнібек хандардың көтергенін	
Президентіміздің өзі мойындағы.....	21
Керей мен Жәнібек сұлтандар Шу өңірінің Хантауында Қазақ хандығының туын тіккен!	23
Алғашқы Қазақ хандарының рухы қастерленбей, калай той тойланбак?!.....	31
Тарихымыз қашанға бұрмалана береді?!	33
Шу өңірі - қазақ хандарының ту тіккен мекені	39
Керей ханға кесене орнатылмай тұрып, калай той тойланбак!?	42
Той тойлаудан халыққа қандай пайда бар?	51
Хантауында қай хандар қайтыс болған?	54
Әз-Жәнібек хан Керегетаста таққа отырған.....	59
II. АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН БАЛУАН ШОЛАҚ	
Балуан Шолактың «жығылуы»	69
Бәйтеректі құлаткан, нән бұқаны сұлаткан.....	71
Балуан Шолактың рекорды 816 келі емес. 1 тонна 70 келі!	76
1070 келіні бүйім құрлы көрмеген	78
Балуан Шолактың казасы	82
Балуан Шолактың баласы	
Сталиндік лагерьде жазасын өтеді”	86
III. САЯСАТТЫ САРАЛАСАҚ...	
Аты аңызға айналған қазақтың Аманы!	89
Мақтай Сағдиевтің бір ғана шарапаты.....	92
Тауелсіздік мерекесін дұрыс тойлап жүрміз бе!?	94
Қазақстанға космодром кажет пе!?	95
Қазаки атауымен аталсақ.....	98
Ақиқатты шындық шынырауда жатпайды	100
Орыстан досың болса, жанында айбалтан жүрсін	102
Тәуелсіздігімізді қайтсек аман сактап қала аламыз!.....	105
Қайрат корының құрылуы	108
Қайраттың казасын анықтау	111
Алматы «ОТАУ» телебағдарламасы мен “Егемен	

Қазақстан” газетіндегі Қайрат жайлы зерттелмеген жаңсақ пікірлер	112
Желтоксан көтерілісі әлі де толық зерттелмеді	115
Андалай сөйлеген, ауырмай өледі	116
Шу өңіріндегі азық-түлік бағасын қалай тұрактандыруға болады	119
Еңбегің ел аузында жүрер аға	123
Түйін	125

Мәкен Үақтегі

Хантауы - қазақ хандығының бесігі
Кітап “ҰШ ҚИЯН” баспасының компьютер орталығында беттелді

Редакторы

Тех. редакторы

Махмут ҚОСМАМБЕТОВ

Құралай РЫСКАЛИЕВА

Жадыра МАХМУТҚЫЗЫ

Басуға 25.09.2015 қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{16}$ Қаріп түрі
 “Таймс қаз”. Көлемі 8 баспа табақ.
 Тарапалымы 300 дана. Тапсырыс № 88

Алматы қаласы, Райымбек даңғылы 60
 “Ұш Қиян” баспасының баспаханасында басылды.
 Тел: 393-29-38



**Уахов Фермебай
Жұмәділұлы (Мәкен Үактегі)**
ауылда өсіп, көп жыл сол
түған аймағында еңбек
еткен. 1990 жылдан
қоғамдық өмірге белсене
араласып, тіл, ел, жер
тағдыры туралы откір
ойларын ортаға салып жүр.

Аудандық, облыстық,
республикалық баспасоз
беттерінде 300-ге жуық
мақалалары жарық көрген.

Ұзак жылдар Қайрат
Рыскұлбеков атындағы
кордың төрағасы ретінде
елеулі іс-шаралар атқарды.
1999 жылы “Ер намысы - ел
намысы” 2001 жылы
“Қайрат және Желтоқсан
көтерілісі”, “Қайрат
танытқан қайраткерлер”,
2005 жылы “Халықтың
қайнары” кітаптарының
авторы.